

Баянғали Әлімжанов



Жанай мен ай

Астана 2018 ж.

Баянғали Әлімжанов

Жанай мен ай

Балаларға арналған өлеңдер, ертегілер, әңгімелер, пьесалар

Астана 2018 ж.

Әліппе өлең

А — а

А дегенім атаң,
Ақ тілекті батаң,
Ақыл сөзін тыңдап,
Ардақтай біл, ботам!

Ә — ә

Ә дегенім әжең,
Әлдилеген анаң,
Әлпештеген әкең,
Әспеттей біл, балам!

Б — б

Б дегенім білім,
Білім — жарық күнің,
Ашып берер саған,
Бар әлемнің сырын!

В — в

В дегенім вокзал,
Кісі толған көп зал,
Келіп қалса пойыз,
Вокзалдан тез қозғал!

Г —г

Г дегенім гүлім,
Көрдің неше түрін,
Гүлмен бірге сенің
Күлімдейді күнің!

Ғ —ғ

Ғ дегенім ғарыш,
Болса дағы алыс,
Қазақ ұшып барған,
Ғарыш бізге таныс!

Д —д

Д дегенім дәптер,
Дәптер тола ақ тор,
Дұрыс, таза жазып,
Төрт пен бесті ап кел!

Е —е

Е дегенім есеп,
Есеп қиын десек,
Неше болар екен,
Екі ешкі мен есек?

Ж — ж

Ж дегенім жолда,
Жаңғалақтау болма,
Жасыл жанса, жүгір,
Қарап сол мен оңға!

З — з

З дегенім зебр,
Тұяғы оның темір,
Шөп іздесе шөлде,
Кірмейді оған шөгір!

И — и

И дегенім ине,
Кіріп кетер, тиме,
Қадайды ғой әжең
Инеменен түйме!

Й — й

Й дегенім қайда?
Бар ғой қаймақ, майда,
Сайда жүрген ойнап,
Тайынша мен тайда!

К —к

К дегенім кітап,
Көп оқыған ұтад,
Күшті болсаң, кәне,
Кітаптан тез К тап!

Қ —қ

Қ дегенім қала,
Жан —жағыңа қара,
Қатар, қатар үйдің,
Қабаттарын сана!

Л —л

Л дегенім лағым,
Кезіп ауыл маңын,
Маңыраған кезде,
Бір тынбайды жағың!

М —м

М дегенім мектеп,
Кітабымды беттеп,
Мен өсемін оқып,
Мектебімде көктеп!

Н — н

Н дегенім наным,
Нанмен бірге әнім,
Наным менің нәрім,
Әнім менің сәнім!

Ң — ң

Ң дегенім аңдар,
Аңдар інді таңдар,
Қарға түскен ізден,
Аңның жолын аңғар!

О — о

О дегенім орман,
Жан —жануар толған,
Жеміс, жидек теріп,
Орман кезу — арман!

Ө — ө

Ө дегенім өзен,
Өзен бойын кезем,
Өзенде бар балық,
Өзім бірден сезем!

П —п

П дегенім пілім,
Көрсендер де түрін,
Қане, көрген кім бар,
Таудай пілдің тілін!?

Р —р

Р дегенде ретте,
Рет —ретімен бетте,
Дәптер, кітап, бәрін,
Ретсіз шашып кетпе!

С —с

С дегенім сурет,
Көрдің бе сен бір рет,
Сонша неге тәтті,
Суреттегі сүр ет?!

Т —т

Т дегенім талап,
Көңіліңмен қалап,
Талапты бол сен де,
Оқып жақсы сабақ!

У —у

У дегенім уыз,
Уыз жейді ауыз,
Уызына тойған
Қозы болар нығыз!

Ұ —ұ

Ұ дегенім ұлан,
Ауызында ұран,
Ту көтеріп тұрған
Ұлан нағыз қыран!

Ү —ү

Ү дегенім үкі,
Үлпілдейді түлкі,
Үп дегенде үкі,
Түлкі болды күлкі!

Ф —ф

Ф дегенім файл,
Поштамыз е майл,
Алыстан хат келсе,
Жылдам жауап қайыр!

Х —х

Х дегенім халық,
Оқып, білім алып,
Халық үшін іс қыл,
Бар күшіңді салып!

Һ —һ

Һ дегенім жаһан,
Жаһанда бар наһан,
Наһан — үлкен балық,
Деп айтатын атам!

Ц —ц

Ц дегенім цеце,
Улы маса десе,
Циркуль одан үлкен,
Әлденеше есе!

Ч —ч

Ч дегенде Чен бар,
Чукот деген жер бар,
Чита деген қала,
Чили деген ел бар!

Ш —ш

Ш дегенім шаршы,
Шаршыны тез салшы,
Шыны, шырша, шаштан,
Шы —ны тауып алшы!

Щ —щ

Щ дегенді тапшы,
Кітабыңды ашшы,
Бір —біріне қарсы,
Тұщы менен ащы!

Ы —ы

Ы дегенім ыдыс,
Шығарады дыбыс,
Ынтымақты үйде
Ыдыс тола ырыс!

І —і

І дегенім інім,
Бауырым ғой, күнім,
Қызықтаймыз оның,
Балдай тәтті тілін!

Э —э

Э дегенді ізде,
Көріне ме көзге,
Элеватор, эпос,
Бар ғой біраз сөзде!

Ю —ю

Ю дегенім ою,
Ойлап ойып қою,
Аю құсап маймақ,
Қою балға тою!

Я —я

Я дегенім аяз,
Мал тоңады ояз,
Аяз қысқан кезде
Су катады саяз!

6.10. 2015ж. — 9.12.2015ж.

Әліппе — жаңылтпаш

А — а

Арқалады апамды атам,
Арқалады апам мен атамды атан,
Атама атанымды арқандатам,
Атам мықты ма,
Атан мықты ма?!

Ә — ә

Әжемнің әжімі де әдемі,
Әзілі де әдемі,
Әдемі әуені мен әдебі,
Әлемнен тапайсындар,
Әдемі емес әжені!

Б — б

Балық Балтыққа барды,
Борсық балшықта қалды,
Балтыққа барған балық батыр ма,
Балшыққа батқан борсық батыр ма?

В — в

Велосипед, велик,
Қарай бермей телік,

Велик тепкен жақсы,
Жүйрік аттай желіп!

Г —г

Гүлім, гүлім, гүлде,
Күлімдеген күнде,
Гүлдеген не, күлген не,
Гүл ме, әлде күн бе?!

Ғ —ғ

Ғалам толған ғажап,
Ғарышқа ұшты қазақ,
Ғаламдағы ғажап қазақ па,
Ғарыштағы қазақ ғажап па?!

Д —д

Ды, ды, ды, ды, дың —дың,
Ді, ді, ді, ді, дүң, дүң,
Үні ме дабылдың,
Діңі ме қарағайдың ?
Бұл дүң —дүң қай дың —дың ?!

Е —е

Елп, елп еткен ебелек,
Көлп, көлп еткен көбелек,

Ебелекке елек керек пе,
Көбелекке көйлек керек пе?!

Ж — ж

Жабағы жанға жағады,
Жантайған жанын бағады,
Жабағы мініп жайдақтап,
Жайлауда балдар шабады,
Қойдың да жүні жабағы,
Тайға да іні жабағы,
Жабағының жағдайын,
Қане, кім тез табады?

З — з

Зу —зу —зу,
Зуылдаған ара,
Зың —зың —зың,
Ызындаған ара,
Бірі ағаш кеседі,
Бірі бал жинайды,
Зуылдайды қайсы,
Ызындайды қайсы?!

И — и

Иліп кеп инелік,
Үйге келді, тимелік,

Түйме қадай алмайсың,
Инелікті ине ғып!

Й —й

Мойынбайдың бойын,
Ойын билеп ойын,
Айпат ойнап, қоймады,
Таппады бір тойым!

К —к

Көктем кеп көкпеңбек,
Көктеді кепкен көк,
Көгертті жер жүзін,
Шуағын төккен көк!

Қ —қ

Қаз, қаз, қаз аппақ,
Қаз ақ болса, қазақ та ақ,
Қане, кім тез таппақ?
Қаз ақ па, қазақ ақ па,
Қызықтап, жаз тақпақ!?

Л —л

Лепсіде леп белгісі бола ма,
Лебізде леп белгісі бола ма?!

Леп белгісімен Лепсі тола ма,
Леп белгісіз лебіз оңа ма?

М — м

Маңмаңдаған марал
Маң далаға маңа ма?
Мамырлаған мамырда,
Мама қаздар тоңа ма?!

Н — н

Нөлдің мәні — нөл,
Нәннің мәні – нән,
Кәне, тауып көр:
Нөлдің мәні дәл ме,
Нәннің мәні дәл ме?!

Ң — ң

Таңат жаңғырыққа қайыңды көп жарады.
Таңғы жаңғырық жер жарады,
Таңаттың жаңғырығы қатты ма,
Таңғы дыбыстың жаңғырығы қатты ма?!

О — о

Ошыбай мен Осылай отын тасып,
Осы байдың өтіпті жерінің отын басып,

Ошағына жаққан отына қазан асып,
Ошаған бай қалыпты басын қасып!

Ө — ө

Өскен өңір — өз елім,
Өз елім — өзегім,
Өзіңнен бастадым
Өмірдің өзенін!

П — п

Пісте пісті,
Пәскен піспекпен піспе пісті,
Піскен пістені тістеді,
Піскен піспені не істеді?
«Піспеде пісілген қымыз іш!» — деді.

Р — р

Рауан Руаннан Румындағы
Раушанға рауғаш апарды.
Таң рауандағанда Раушан Рауанмен
Румыннан Руанға аттанды!

С — с

Саяхаттап Сайран,
Салды сауық — сайран,

Сайдан сайғақ сайлап,
Барды Сауран, Сайрам!

Т —т

Таутеке көктен кеп,
Тарғыл тасты бөктерлеп,
Тепкенмен тектен тек,
Тас кектеніп кеткен жоқ!

У —у

Ура, ура! –деп, тура,
Пума, бура боп тула,
Пуманы да көп кума,
Бураны да көп кума!

Ұ —ұ

Ұлдар, ұяға ұрынба,
Ұлардан ұят болады,
Ұлдардан үрккен ұлар,
Ұядан Ұрымға қонады!

Ү —ү

Үркер көкте,
Үйрек көлде,
Үйректі көкке үйірсең де,
Үркерді көлге сүйрей көрме!

Ф — ф

Фарфор мен фосфатты,
Футболға қоспапты,
Қосайын десе,
Фарфор бас тартты,
Фосфат тоспапты!

Х — х

Хиуаз Хиуаға қызықты,
Алуа халуаға қызықты,
Хиуа тәтті ме?
Халуа тәтті ме?

Һ — һ

Қаһарлы адам заһар шашады,
Заһар шашқанның қадірі қашады!

Ц — ц

Ницца, пицца, цифр,
Цифр тола сиқыр,
Цугцванг, цигун,
Цунами деп қикыр!

Ч — ч

Чингачгук Чапай мен,
Чукчаны Чилиге шақырды,
Чукча Чукотқа кетті,
Чапай Читаға кетті,
Чингачгук Чикагоға кетті!

Ш — ш

Шаш шаштаразға қарады,
Шаштараз шашты тарады,
Шашылған шаштарды шаңсорғыш
Шашау шығармай жинап алады!

Щ — щ

Қосшылардың қарны ашты дағы,
Жас шынардың қабығын ашылады,
Қосшылардың қарны ащы ма,
Жас шынардың қабығы ащы ма?!

Ы — ы

Ықылас Ынтамен ынтымақтасты,
Ыңқыл Сыңқылмен ынты —шынтымен шынтақтасты.

І — і

Ізтай ізгілік іздерін іздеді,
Сіз —біз деген ізеттілерді тізімдеді,
Сәбіз бен ірбіз тізімге ілінбеді!

Э — э

Эвенк пен эскимос,
Екеуі екен ескі дос,
Эскимос ескі досын ескі қосына шақырды,
Эвенк эскимосын ескі мосыға шақырды!

Ю — ю

Бұрап еді Юра,
Шыр айналды юла,
Жылап еді Юля,
Құлай қалды юла!

Я — я

Ягуарды Як сүзуге оқталды:
— Яки мен, яки сен! — деп салды.
Ягуар сөзге тоқталды,
Ол орманға кетіп,
Тауда Як қалды!

3.04. – 4.04. 2016ж.

Мен — қазақтың баласы

Байтақ жатқан даласы
Батыр болған бабасы,
Білім қуған, ой қуған
Мен — қазақтың баласы!

Дала

Атыңды жаттап өсемін
Аңызымен атаның,
Дархан дала, кең дала
Менің туған Отаным!

Отан

Елім — туған Отан,
Мен – кішкентай ботаң,
Отан менің анам,
Отан менің атам!

Қазақстан туы

Көк туым күнге еркелеп
Қырандай көкте қалықта,

Шаттыққа толып шаңырақ
Көркейіп елім, шарықта!

Ата

Менің атам ақылды
Бізге бата береді,
Арқасына мінгізіп
Аттай шауып, желеді!

Әже

Менің әжем әдемі
Алақаны аялы,
Біз даладан келгенде
Күліп құшақ жаяды.

Әке

Менің әкем еңбекқор
Асқар таудай тұлғасы,
Балалардың тірегі
Жақсылардың жолдасы!

Ана

Нұрын төккен мейірлі
Жақсы көрем анамды,
Бөбегім деп сүйгенде
Мөлдірейді жанары!

Бала

Бала, бала, балдырған
Өмір отын жандырған,
Күн нұрындай күлімдеп
Көз мейірін қандырған.

Аға

Мен боламын жақсы аға,
Дейді сенсің жақсы іні,
Сөйтіп алып қояды
Атам берген тәттіні!

Іні

Інім келіп тәттіге
Таласады тағы да,

Ала салып қашады
Әжеміздің жанына.

Бауыр

Бірге туған бауырмен
Ойыншыққа таласып,
Төбелеспей, тату бол
Тай – құлындай жарасып!

Қарындас

Қарындасым жүгірсе
Желпілдейді тұлымы,
Сөйлегенде еркелеп
Сондай тәтті қылығы!

Отбасы

Отбасымыз – құт мекен
Оттай ыстық ұямыз,
Балапандай шүпірлеп
Ұямызға сиямыз.

Жанұяны саялап
Бақытты күй кешеміз,
Ата — анамыз аялап
Азамат боп өсеміз!

Ән мен күй

Әжетаймен қосылып
Әсем әнді айтамын,
Домбырасын атамның
Күмбірлетіп тартамын.

Әжеміздің әнінде
Еліміздің жыры бар,
Атамыздың күйінде
Даламыздың сыры бар!

Әліппе

Бізді үйреткен оқуға
Бізді үйреткен әріпке,
Білім, ғылым бастауы
Мың рахмет, әліппе!

Аңыз бен жыр

Атам жырды асқак,
Батырлардан бастап,
Аңыз айтып берді,
Алдым оны жаттап!

Ертегі

Ерте, ерте, ертені
Аңыз қылған, ән қылған,
Кел, ертегі тыңдайық
Ата —бабаң қалдырған!

Жылқы

Қымыз берген жылқымын
Көк шалғында аунаймын,
Мінгізіп ап балдарды
Желдей ұшып заулаймын!

Түйе

Мен түйемін, таудаймын
Керуен тартар қуатым,
Көп күн шөлге шыдаймын
Дертке шипа шұбатым!

Сиыр

Мен мүйізді сиырмын,
Бұзауымды іздеймін,
Сүт пен қаймақ беремін
Балаларды сүзбеймін!

Қой

Мен момақан қойыңмын
Еш бір жанға тимеймін,
Жүн беремін киімге
Өзім бірақ кимеймін.

Ешкі

Егіз лақты ешкіміз
Қой бастайды серкеміз,
Жеңіл, жылы шәліге
Түбіт берген еркеміз!

Ит

Қысы — жазы кісіге
Серік болып жүреміз,
Күзетеміз қойларды
Қасқыр келсе үреміз!

Мысық

Жылы жерде, сүйеміз,
Бырылдап көз қысқанды,
Жолатпаймыз бірақ —та
Үйімізге тышқанды.

Қаз

Қаз қанатын сабалап
Көлдің суын шашады,
Қаңқылдаған дауысы
Алты қырдан асады!

Үйрек

Үйге қусаң үйректі
Балпаң —балпаң басады,
Кірмеймін деп қораға
Сайға қарай қашады!

Тауық

Күні бойы қыт —қыттап
Көң тырнаған тауықпын,
Балақандар жесін деп
Көп жұмыртқа тауыппын!

Есек

Су тасыған балалар
Жүк артады есекке,
Бірақ неге сол есек
Кірмейді мал — есепке?

Динозавр

Таудай үлкен, күші көп,
Қандай ұзын десек те,
Динозавр қазақша
Қорқынышты кесертке!

Арыстан

Ұйқысынан оянып
Ақырғанда арыстан,
Жан —жануар қашады
Жасырынып алыстан!

Аю

Аю қыстай үңгірде
Сорады май табанын,
Жазда бал жеп, ешкімге
Тигізбейді залалын!

Жолбарыс

Жолақ — жолақ терісі
Азу тісі қылыштай,
Жортып шықса жолбарыс
Бұғады аңдар бұрышқа!

Барыс

Барыс қарда сырғанап
Тау аралап жүреді,
Тасқа жатса, тоңбайды
Қыстың жайын біледі!

Панда

Аю — панда орманда
Ағашқа тез өрлейді,
Түсірсе де киноға
Ол кунфуды білмейді!

Қасқыр

Қасқыр түнде ыр — р етсе
Ел шошиды ертеден,

Мылтығы бар әкемнің
Қорықпаймын мен сенен!

Түлкі

Айласынан түлкінің
Алданса да қанша адам,
Ақылы бар баламын
Алданбаймын мен саған!

Қоян

Аппақ қоян, ақ қоян,
Сондай қорқақ, сақ қоян,
Біздің үйге тығылсаң
Сандығыма сап қоям!

Кит

Кит деген бір керемет
Көк мұхиттың көркемі,
Жан —жануар, балықтың
Бәрінен де үлкені!

Кенгуру

Немересін атасы
Мінгізеді арқаға,
Секіреді кенгуру
Баласын сап қалтаға!

Морж

Азулары найзадай
Морж мұзды ояды,
Тіл алмаса баласын
Тіспен түртіп қояды!

Піл

Таудай үлкен піл деген
Жалпылдайды құлағы,
Тұмсығымен ағашты
Көтеріп ап тұрады!

Ақ аю

Мұзды мұхит үстінде
Ақ аю қол бұлғайды,

Тоны қалың, майы көп
Ол аязда тоңбайды!

Жираф

Қонақ қылып жирафты
Маймыл үйде сыйлапты,
Мойнын созып қалғанда
Жираф үйді қиратты!

Жыл санау

Тышқан айтты *Сиырға*:
«Жыл басымын биыл да!»
Барыс кетпей *Қоян* да
Жүреді бір қиырда.

Ұлу ілбіп өтеді,
Жылан жылжып кетеді,
Жылқы шауып болғасын,
Қой маңырап жетеді.

Мешін бастап сауықты,
Шакырады *Тауықты*,
Иттен кейін *Доңыз* кеп,
Бір мүшелді жауыпты!

Шыршадағы шытырман

Жаңа жылдық шырша
Біздің мектеп құрды,
Жан —жануар келіп
Қол ұстасып тұрды.

Елтіп ән мен күйге
Елік шықты биге,
Қорбаңдайды аю
Деп өзімдей биле.

Еріп шықты бұлан
Желіп шықты құлан,
Ырғағымен әннің
Бұраңдайды жылан!

Жыланға кеп ұлу
Тыңда, деді, сұлу,
Тапсырамын жылды
Болсын алға жүру!

Жылан шығып судан
Жаңа жыл боп тұрған,
Уайымдама, деді,
Тарқамайды думан!

Тауық пенен тышқан
Айдаһарды тыстан,
Алып келді биге
Болмайық деп дұшпан!

Секіреді мәлін
Секендейді лағың,
Бегемот жүр билеп
Қолмен сүйеп жағын!

Теңселеді түйе
Тербеледі бие,
Майысады маймыл
Жерге басы тие!

Жайрандайды жираф
Серендетіп сирақ,
Шақырады биге
Түйеқұсты сыйлап.

Айналады түлкі
Құшағында кірпі,
Тікендерін қадап
Түлкі болды күлкі!

Күлімдейді күшік
Дірілдейді мысық,
Төбесінде оның
Жүрді құстар ұшып.

Көк теңізді кешіп
Қанатымен есіп,
Келді жетіп дельфин
Аппақ қарды тесіп!

Мұхитты бір серпіп
Терезені шертіп,
Кит те келді күліп
Акуланы ертіп.

Қармен жуып кірін
Аппақ болып пілің,
Шақырады биге
Ақ аюдың бірін!

Арыстан мен бүрге
Биге шықты бірге,
Ягуар мен як жүр
Аламыз деп жұлде!

Жолбарыс пен лама
Аламыз деп баға,

Қыздырады биді
Тағып алып таға.

Қабыланға пума
Деді, қатты кума,
Арқар айтты турға
Таудағыдай тула!

Шекелері торсық
Суыр менен борсық,
Жерді тепкен кезде
Шортан шықты шоршып!

Тұмсығымен түртіп,
Қалжындаса бүркіт,
Қалтырайды қарсақ
Өз —өзінен үркіп.

Қасқыр менен қабан
Билеп есен —аман,
Жылқы менен сиыр
Тарсылдатты табан!

Судан шығып терең
Айтамын деп өлең,
Крокодил қарға
Тайып түсті серең!

Қайта тұрып қақсап
Айтып екі тақпақ,
Құшақтай сап қойды
Кетті билеп ақсап!

Шауып келді зебр
Гепард келді шегір,
Қыздырады биді
Жануарлар не бір!

Горилланың көжек
Мұрынынан көздеп,
Шертіп —шертіп қойса
Қақты безек —безек.

Динозавр, панда
Күліп анда —санда,
Жап —жақсы боп жүрген
Билеп жақын маңда.

Үлкен аузын ашып
Қабырғасын қасып,
Динозавр кетті
Бір бақайын басып.

Ойбай салып сасып
Панда шықты қашып,
Бір бұрышқа зытты
Шыршадан да асып.

Мамонт шетте жатып
Күлді шегі катып,
Ерке барыс оны
Қалды қармен атып.

Мамонт ұшып тұрып
Кетпек болды ұрып,
Ырғып кетті барыс
Иттер шықты үріп.

Буйвол мүйзін шайқап
Мамонт тұрды байқап,
Төбелессе бұлар
Кетер бәрін жайпап.

Аяз Ата келді
Бәрін көзбен көрді,
Ақшақары дереу
Табыстырды елді.

Сауысқан мен жайын
Талдап істің жайын,
Сөйлегенде сөздің
Тамызады майын.

Сонда Аяз Ата
Жасама деп қата,
Тату —тәтті бол деп
Берді жақсы бата!

Иығында дорба
Дорба толы олжа,
Таратты көп сыйлық
Жұртқа Жаңа жылда!

Не деген көп олжа
Өтті қолдан қолға,
Берекелі болды
Ынтымақты жолда!

Аю мен балық және бал

Қарғып тау мен тастан да,
Аю ұшты аспанға,
Өзенге кеп құлады
Өз —өзінен жылады.

Жылаудан тез жалықты
Ұстап алды балықты,
Балық айтты аюға,
Болмас мені союға.

«Мен кішкентай балықпын
Құр шеміршек арықпын,
Қоя берсең, көрейін,
Әкемді алып келейін!»

Аю оған бұйырды
Әкеп бер деп үйірді,
Алақанын ашады,
Шоршып балық қашады!

Аю оны тосады,
Буындары босады,
Шығып қиқы — жиқысы
Келді аюдың ұйқысы.

Ұйқысы әбден қанады
Балықты ойға алады,
Алданғанын біледі
Алға қарай жүреді.

Қырдан өтіп қорбандап
Аю барды орманға,
Үйін тауып араның
Деді балын аламын.

Балға қолын малады
Таңдай қағып жалады,
Келді аралар гуілдеп
Ашуланып, дірілдеп.

Ортаға оны алады
Жабылып кеп шағады,
Аю қатты сасады
Тонқалаңдап қашады.

Балы қандай тәтті екен,
Шақса сондай ащы екен,
Екі көзі іседі
Суға келіп түседі.

Суға басын батырды
Сөйтіп әрең құтылды,
Бал ұрлаған балпаңбай
Болды қашып жалтаңбай.

Үрейленіп күнімен
Жан — жағына қарайды,
Бал жалаған тілімен
Жараларын жалайды!

Тауық пен торғай

Балапанын ертіп,
Тауық шықты жолға,
Секектеген торғай
Түсіп қапты торға.

Тауық торды үзді
Тұмсығымен түртіп,
Торғай ұшып кетті
Өз — өзінен үркіп!
Шыр айналып, кенет,
Торғай қайтып келді,
Балапанға тістеп
Дән әкеліп берді!

Достар мен қасқыр

Ертіп қозы, лақты,
Қырда құлын шапты,

Терең сулы сайда,
Қасқыр аңдып жатты.

Іздегені жанжал,
Азулары қанжар,
Тиіп кеткен жерін
Айырады дал —дал!

Сақылдатып тісін,
Жинап барлық күшін,
Атып шықты кенет
Басып төлдің мысын.

Төлдің бәрі сасып,
Тұрды басын қасып,
Құлын айтты сонда
Күш —қуаты тасып.

«Қашсақ қазір қорқып,
Қуып жетер жортып,
Жеке, жеке жейді,
Шекемізден шертіп.

Болса ақыл, айлаң,
Қолдан келер қайран,

Қайраттанып бұған
Берейік бір майдан!»

Қасқыр келіп қалды,
Достар күтіп алды,
Арандай ғып ашып,
Қозыға ауыз салды.

Қарғып кетті қозы,
Сондай епті өзі,
Құлын келіп тепті,
Ісіп кетті көзі.

Лақ секіріп сүзді,
Бұзау мұрнын бұзды,
Қасқыр құлап суға
Шалпылдатып жүзді.

Қасқыр жаман састы,
Су, су болып қашты,
Қарамады артқа
Алты қырдан асты.

Қозы болды қошқар,
Орындалды жоспар,
Бірлікпенен жауды
Жеңді сөйтіп достар!

Жанай мен Ай

Каникулда Жанай,
Ұшты ауылға қарай,
Қызық оған бәрі,
Аула менен сарай!

Барды қора жайға,
Қызықты ала тайға,
Сипап көрсе жонын
Жал –құйрығы майда!

Жанарына қарап,
Жанай алды тарак,
Мәпеледі тайды
Құйрық, жалын тарап.

Жайды тайға құшак:
— Ернің қандай жұмсақ,
Екеуіміз еркін
Түлкі, қоян құсақ!

Ала таймен ойнап,
Жүрген кезде жайнап,
Шақырды әже шайға,
Ақ самауыр қайнап.

Қанып алып шайға,
Тойды қаймақ, майға:

—Ата, деді, — мені,
Апарасың қайда?

Мініп ала тайды,
Аралады сайды,
Түн болғанда: — Маған,
Әпер, — деді, — айды!

— Құшағыңды жай да,
Бұлбұл болып сайра,
Қонады кеп қолға,
Ән сүйеді ай да!

Жалтырайды айдын,
Жалын сипап тайдың,
Ән сап тұрып көрді
Судан түрін айдың!

Жанай ыза болды,
Көзіне жас толды,
Қолыма кеп қонбай
Суға неге қонды?

Жанай алып тасты,
Атты суға қатты,

Толқын ойнап суда,
Айың суға батты.

—Ойбай, мынау нетті?! —
Атасына жетті,
—Ата деймін, айың
Суға батып кетті?!

—Орынсыз ғой қайғың,
Жасырғаны лайдың,
Бірін бірі жұтпас
Айың менен айдын!

Бірі көкте қалқып,
Бірі жерде шалқып,
Ай мен айдын ойнар
Бірін бірі тартып!

Айға жүрмес өкпе,
Ашумен іс етпе,
Суға түскен жоқ қой,
Тұр ғой әне көкте!

— Ата, деді, онда,
Айға сәлем жолда,

Қонбайды кеп неге,
Өзі біздің қолға!?

Ата бұған көнді,
Алға жүріп көрді,
Айғай салды кенет:
— Міне, маған қонды!

Аузын ашып сай тұр,
Басын шұлғып тай тұр,
Алақанға қонып
Ақ сәулелі Ай тұр!

— Қонған екен саған,
Оны қайтіп алам?
Қолыма кеп өзі,
Қонсын деп айт, маған!

— Көңіліңді жайла,
Ақылыңмен ойла,
Өз — өзінен келмес,
Ай түгілі, тай да!

Алда толар кезің,
Оттай жанып көзің,

Жігіт болып өссең,
Айды аласың өзің!

Атада көп айла,
Оны білу қайда,
Ай суреті түскен,
Қолында екен айна!

Жанай көңлі жайлы,
Бұрды ауылға тайды,
Әжесіне келіп
Айтты болған жайды!

Әже білді сырды,
Жанайды иіскеп, күлді:
— Айға ұмтылған балам
Жүзің болсын нұрлы!

—Ойың болсын биік,
Туған жерді сүйіп,
Әлемге жай қанат,
Ақыл, білім жиып!

Ата, әжеден солай,
Тәрбие алып талай,

Өсе берді оқып,
Жақсы бала Жанай!

Оқу мен ойын

Доп ойнадым Домбаймен,
Жанындағы Жандаймен,
Бір команда болдым мен
Көрші бала Балдаймен.

Добым, добым домала,
Домбай түсті додаға,
Доп ойнасаң, дөп ойна
Долдануға бола ма?

Алдап өттім Домбайды,
Жандап өттім Жандайды.
Тура допка шығардым,
Әріптесім Балдайды.

Шалып қалды Домбайым,
Ұшып түсті Балдайым,
Жақтауына қақпаның,
Соғып алды маңдайын!

Бақырғанда Балдайым,
Жанжал болды дап —дайын,
Доппен ұрдым Домбайды,
Болмайды деп ондайың!

Таласам деп добыма,
Жандай тұрды жолыма,
Алдап өтіп кетіп ем,
Домбай түсті соңыма.

Бұрылған боп солыма,
Шыр айналдым оңыма,
Допты теуіп қақпаның
Бүлк еткіздім торына!

Кешке дейін ойнадым,
Қызығына тоймадым,
Ертең сабақ екенін
Ұйқтар кезде ойладым.

Доптың түсі көп екен,
Қызыл, жасыл, көк екен,
Түсі әртүрлі болса да
Доптың бәрі доп екен!

Доппен кеткен секіріп,
Уақытыма өкініп,
Екі бірдей сабақтан,
Алып келдім екілік!

Анам түйіп қабақты:
—Соғып ал да тамақты,
Отыр дағы, тырп етпей,
Оқы, —деді, — сабақты!

Қос екілік қойында,
Қателігің мойында,
Әуелі оқып оқуды,
Содан соң бар ойынға!

Жетіп келді Жандайым,
Домаланған Домбайым,
—Доп ойнайық, жүр, — дейді,
Бал —бұл жанып Балдайым!

—Бұл тіліңді алмаймын,
Оқуымнан қалмаймын,
Оқып бітпей сабақты,
Доп ойнауға бармаймын!

Бұлағындай білімнің,
Кітабыма үнілдім,
Сабағымды бітіріп,
Допқа қарай жүгірдім!

Добым, добым, домала,
Қақпа жақты жобала,
Айдалаға секеңдеп,
Мәшинәға жолама!

Добым қандай айлалы,
Бізбен орғып ойнады,
Сабақтан соң доп ойнау
Денсаулыққа пайдалы!

Жантайбек пен айпат

Жанға жайлы жай тапқан,
Жалқаулығын байқатқан,
Жатып алып Жантайбек
Бас алмайды айпаттан.

Аударып бар зейінді,
Ауыртады мойынды,

Күні —түні көреді
Атыс —шабыс ойынды.

Атасы айтты балаға:
«Айпат жолдас бола ма?
Жеп қояды көзінді,
Жүр, шығайық далаға!

Қалсаң мүлде байланып,
Айпаттан бас айналып,
Миың май боп кетпесін,
Байқашы бір ойланып!

Көзінді де тынықтыр,
Өзінді де шынықтыр,
Сабақ оқып болғасын,
Көп қимылда, жұмыс қыл!

Ата —анаңа көмек қыл,
Спортқа да сергек тұр,
Көп жүгірсең, доп ойнап,
Денсаулыққа керек бұл!»

Атасы оны көндірді,
Кәмпитүрді сөндірді,

Ұшып тұрып Жантайбек,
Енді дұрыс жөн білді.

Балаға айтпа жантай деп,
Жастайыңнан қартай деп,
Асыр салып, қимылдап,
Жаттығады Жантайбек,

Жығылмайды күрессе,
Тақ тұрады Жантайбек,
Доп зуылдап ұшқанда,
Қағып тұрды Жантайбек,

Қақпаға дәл голдарды
Салып тұрды Жантайбек,
Атасының ақылын
Ала берді Жантайбек,

Шымыр, ширақ, қайратты
Бала болды Жантайбек!

16.09.2015ж.

Оқу мен алма

Асан — әже баласы,
Үсен оның ағасы,
Асан жөндеп оқымай
Нашар болды бағасы.

Үсен айтты Асанға:
«Оқу оқы, бас алға,
Екі бестік әкелсең
Берем саған қос алма!»

Оқыған боп өтірік,
Соткасымен секіріп,
Асан ойнап ойынды,
Әкелді бес екілік!

«Маған алма бер, — деді,
Жалпы баға он, — деді,
Бес екі мен екі бес,
Есептесең тең! — деді.

Үсен оған шек қойды,
Соқ өтірік, — деп қойды,

Қызықтырып Асанды,
Алманы өзі жеп қойды!

Асан енді егесті,
Қайтіп алма жемес —ті?
Оқып, оқып сабақты,
Алып келді бір бесті!

Келді: « Алма қайда?» — деп,
Ағасы айтты: «Ойла, —деп,
Алма үшін оқыған,
Оқудан түк пайда жоқ!

Оқып, білім аласың,
Талай жерге барасың,
Өмірдегі орның мен
Жемісіңді табасың!»

Асан терең ойланып
Мақұлдады ағасын!

15.01.2016ж.

Сиыр мен суыр

Суыр айтты сиырға:

— Көк шалғынды шиырла,
Қайтарында маған да
Шөп әкелсең, қиын ба?

Сиыр айтты суырға:

— Асықтырып, қуырма,
Жеп қоймасам шөпті мен
Әкеп берем жуырда!

Сөйтіп қызық басталды,
Суыр күнде қақсады,
Сиырдан шөп дәметіп,
Аяғында аш қалды.

Құр жатудан пайда жоқ,
Суырда да айла көп,
Өкпеледі сиырға:
— Шөбің, досым, қайда? — деп.

Сиыр: — Шөпті жеместен,
Аузыма сап, белестен

Түсе берген кезімде,
Кетеді өтіп өңештен!

—Ие болмай тіліңе,
Жалмандайсың, мұның не?! —
Суыр ұрсып сиырға
Кіріп кетті ініне!

Суырдыкі дұрыс па?
Сиырдыкі дұрыс па?
Өзің қолға алмасаң,
Береке жоқ жұмыста!

Айғыр мен арлан

Кең даланы аралап,
Көлдің бойын жағалап,
Келді қыста ауылға
Үйір жылқы паналап.

Аталары мал жайлап,
Балдар жүрген айғайлап,
Аққаланы соғуға,
Күрек сайлап, қар жайғап!

Асан айтты Асқарға:

—Жем берейік аттарға,
Жем мен шөпке тойғызып,
Аунатайық ақ қарға!

Асқар айтты: Барайық,
Құйрық —жалын тарайық,
Жылқы біздің досымыз,
Бір көмекке жарайық!

Атасы да қостады,
Жем апарып тастады,
Бас қойғанда жылқылар
Бір әңгіме бастады:

— Былтыр боран соққанда,
Аппақ болып ақпанда,
Шоқ ағаштың түбінен
Жылқы пана тапқанда.

Көздері оттай жарқылдап,
Азулары сақылдап,
Бір топ қасқыр жылқыға,
Келіп қалды жақындап.

Үйір басы құла айғыр,
Шауып олай, бұлай бір,
Шыр айналды жылқыны,
Асыл текті бұл айғыр!

Қатты болды қарқыны,
Қасқырды оттай шарпыды,
Арттан келсе тепкілеп,
Алдан келсе тарпыды!

Көкжал қасқыр арланы,
Айғыр күшін аңдады,
Қашқан болып өтірік,
Құла айғырды алдады!

Алданбады бірақ та,
Ұзамады жыраққа,
Алдырмады үйірін,
Ұқсап ұшқыр пыраққа!

Қасқыр қаны қарайып,
Атылды арттан зорайып,
Айғыр тепті басынан
Арлан қалды тырайып!

Тағы бірін тындырды,
Қабырғасын сындырды,
Тепкен кезде құла айғыр,
Аш қасқырлар шыңғырды!

Сонда салып «аттанды!»
Жылқышылар кеп қалды,
Гүрсілдетіп мылтықты
Жаудырды кеп оқтарды!

Қасқыр жалап бүйірін,
Қашты тартып күйігін,
Асыл айғыр ешқашан,
Жауға бермес үйірін!

Атасы айтып мақалын,
Сипап қойды сақалын:
— Содан былай құланы
Асылым деп атадым!

Балдар, үміт ақтаңдар,
Бұғып үйде жатпаңдар,
Қорқауларға жегізбей,
Еліңді аман сақтаңдар!

Бас изеді балалар,
Балаларда сана бар,
Ойға шомып атасы,
Көз жіберді далаға!

Жемге жылқы кенелді,
Біледі дос дегенді,
Бұрқыратып ақ қарды,
Шұрқырасып жөнелді!

Балқан мен талқан.

Мамасына Балқан,
Берші деді, талқан,
—Оны қайдан білдің?
—Деп анасы аң —таң!

Қояр емес Балқан,
Қос құлағы қалқан,
Талқан тауып бер деп,
Болды бұлқан —талқан.

Талқан деген не зат,
Білесің бе, қалқам!?

Күйқа

Әжетайым үйде,
Үйтіп берді күйқа,
Тойып алып ұйқтап
Болдық ұйпа —тұйпа.

Күйқа деген күрт па,
Салып қояр ұртқа,
Ет пе, әлде май ма,
Білсең айтшы жұртқа?!

Асық пен сақа

Біз де бала болғанбыз,
Мектепке де барғанбыз,
Асық ойнап далада,
Ой —хой, асыр салғанбыз!

Сақам, сақам, соқ дейтін,
Соқса қисық кетпейтін,
Иіріп кеп атқанда,
Дыйға зулап беттейтін.

Соққан кезде қылтадан,
Дый қалмайтын сақадан,

Сақа қандай, дый қандай,
Сұрап көрші атадан!

Құстың сүті

Бекен айтты, дүкеннен,
Қаз көрдім деп сүт емген!
Жүгіріп кеп сұрадым,
Дүкендегі көкемнен.

Көкем маған сенбейді:
— Қаздар емшек ембейді,
Сүт болмайды құстарда,
Біліп қойғын, сен, — дейді!

Сөзін ұғып көкенің,
Білдім мұның бекерін,
Әзілдепті менімен
Бірге оқитын Бекенім!

9.01.2016ж.

Шырша

Таудың жасыл шыршасын,
Қалай ғана қырқасың,

Қырка берсең шыршаны
Табиғатты құртасың!

Доп

Өзім қандай батырмын,
Допты суға батырдым,
Атқып шығып ол судан,
Тура көкке атылды.

Тепсең тыныш жатпайтын,
Қақпадан да аттайтын,
Нағыз батыр доп екен
Суға салсаң батпайтын!

Қар

Қалың емес қар әлі,
Тептім бірақ шананы,
Аппақ қарда сырғанап,
Шанам зулап ағады,

Қара жерге келгенде
Неге тоқтап қалады?
Заулар ма екен таста да
Майлап қойсам табанын!?

Шар

Қатты үрледім шарымды,
Тарс етті де жарылды,
Қорқып едім, қалтамнан,
Тағы бірі табылды.

Енді амалын білемін,
Ақырындау үрледім,
Жарылған жоқ бұл шарым,
Төбемде ұшып жүр менің!

6.04.2016ж.

Жұмбақ

Ағаштан жасалған,
Әдемі қашалған,
Бойы сіздей,
Мұрны біздей,
Көңілді әні бар,
Көруге сәні бар!
Ол кім?
Буратино!

Жолда

Көшеде көп көлік,
Байқа бәрін көріп,
Өтем деме жолдан
Бөгелместен желіп.

Қызыл жанса – тоқта,
Түспе тура отқа,
Сары жанса, саспа,
Сабырыңды сақта.
Жүгір жасыл жанса,
Жұртпен бірге барша,
Жасыл жанбай, жүрме,
Асықсаң да қанша!

Өткен кезде жолдан,
Қара әуелі солға,
Ортасына жетіп,
Бір қарап ал оңға!

9.07.2017ж.

Санамақ

Бір дегенім біреу,
Жеке дара тіреу,
Жалғыз тұрған таяқ,
Жұпсыз қандай жүдеу!

Екі бірлік мықты,
Екеу дейді жұпты,
Екіліктен басқа,
Барлық екі құтты!

Үш дегенім үштік,
Үш саусақты қыстық,
Біреу, екеу, үшеу,
Үшке тура түстік!

Төртті тура сана,
Төрт қабырға – пана,
Дөңгелегі төртеу,
Машинаның, кара!

Бес саусақ тұр бөлек,
Бесеуі де зерек,

Жұдырықтай жұмып,
Бестік алу керек!

Ал санайық, алты,
Алтау дейді жалпы,
Алты жаста ат міну
Ата – бабам салты!

Жеті қабат жерім,
Жеті қабат көгім,
Қазына да жетеу,
Жеті ата – тегім!

Сегіз деген семіз,
Екі шеңбер егіз,
Бірін бірі байлап,
Ұстап тұрған негіз!

Тоғыз жалғыз өзі,
Бірлік санның шегі,
Одан үлкен сан жоқ,
Бәрінен де көбі!

Нөлді байқап таңда,
Мән болмайды онда,

Қоссаң дұрыс санға,
Көбейеді сонда!

Бірге тіркеп нөлді,
Табасың тез онды,
Барлық санға солай,
Тіркей берсең болды!
Жазыңдар деп жүзді,
Үйреткенде бізді,
Бір санынан кейін
Екі нөлді тізді!

Табыңдар деп мыңды,
Апай сұрап тұрды,
Үш нөл тіркеп бірге,
Балдар қызық қылды!

11.06.2017ж.

Қырдағы ойын

Көктем келіп, қырда,
Құлпырады шалғын,
Қозы, лақпен бірге,
Ойнап, асыр салдым.

Секеңдейді лағым,
Секіреді добым,
Кекеңдейді бұзау,
Еркелейді қозым.

Лактырдым кеп допты,
Қуамын деп лакты,
Бұзау орғып кетіп,
Қозыны кеп қақты.

Қозы қашты зулап,
Бұзау шапты тулап,
Құлынға тез мініп,
Қиқу салдым шулап.

Қуып жетіп бәрін,
Қайырады құлын,
Дүрілдеттік сөйтіп,
Біз ауылдың қырын!

4.12.2017ж.

Жолжолтай

Ақ пен қара аралас,
Терісі де көңілді,

Қане, қалай атаймыз,
Жолақ, жолақ зебрді?

Жол, жол болған терісі,
Зебр деген Жол – жол — тай!
Сипар едім жалынан,
Жолықсаң ғой, Жолжолтай!

Жолжолтайым, жол тайым,
Желіп жүрген зор тайым,
Жолға жортып шыққанда,
Желдей жүйрік бол, тайым!

20.02.2018ж.

Бата —тілек

Бата берем, балам,
Қолың жайып, тыңда,
Кім болам деп ертең
Ақылмен жол таңда!

Сабағыңнан қалма,
Жаман бала болма,
Ұйқтап жата берме
Оранып ап тонға.

Табысты бол адал,
Түсіп тура жолға,
Бастай берсін сені
Талап, ниет оңға!

Аман —есен өсіп
Ата жырын толға,
Бағың жанып, ер боп
Ана тілді қорға!

Еңбек етіп елге
Ізгі тілек жолда,
Жақсылықтың бәрін
Жарқын жүзбен қолда!

Денің сау боп, шынға
Қыран құстай самға,
Ұзақ ғұмыр беріп
Жарылқасын Алла!

Ертегілер, әңгімелер

Баян ата мен Тайбек

Қардың үйі

Атасы Тайбекке аулада аппақ қардан үй салып берді. Қалың қарды күрекпен кесектеп ойып алып, қабырғасын қалады. Есік, терезесін тесіп шығарды. Үйдің алдына қора салды.

—Мұнда менің аттарым, сиырларым, қой —ешкілерім тұрады! — деп қуанды Тайбек.

Баян ата қораның қасынан үнгір ойды. Оған Тайбек ойыншық динозавр, мамонт, аюларын кіргізді. Қораның алдына иттерін байлады.

Қуанғаннан екі беті қып —қызыл болды. Аязға да қарамай, кеш батқанша ойнады.

Түнде қардан жасалған үйін тағы қалай жақсартуды ойлап жатты.

Ертеңіне далаға шықса, үйінің үстінде бес —алты оқушы жүр. Мектептен шыққан бетте Тайбектің үйін таптап, қиратып тастапты.

Тайбек, әй, қойыңдар деп айқайлап, оларға қарай тұра жүгірді.

Оқушылар Тайбекті мазақтап, одан сайын құтырды. Қыздар тілін шығарды. Ұлдар Тайбекті әрі —бері итеріп, қарға сұлатып салды. Секіріп, асыр салып, қорасын, үнгірін түгел тып —типыл қылды.

Ызаға булыққан Тайбек ата деп бақырып жылап жіберді. Сол кезде үйден атасы шыға келді.

—Әй! — деді күркіреп. — Әп —әдемі үйде нелерің бар?

Оқушылар жалт қарап, шошып кетті. Баян ата қаһарланып, таяғын көтеріп алыпты. Тайбек арқаланып, атып тұрды.

—Ата! Мына жаман балдардың бәрін таяғыңмен сабашы! —деді.

Балдардың зәрелері ұшып, қозғала алмай қалды.

—Әй, балдарым —ай, —деді Баян ата жұмсарып. — Бұларын қалай, ұят емес пе? Қардың үйін неге бұздындар? Не үшін бұздындар?

Оқушылар үндей алмай төмен қарады.

—Жай...ерігіп, —деп міңгірледі бір —екеуі.

—Ерігіп дейді —әй... Ал, егер де біреу желігіп, сіздің үйді жермен жексен етіп талқандап тастаса, жақсы көресің бе? —деп, Баян ата таяғымен оның қарнынан түртіп —түртіп қойды.

—Жоқ, —деді бала.

—А —а, солай ма? Онда неге сендер басқаның үйін бұзасындар? Міне, бұдан былай өмір бойы естерінде болсын. Кез —келген нәрсені кирату оңай. Бірақ, жаман. Ал, жаңадан бірдене жасау қиын. Бірақ, жақсы. Сендер бүгін жамандық істедіңдер. Яғни, сендер жаман бала екенсіңдер!

—Жоқ. Біз жаман емеспіз! —деп шу ете түсті оқушылар.

—Онда жамандық істемендер, —деп, Баян ата таяғын шошайтып қойды. —Жақсы адам болындар! Түсіндіңдер ме?

—Түсіндік, ата!

—Біздікі ұят болды. Кешіріңіздер! —десті оқушылар қосарланып.

—Онда қане, бәріміз жабылып жаңа үй салайық, —деді Баян ата.

Оқушылар құлшына кірісті. Бәрі бірігіп, бұрынғыдан да үлкен, биік үй салды. Үйдің ішін қыздар оюлап, өрнектеді. Ұлдар кең қора, терең үңгір жасады. Тайбек олардан қалыспауға тырысып, жан —жануарларын қора мен үңгірге жайғастырды.

Жұмысты аяқтаған соң, әсем, аппақ үй мен қора —қопсыға сүйсіне қарап тұрды. Оқушылар Баян ата мен Тайбекті ортаға алып, жаңа үйдің

жанында суретке түсті. Кешке дейін бірге ойнап, қуанып, тату —тәтті тарады.

Көршінің тісі

Атасы Тайбекке ойыншық құлын жасап берді. Қайыңнан әдемілеп ойып, әбден бояған екен. Көзі ойлы, жүзі жылы, аузы —мұрны, құлағы бәрі сондай сүйкімді. Жал —құйрығы жалтылдап, тұяқтары сартылдап тұр.

Тайбек қуанып, аулада ойнап жүрген көрші достары — Сайраш пен Доскенге жүгіріп келді.

—Міне, қараңдар! Атам маған қандай құлын жасап берді!

Сайраш пен Доскен ауыздарын ашып, қызығып кетті. Жирен қасқа құлын тірі сияқты көрінді. Олар құлынды ұстап көргілері келіп, қолдарын созып еді, Тайбек бермеді.

—Жоқ! Тимеңдер! Бермеймін! Бұл —менің құлыным. Менің атам істеп берген! — деді.

Тайбек құлынды құмның үстінде арлы —берлі орғытып —орғытып жүргізді. Доскен мен Сайраш тіпті қызыға түсті. Ақыры Доскен шыдай алмай, құлынға бас салды. Тайбек таласа кетті. Екеуі екі жаққа тартып, алысып —жұлысты. Бір кезде Доскен айласын асырып, құлынды тартып алып, қаша жөнелді. Ызаланған Тайбек оны қуып жетіп, қатты итеріп жіберді. Доскен ұшып түсті. Құлағанда, оның аузы құлынның аяғына тиіп, күрек тісі опырылып қалды. Тайбек оған қарамастан құлынды алып қойды. Аузы —мұрны қан —қан болған Доскен бақырып үйіне кетті. Қорқып кеткен Сайраш орнынан қозғалмай тұра берді.

Іле —шала Доскен үйден әкесін ертіп шықты. Ол таудай алып ұста болатын. Оның басы қазандай, мұрты балғадай, сақалы қауғадай, құлағы қалқандай, көзі алақандай еді. Қолында үлкен темір қысқашы бар.

Ұста Тайбекті бір қолымен желкесінен алып, салақтатып көкке көтеріп тұрды. Темір қысқашын сақылдатып —сақылдатып қояды.

Жанай мен ай

—Қанға қан! Мен де сенің тісінді суырып алып, күлдей ғып уатып тастаймын қазір! — деді қаһарланып.

Зәресі кеткен Тайбек «Ата, ата!» — деп шыңғырып жіберді. Оның даусын естіген атасы үйден жүгіріп шықты. Ақсақалды көргесін ұста Тайбекті босатып жіберді. Тайбек құлынды ала қашып, атасының артына тығылды.

—Иә, не боп қалды, шырағым? — деді Баян ата сабырмен.

—Ақсақал, мына немереңіз менің баламның тісін қағып алыпты. Бұған не айтасыз? — деді ұста.

Баян ата немересіне қарап: » Рас па? Бұның не, Тайбек?» — деді.

—Ол менің құлынымды тартып алып кетті ғой! — деп ышқынды Тайбек.

—Рас, рас, — деді Сайраш.

—Мен қатты қызығып, ойнағым келді. Бірақ, Тайбек бермеді ғой! — деді Доскен.

—Қанша қызықсаң да, біреудің нәрсесіне таласып, тартып алу — дұрыс емес, — деді Баян ата. Доскен ұялып қалды. Баян ата Тайбекке бұрылды.

—Ал ойыншыққа таласып, төбелесу — одан да жаман!

Тайбек төмен қарады.

—Ақсақал, — деді Доскеннің әкесі, ашуын зорға тежеп. — Тайбек ойыншығын қайтып алды. Ал біздің Доскеннің тісін кім қайтарады? Кім орнына салып береді, ә?!

Сол кезде Сайраш құмның арасында жатқан Доскеннің тісін тауып әкеліп: » Міне сенің тісің! Ала ғой, аузына сала ғой, » — деп, Доскенге берді. Доскеннің опырайған аузынан тілі жылтындап шығып тұр екен. Тісін орнына салып көріп еді, дұрыс келмеді. Түсіп қала берді.

—Апырмай! Енді қайттік? — деді Баян ата. — Көршіміз ғой, бір жолға кешіріңдер!

—Жоқ. —деді ұста ызбарланып. — Доскеннің тісін орнына салып бермесе, Тайбектің де тура сондай тісін қысқашпен ырғап —ырғап, жұлып аламын!

Ол көзін алақтатып, қысқашын сақылдатып, Доскенді ертіп алып, кете барды. Үрейленген Сайраш үйіне зытты. Тайбек құлыншағын құшақтап, атасына жабыса түсті. Амалы құрыған Баян ата аппақ сақалын сипай берді.

2

Тайбек түнімен ойланып, таңертең атасына келді.

—Ата, маған ақша бер. Мен базарға барып, Доскенге тіс сатып аламын, —деді. —Сен менімен бірге жүр.

—Жарайды. Бірақ, тісті сен өзің іздеп тауып ал. Ал, мен ақшасын төлейін, —деді атасы.

Екеуі аяндап үлкен базарға келді. Базар жалт —жұлт етіп, жарқырап тұр екен.

—Қане, қане, бермен келіңіз! Бізде бәрі бар. Алың, алың! — деп шақырды өзіне қарай бір жуан саудагер.

—Тіс бар ма? —деп сұрады Тайбек ақырын.

—Тіс? —деп таңданды жуан саудагер. —Ненің тісі? Қандай тіс?

—Көршінің тісі! —деді Тайбек.

Саудагер бадырайған көзін жыпылықтатып, Баян атаға қарады. Баян ата Тайбекке байқатпай көзін қысып қойды. Оны түсінген саудагер Тайбекке қайта бұрылды.

—Иә, сонда саған қай көршінің тісі керек? Иттің бе, әлде мысықтың ба? —деді ол.

—Жоқ. Кісінің тісі керек! —деді Тайбек.

—А —а, кісінің бе? Мәссаған! Оны қайдан таптық? —деді саудагер.
— Есінде болсын, балақай. Адам баласының он екі мүшесін бір құдайдан басқа ешкім де жасай алмайды. Сондықтан, амал жоқ!

Тайбек ренжіп, атасына қарады. Атасы жуан саудагерге рахмет айтып, немересін ертіп үйге қайтты.

—Әне, көрдің бе? Қалай ашулансаң да адамның денесін зақымдауға болмайды. Көршінің тісін сындырғаның үлкен қате. Енді оны немен өтейсің? Әлде, ұстаның қысқашынан қорқып, өмір бойы үйде тығылып жатасың ба? Ал, өз ұятыңнан қалай қашып құтыласың?

Тайбек жаны қиналып, үндей алмады. Үйге келгесін ерте жатып, ұйқтап қалды.

3

Түс көрді. Түсінде ойыншықтарының бәріне жан бітіпті. Далада жайылып жүр екен. Тайбек жирен қасқа құлыншағына мініп, көк майсаны сүйсіне жеп тұрған динозаврға келді.

—Динозавр, динозавр, маған бір тісінді берші. Көршіме салып берейін! —деді.

—А —а, ала ғой, —деп күлді динозавр.

Тайбек те күліп жіберді. Динозаврдың бір тісінің өзі бір кісідей. Оны қайтіп алады, қалай салады?

Тайбек енді өзеннен балық аулап отырған ақ аюға келді.

—Ақ аю, ақ аю, маған бір тісінді берші. Көршіме сап берейін ! —деді.

—Жоқ! Бермеймін! Өзіме керек, балық жеуге, —деп, аю ар —р ете түсті.

Тайбек мамонтқа келді.

—А —а, момақан мамонтым! Маған бір тісінді берші. Көршіме сап берейін, —деді.

Мамонт оған маңқиып қарады. Мұрнын көкке көтеріп, тістерін ақситты.

—Оны әу баста ойлауың керек еді. Біреудің тісін неге сындырасың? Енді өзің жауап бер! —деді мамонт . — Сендей бұзық баламен сөйлескім де, ойнағым да келмейді.

Тайбек ренжіп, мұнайып тұрғанда, иттері жүгіріп келіп аяғына оратылды.

—Күшім, күшім, келіндер! Қайсың мені жақсы көресіңдер? —деді қуанып кеткен Тайбек.

—Әуп, әуп! Мен!

—Мен жақсы көремін! —деп жарыса жауап қатты иттері.

—Онда маған қайсың бір тісінді бересің? —деп сұрады Тайбек.

—Ал, ал, әуп, әуп! —десті иттер, құйрықтарын бұлғаңдатып.

Тайбек қайсының тісі дәл келеді деп ойланып тұрғанда, Доскеннің дәу әкесі дауылдатып келіп қалды. Ол темір қысқашын сақ —сақ еткізіп: »Әй, Тайбек! Сен мені басқалардың тісімен алдаймын деп ойлама. Маған жасанды тістің керегі жоқ! Доскеннің нағыз өз тісіндей тіс тауып, салып бер. Әйтпесе, сенің тісінді жұлып аламын қазір!» —деп долданып, бас

салды. Тайбек қорқып, тұра қашты. Дәу ұста енді қуып жете бергенде, көктен зу етіп ракета келіп қона қалды. Есігі ашылып, басқа планеталықтар шыға келді. Олар Тайбекті іліп алып, ұшып кетті. Қаһарына мініп, әбден жынданған дәу ұста бақырып қала берді. Тайбек сол кеткеннен басқа планеталықтармен бірге ғарышты кезіп, ұшып жүрді. Олар Тайбекке неше түрлі кереметтерді көрсетіп, Марсты аралатты. Ақырында Тайбек олардан көршісінің тісін тауып берулерін сұрады.

—Ол қолымыздан келмейді, —деді олар. —Табиғи нәрсені табиғат қана жасайды!

4

Тайбек жылап оянды. Оянса, атасы тағы бір құлын жасап қойыпты. Тұп —тура алғашқы құлын сияқты. Айырмасы, бұл — құла қасқа құлын екен.

—Балам, —деді атасы . — Мына құлынды Доскенге апарып беріп, кешірім

сұрайық. Татуласайық!

Құла қасқа құлынды көргенде Доскен қатты қуанды. Тіпті, сынған тісін де ұмытып кетті. Тілі жылтындап, мәз болып күле берді. Оны көрген әкесі де жымыды.

—Жарайды! Иілген басты қылыш кеспейді деген аталарымыз, — деді ол, қауға сақалын саусақтарымен тарамдап.

Балалар татуласып, құлындарын жарыстырып, бірге ойнап кетті.

Арада біраз уақыт өтті. Бір күні аулада, құмда ойнап отырған Тайбек пен Сайрашқа Доскен жүгіріп келді.

—Әй, міне қараңдар! Менің тісім жаңадан өсіп шықты! — деді аузын ашып. Балалар қараса, шынында да жаңа тіс шығыпты. Тіпті, бұрынғыдан анағұрлым әдемі, ірі, мықты болып көрінді. Тайбек пен Сайраш аң —таң боп тұрғанда, Баян ата кеп қалды.

—Бұл – сүт тісінің орнына шыққан нағыз тіс! Ертең бәріңе де шығады. Оны сақтай біліңдер, балақайлар! —деді Баян ата.

Балалар алақайлап, асыр салды.

Темір қақпақ

Бір күні Тайбек, Сайраш, Доскен үшеуі үй сыртында арлы —берлі жүгіріп, жарысып ойнап жүр еді. Кенет Доскен шаттана айқай салды.

—Мында келіндер, мында! Мен керемет шұңқыр тауып алдым!

Балалар алақайлап, шауып келді. Үй сыртындағы тар соқпақтың дәл ортасында үңірейген үлкен шұңқыр пайда болыпты. Таласа —тармаса тесіктің жиегіне тақалып, тесіле қарап, түбін көруге тырысты. Бірақ, шұңқыр терең әрі қараңғы екен. Түбі көрінбеді. Оның ішінен салқын леп соғып тұр. Ар жағынан әлдебір күнгірлеген дыбыстар естілгендей болды. Балалар бұрынғыдан да әуестеніп, тесікке түсіп кете жаздады. Бірін бірі итермелеп, шұңқырға тас лақтыра бастады.

Үй сыртындағы соқпақпен адам аз жүретін. Бүгін – демалыс, сондықтан тіпті ешкім көрінбейді. Өздері оңаша ойнап жүрген балалар қызыққа әбден кенелді. Бір кезде Сайраш сәл шегінді де, жүгіре басып келіп, шұңқырдың үстінен қарғып өтті. Оны көріп Тайбек пен Доскен де қарғыды. Шұңқырдан қарғу бұларға бір тамаша, жаңа ойын болды. Қыза —қыза, Доскен бір аяқпен секіруді бастады. Онымен бәсекелескендей болып, Тайбек те секіріп өтті. «Міне, маған қарандар!» — деп, ұрандап келіп ырғыған Сайраштың аяғы тайып кетіп, ол шұңқырға құлап түсті. Жанталасып, екі қолымен шұңқырдың ернеуінен ұстап, әрең ілініп тұрған қызды Доскен ұстай алып, тартып шығармақ болды. Тайбек оған көмекке ұмтылып, жете бергенде, Сайраш ойбайлап, ары қарай құлады. Қыздың қолынан мықтап ұстап, еңкейіп тұрған Доскен бірге кетті.

Амалы құрыған Тайбек «Ата!» —деп айқайлап, үйге жүгірді.

- Ата! Доскен мен Сайраш шұңқырға құлап кетті! – деді ол бақырып . Баян ата таяғын ала салып, жүгіре басып далаға шықты. Көршілері Доскен мен Сайраштың әкелеріне болған жағдайды тез хабарлап, барлығы үй сыртындағы шұңқырға алқынып жетті. Қараса — тура тар соқпақтың ортасындағы жерасты құбырлары құдығының темір қақпағын біреулер алып кеткен екен. Сондықтан шұңқырдың беті ашық қалыпты.

Үлкен кісілер «Доскен ! Сайраш!» деп айқайлап еді, балалар жауап бермеді. Олар бөгелместен шұңқырға секіріп —секіріп түсті.

Шұңқырдың іші кең екен. Қаракөлеңке, күнгірт жарық көз талдырады.

Доскеннің әкесі – дәу ұста қалта шамын жағып, бұлар жан —жаққа тесіле қарай бастады. Қанша тесіле қараса да балалар көрінбеді. Тіпті, дыбыс жоқ. «Доскен! Сайраш!» деп айқайлап жіберді Тайбек шыдай алмай. Жауап болмаған соң, Баян ата мен көршілері қоса дауыстап, ілгері қарай жүрді.

Бір кезде көп құбырлардың ар жағындағы бір қуысқа тығылып тұрған балаларды көздері шалды. Бұларды көріп, қолдарын көтеріп, ұмтылғандай болды.

Анықтап карағанда барлығының да зәресі ұшып кетті. Сайраш пен Доскенді әлдебір жыртқыштар қоршап алыпты. Үлкендігі күшіктей, көздері от шашып, азу тістері сақылдаған беймәлім жыртқыштар

Жанай мен ай

балаларға үнсіз тесірейе қарап тұр. Үрейі ұшқан балалар сөйлей алмай қалған екен. Бұларды көріп, дауыстап жылап жіберді. Бірақ, тырп ете алар емес. Жер астындағы су жүйесінің бірі жуан, бірі жіңішке құбырлары араларын бөліп, бөгет болғандықтан, үлкендер олардың жанына бара алмады.

—Мынау кәдімгі егеуқұйрықтар емес пе! — деп дауыстап жіберді Баян ата. —Осынша үлкен болып кеткендері қалай? —деп таңғалды ұста. Сайраштың әкесі кәсіпкер еді, қымбат телефонын алып, полицияға хабарласты. Оның сөзін тыңдап болғасын, полиция капитаны:

—Немене, біздің тышқан аулаудан басқа жұмысымыз жоқ па? —деді ренжіп.

— Ойбай, мыналар жай тышқан емес, үлкендігі қорқау қасқырдай бір құбыжық тышқандар! Өте көп! —деді кәсіпкер.

—Жарайды! —деді капитан.

— Тезірек жетуге тырысындар! —деп, кәсіпкер телефонын сөндірді.

Егеуқұйрықтар құйрықтарымен жер сабалап, балаларға жақындай берді. Құбырлардың арасынан, қуыс —қуыстардан тағы да келіп қосылып, бірте —бірте көбеюге айналды. Доскен мен Сайраш шыңғырып, бұрышқа тығыла түсті.

Көршілер шыдай алмай ұмтылып, жақындап келді. Бірақ, қолдарында Баян атаның таяғынан басқа құрал да жоқ. Төбесі аласа, қалтарыстағы қуысқа еркін кіре алмай амалдары таусылуға айналды.

Сол кезде әлдеқайдан бір алып тарғыл мысық екпіндеп жетіп келді де, егеуқұйрықтарға қарсы айбат шегіп тұра қалды. Бұл мысық сілеусін сияқты үлкен, күшті әрі айбарлы екен. Алғашында оның қаһарынан қаймығып, шегіншектеген егеуқұйрықтар қайтадан топтасып, сіресе түсті.

Тарғыл мысық жан —жағына отты көзімен бір қарап шықты да, кенет адамша сөйлеп қоя берді.

— Сәлеметсіз бе, Баян ата!

—Сәлем! —деді сасып қалған Баян ата . — Сен мені қайдан білесің?

—Баяғыда мені балалар тар құбырға тығып жіберіп, жан даусыммен мияулағанымды қызық көріп жатқанда, сіз келіп суырып алып, құтқарып жібергенсіз ! Есіңізде ме?

Баян ата есіне түсіре алмай, ұялыңқырап қалды.

— Оқасы жоқ, —деді тарғыл мысық . —Жасаған жақсылығыңды ұмытқан айып емес. Біреуден көрген жақсылығыңды ұмытпау керек! Мен онда кішкентай бала мысық едім...

Тарғыл мысық терең күрсініп, көзін бір жұмып, бір ашты. Доскенге керіле бір қарап, сөзін жалғады.

— Иә, мен кәдімгі үй мысығымын! Сенің мысығыңмын, Доскен! Сен мені кішкентай күнімде ойнау үшін сатып алдың да, құмарың басылғанша құлағымнан тартып, көкке лақтырып, жұлмалап, әбден азаптадың. Суға жүздірдің, отқа күйдірдің . Тар құбырға тығып жіберіп, өлтіре жаздаған да сенсің. Ол аздай, иттермен төбелестіріп, талаттың! Ақыры, жараланып, арып —ашыған кезімде далаға лақтырып тастадың! Есінде ме, Доскен?

Доскен ұялып, төмен карады.

—Мен содан көше кезіп, қаңғыбас мысық болып кете бардым. Суыққа тоңдым, ыстыққа күйдім . Көрінген бала таспен ұрып, көрінген ит ырылдап қуатын. Қоқыстардан қалған —құтқан тамақтарды жеп күнелттім. Ақыры, адамдардың тамаққа қосқан ғаламат қоспаларының әсерімен өзгеріп, осындай алып мысық болып еттім. Жер бетіндегі азапты өмірден қашып, жер астына түскенде ғана көзіміз ашылды. Мұнда өз қуысымыз бар, өз еркіміз өзімізде!

Ол сөзін аяқтағанша, егеуқұйрықтар тақалып келіп, шабуылға шықты . Тарғыл мысық көз ілеспес шапшаңдықпен алдыңғы аяғымен қағып, қағып жіберіп, бірнешеуін ұшырып, ұшырып түсірді. Олар шикылдап, кері шегінді.

— Мыналар да әуелде кәдімгі көртышқан болатын, —деді мысық . — Бұлардың ата —бабалары ежелден адамдардың тамақ қалдықтарын, қоқыстарды жеп қоректеніп жүретін. Ал, бірте —бірте азық —түліктердің барлығына дерлік әртүрлі жасанды қоспалар араластырылатын болды емес пе? Міне, соның салдарынан көртышқандардың тұқымы өзгеріп, осындай құбыжық болып кетті!

Жанай мен ай

Егеукұйрықтар еңкейіп, мұңайып қалды. Мысық бір —ақ ырғып, құбырға шығып алды.

—Дүние кезек деген осы, — деді ол. — Енді мына құбыжық егеукұйрықтардан сендерді менен басқа ешкім де құтқара алмайды. Бірақ, Доскен, сен үшін басымды қатерге тігіп, шайқасуға тіпті зауқым жоқ.

— Ал, Сайрашты неге құтқармайсың? Оның қандай жазығы бар? — деп дауыстап жіберді кәсіпкер.

—Сайраштың ба? О —о, Сайраштың жазығы бәрінен үлкен! Оның өзі болмаса да, әкесі сен жазықтысың! Сондықтан сен жауап беруің керек!

Сайраштың кәсіпкер әкесі үндей алмай қалды.

— Неге?

— Не үшін? —деп, Баян ата мен ұста шу ете түсті.

— Оны көршілеріңіздің өзі айтсын!

Баян ата мен ұста кәсіпкер көршілеріне сұраулы жүзбен қарады. Ол саскалақтап:

—Мен темір қақпақ ұрлаған емеспін! Ешқашан да! —деді.

— Иә, ұрлаған жоқсың. Бірақ сен ұрланған темір қақпақтарды арзанға сатып алып, шетелге қымбатқа сатып, пайда тауып келесің! Сен ақша төлейтін болған соң, ұры —қарылар көшедегі темір қақпақтарды ұрлап апарып саған өткізіп жүр. Егер сен ақша төлемесең, ешкім де қақпақты ұрламас еді. Сенің күнәң ұрылардан да ауыр!

Кәсіпкер ұялып, төмен қарады.

— Баланың жазығы жоқ қой, —деді Баян ата. — Қолыңнан келсе, бір жолға құтқарып жібер! Бәлкім, қателіктерін түсінер, енді қайталамас...

Мысық жер тырналап, жантүршігерлік дауыспен шыңғыра мияулап — мияулап жіберді. Сол сәтте қуыс —қуыстан, құбырлардың арасынан тарғыл —тарғыл, жүндері күдірейген көптеген мысықтар қаптап кетті. Олар егеукұйрықтарға тарпа бас салды. Егеукұйрықтар тым —тырақай қашып, қараңғы қуыстарға кіріп жоқ болды. Сайраш пен Доскен ақырын басып, бері шықты. Әкелері оларды құшақтай алды.

Осы сәтте жүгіре басып полиция капитаны келді.

Жауынгер капитан жалма —жан пистолетін мысыққа кезеп, атып жіберді. Бірақ, Баян ата оның қаруын таяғымен қағып үлгерді. Оқ мысыққа тимей, қабырғаға қадалды.

—Токта, тиме оған! —деді Баян ата, тағы да атуға оқтала берген капитанға. — Ол біздің досымыз!

Капитан мырс етіп, пистолетін қабына салды.

—Қандай батыр, қаһарман капитан!Мияу, мияу! Одан да ұрыларды уақытында ұстасаң етті! Мияу, мияу! — деп, тарғыл мысық құйрығын бір бұлғаң еткізіп, зытып жоғалды.

—Ауызға бәрі оңай! — деді капитан да қарап қалмай.

—Рахмет! —деп айғай салды оның соңынан Баян ата. Сақалын сипап, басын шайқады.

Барлығы шұңқырдан шығып, балалар күн сәулесімен қосыла қуана күлімдеді. Бірақ, үлкендер біртүрлі ыңғайсызданып, үнсіз тарасты.

Кешкісін дәу ұста шұңқырдың аузын ағаш қақпақпен жауып, бекітіп қойды.

Сақа

Біз бала күнімізде сақа ойнайтынбыз. Бұл бір қызық ойын. Сақа деп сиырдың асығын айтады. Оның екі жағын жұкалап жонып, күлдіргенде не алшы, не тәйкі түсетіндей ыңғайлап жасайды. Сақаны жерге қырынан иіріп тастағанды күлдіру дейді. Қырынан алшы не тәйкі түссе, немесе, тігінен түссе – күлгені. Тігінен, төбесімен түссе, тіпті жақсы – омпа дейді. Бүк не шік түссе — күлмегені. Күлсе — кезек алып, дыйды атасың. Күлмесе — келесі кезегінді күтіп қала бересің.

Сақаның ортасын үнгіп, қорғасын құяды. Сонда сақа дыйды атуға қолайлы, салмақты болады. Дый деп жылқының, сиырдың қысқа жіліншік сүйектерін айтады. «Сақам, сақам, соқ!» — деп, иіре тартып жібергенде, бес —он қадам жерге тігілген дыйлардың жып — жылтыр,

жалпақ бетіне қорғасынды сақа сақ ете түседі. Сақа тигенде, дыйлар жан — жаққа бытырай ұшып кетеді.

Ойынның шарты бойынша, әр бір дыйдың бастапқы тұрған сызықтан қанша жерге ұшқанын табандап өлшейді. Егер, келісілген қашықтыққа кетсе, \мысалы, үш табан, бес табан . \ дый сақаны атқан кісінің ұтысы боп есептеледі. Оған жетпей қалса, қайтадан сызыққа тігіліп, екінші ойыншы атады. Барлық дый ұтысқа кеткенше ойын жалғаса береді.

Сақа ойнағанның құмары, қызуы күшті. Тіпті, балалар қызылкенірдек болып, дауласып та жатады. Қимыл, қозғалысы көп, дәлдік, ептілік, шапшаңдықты талап етеді. Бұл ойын жас дененің шымыр болып өсуіне, бұлшық еттерді жаттықтыруға, сіңірлерді созып, ширатуға өте пайдалы. Сонымен бірге ол адамды тез ойлауға бейімдеп, қас — қағымда дұрыс шешім табуға баулиды.

Екі жерде екі...

Бірде ен далада жол жүріп келе жатып, екі дос — ақын мен математик дауласып қалды.

— Қарашы! Дала қандай, көкжиек қандай! Көктегі бұлттар қиялыңды қалықтатып, көңілің толқымай ма! — деді ақын.

— Ой, сен де қайдағы бірдемелерді айтады екенсің! Оның бәрінің есебі бар! Көкжиекке дейін қанша шақырым, даланың аумағы қанша десен, әңгіме басқаша! Қолма — қол есептеп берер едім! Өйткені, өмірдің өзі есеп! Математика дегеніміз өмір! — деді математик.

— Жоқ! Өмір дегеніміз поэзия! Жан — дүние күйі! Ой мен сезім! — деді ақын.

— Сендердің сезімдеріңді мен түсінбеймін! Менің білетінім — екі жерде екі – төрт! Бәрі де түсінікті! Бәрі де қағида! Тәртіп! — деді математик.

— Екі жерде екі төрт емес! Ақындар есепке сыймайды! — деді ақын.

Математик күлді.

Бір кезде машиналары сынып, айдалада қалды. Математиктің бір тиыны жоқ. Ақынның төрт доллары бар екен. Жалғыз үйлі диханнан екі бөлке нан мен екі шөлмек айран сатып алды.

— Ал, екі жерде екі қанша!? — деді.

— Төрт! – деді математик.

Ақын үндемей алға оза берді. Нанынан үзіп жеп, айран ішті. Математикке бермеді.

Қарны ашып, шаршай бастаған математик ақыннан нан мен айран сұрады.

— Екі жерде екі қанша? – деді ақын.

— Төрт! — деді математик. — Иә! Екі доллар қосу екі доллар, болады төрт доллар! Екі бөлке нан қосу екі шөлмек айран, болады төрт!

Ақын оған дым бермей, ілгері жүре береді. Математик әбден қалжырап, жүруге жарамай, құлап қалды.

Ақын оған айран ішкізіп, нан берді.

— Міне, екі жерде екі — төрт емес, шексіз мәнге ие болды! Өмір, тіршілік, адамның көңіл —күйі есепке бағынбайды! — деді ақын.

— Иә, өмір құрғақ есепке сыймайды екен! — деді, есі кірген математик.

Ақын оның арқасынан қақты. Екеуі ертеңіне аман —есен елге жетті.

17.07. — 10.10.2015ж.

Әдепсіз бала

Жетен кішкентай кезінен бастап өте әдепсіз болып өсті. Қолын жумай тамақ ішетін, үлкендердің тілін алмайтын. Кісіге қарап жөтеле беретін. Тіпті, бір топ адаммен бірге тамақ ішіп отырғанда, түшкіргісі кеп қалса, дастарханға қарата аузын баспай түшкіре салатын. Көшеде қарсы кеп қалған үлкен кісілерге жол бермей, қағып —соғып өте шығатын. Әке —

Жанай мен ай

шешесі оның бетінен қақпай, тым еркелетіп жіберді. Ондай қылықтарын жөндеп, аузынды орамалмен басып, теріс қарап жөтел деп ескерту де жасамады.

Бір күні Жетенді бір топ баламен бірге киноға түсуге шақырды. Мұғалімі жұлдыз боласындар деп, оқушыларды атақты режиссерге алып келді.

Режиссер Жетеннің түрін бірден ұнатып қалды. Оңаша отырып, асықпай сөйлескісі келіп, Жетенді шайға шақырды.

Жетен оған мәз болды. Өзін дүниежүзінің ең жарық жұлдызы сезінді. Режиссермен сөйлесіп отырып, оның бетіне қарай қатты түшкіріп жіберді. Ана кісі ренжіп қалса да, білдірмей, бет — аузын орамалымен сүртіп қойды.

Жетен оған қараған да жоқ. Шай ішіп отырғанда, балпылдап сөйлеп, дастарханға қарай, аузын баспастан, жөтеліп — жөтеліп жіберді. Оның аузынан шашыраған түкірігі қант — кәмпитке қонды. Тіпті, режиссердің бетіне, қолына да шашырап кетті. Режиссер одан жиіркеніп, кейін шегініп отырды.

Жетен оны байқамай, мақтана берді.

— Мені киноға түсірсеңіз, мен ең күшті актер боламын! Мені киноға түсіргеніңізді мақтаныш етесіз ! — деді. Бөсіп отырып, тағы да режиссерге қарай жөтеліп қойды.

Режиссердің ашуы келді.

— Сен әдепсіз, көргенсіз бала екенсің! Сені киноға түсіріп, бүкіл әлемге көрсетпек түгілі, сенімен бірге отырып, шай ішуге де болмайды! Бар кет, кәне! Сендей әдепсіз баланы мен енді қайтып көрмейтін болайын! — деп, Жетенді киностудиядан қуып шықты.

Жетен сонда ғана өз қылығына жаман ұялды. Көпке дейін өкініп, ақыры, мұндай жаман әдеттерден арылуға бел байлады.

Содан кейін ол тәртіпті, әдепті бала болды.

Төгілген қаймақ

Мереке мен Дүйсен есік алдында ойнап жүр. Ойын қызығына әбден берілген екеуі кішкентай қызыл допты әрі тепті, бері тепті. Біраздан кейін ашық тұрған қораның есігін қақпа қылып, соған доп соғумен әуре болды. Бір кезде қатты тебілген доп қораның ішіндегі шошалаға кіріп кетті. Мереке шошаланың есігін ашып ішке енді де, добын іздей бастады. Қара көлеңкеде әр нәрсені қармалап жүріп, әрең дегенде тауып алды да, сыртқа беттеді. Сол кезде жерде тұрған шағын аяқты байқамай ақтарып алды. Іші тола қаймақ екен, жарқырап еденге жайылды.

Далаға атып шығып, досына мән —жайды айтты.

Дүйсен де сасқалақтап қалды. Қабағын түйіп, әбден ойланды да:

— Қорықпа, мен амалын таптым. Қаймақты мысық төгіп кетіпті дейміз, — деді.

Кешкі шай үстінде мамасы Мерекеге қарап:

— Біреу аяқтағы қаймақты төгіп кетіпті. Бағана сендер ойнап жүр едіңдер, байқамай төгіп алған жоқсындар ма? — деп сұрады.

Мереке қысыла қызарақтады. Шынын айтуға шешесінен қорықты. Өтірік айтуға ұялды.

Ақыры өтірік айтты:

— Бағана шошала жақта анау жүрген, — деп, шешесінің аяқ жағында жатқан мысықты нұсқады.

Айтуын айтса да, қатты өкінді. Жазықсыз жалаға ұшыраған мысықты да: »Таяқ жейтін болды —ау!» деп, аяп отыр.

Шешесі ашу шақырмады: күлімсіреп, табакқа бір қасық қаймақ құйды да, мысықты шақырды. Керенаулау көтерілген мысық қаймақты көріп, дүр сілкінді. Табакқа таяп келе бергенде, анасы байқамаған болып, қаймақты жерге ақтара салды. Мысық табактағысын да, едендегісін де жалап —жұқтап соғып алды.

— Ал, ботам, — деді анасы Мерекеге мысықты нұсқап. — Жерге төгілген қаймақты да жалай білетін мысық бағана неғып қалдырды екен, ә?

Шешесінің көзіне көзі түскенде, Мереке ұялғанынан терлеп кетті.

— Мама, кешірші, бағана мен...ойнап жүріп..., — дей берді, жыламсырай міңгірлеп.

Жанай мен ай

— Өтірік айтқаныңды, ұялып отырғаныңды әу басында —ақ білгем. Гәп қаймақта емес, өтірік айтпа. Кінәнді мойындай біл!

Мереке шиедей қызарып кетті.

1983 ж.

2 —кластың «Әдебиеттік оқу» хрестоматиясынан.

«Алматыкітап» баспасы, 2013ж.

Балалардың аңшылығы

Әкөш пен Бәкөш таңертең далаға шықса, қар жауыпты. Қарашаның басы, күн онша суық емес. Бірақ, алғашқы қар қалың. Ауыл ағарып, толысып, әдемі болып кетіпті. Мұржалардан будақтаған көк түтін тұп —тұнық ауаны қақ жарып, зеңгір аспанға қарай жол тартып, тіршілік сәлемін алып бара жатқандай...

Екеуі алақайлап, ұлпа қарды уыстап —уыстап, бір —біріне шашып, асыр салды.

— Анаң қара, анау ненің ізі? – деді Әкөш бір кезде. Сүйретілген із қораға сүңгіпті.Екеуі қансонарда із кескен аңшылардай құмартып, қораға қарай жарыса жүгірді. Жеткенше қиялдап, даланы бастарына көтерді.

— Қасқыр шығар?

— Аю боп жүрмесін?

— Жолбарыс болуы да мүмкін!

—Арыстан болса қайтеміз?!

— Күрекпен соғып аламыз!

Қораға сүйеулі тұрған күректі Әкөш, айырды Бәкөш алды. Арыстанмен алысуға даярланып, есікті қорқа —қорқа ашты.Қораның ортасында қырдың қызыл түлкісі оттай лаулап тұр екен.

Балалар қомсынып қалды.

— Тіпті...қасқыр болғанда ғой! — деді Әкөш.

— Жарайды, бұйырғаны! — деді Бәкөш атасы құсап.

Енді екеуі түлкіні соғып алуға кірісті. Айыр, күректерін қанша сілтегенмен, түлкі ырып — ыршып, соққызбады. Ырылдап, айбат шеккенде арыстаннан жаман өзі.

— Сен мұны шығармай, есікті тіреп тұра тұр. Мен атама айтып келейін!

Бәкөш айырды ат қып мінді де:» Әйт, шүу, ала атым, » — деп, көбік қарды бұркырата жөнелді.

— Тез келіндер! — деп айқайлады оның артынан Әкөш.

— Байқа, шығып кетпесін! — деді Бәкөш.

Есікті тіреп тұрған Әкөш ақырын сығалап қарады. Түлкі әрлі — берлі орғып, құтылмасын білді — ау деймін, бір кезде адамша сөйлеп қоя берді. Даусы сыңғыр — сыңғыр етеді.

- Әй, сен неменеге мәз боласың? Анау сенен бұрын атаңнан сүйінші сұрап қоятын болды ғой! — деді құйрығын бұлғандатып.

Сүйінші дегенде Әкөш елең ете қалды. Сүйінші, байғазы сұрағанда, атасының қулана күліп, ескі былғары күмәжнегін терең қалтасынан асықпай алып шығып, баппен ашатыны есіне түсті. Содан кейін мейірлене иіскейтiнi көзіне елестеп кеткенде, үйге қарай бір — екі аттап барып тоқтады. Оны байқаған түлкі тіпті сыңғырлай түсті.

— Неғып тұрсың? Тезірек бармасаң, анау түлкіні жалғыз ұстаған Жеке батыр боп шығады ғой! Сүйінші де, атақ та соныкі! Саған түк те жоқ!

— Ал сен ше? Сен қашып кетесің ғой, — деді Әкөш сенімсіздеу дауыспен.

— Қалай қашамын, есік жабық тұрған жоқ па? Сенбесең, сыртынан тірей сал да, шап үйге!

Әкөш есікті күрегімен тірей салып, үйге қарай тартқанда, түлкі табалдырықтың саңылауынан сығалап, сылқ — сылқ күліп тұрды. Ол үйге кірісімен, түлкі есікті итеріп қалғанда, көбік қарға тірелген күрек сырғып кетіп, есік әжептәуір ашылды. Сол ашықтан сып ете түскен

түлкі үй —үйдің арасымен айдалаға қарай зытты. Үйден жүгіре шыққан үшеуінің көзі қу түлкінің құйрығын ғана шалып қалды.

— Айт! Айт! – деп, аталы —балалы үшеуі айқайға басып, ауыл иттерін айтақтап –ақ жатыр. Оған қарайтын түлкі жоқ, ә дегенше тас жолдан бір —ақ асып, кең далаға сіңді де кетті.

— Қап! Жайшылықта аяғыңа оратылып, балағыңнан алып жататын Кеңашының көп иті қайда осы?! – деді атасы, демін әрең алып.

Соны күтіп тұрғандай көршінің көк төбеті бастаған маңайдың бес — алты майлыаяғы маңқ —маңқ етіп, тас жолға қарай жүгіріңкірей беріп: « Үрдік қой, болды, » — дегендей, құйрықтарын бұлғаңдатып, кері қайтты.

1991 ж.

Ақ пейілді Асқар

Ертегі

Дала қариясы

Кең даланың бір түкпіріндегі кішкентай қазақ ауылында Асқар деген қарт өмір сүріпті . Уақыт өте келе қарттың балалары тәуір күнкөріс іздеп қалаға көшіп кетті. Ал дала қариясы шулы қалаға көшкісі келмей, өзінің туған ауылында қалды. Кейде оның көңілін әлдебір мұң басатын, ондай кезде ол ескі әндерді ыңылдайтын.

Ауылдың маңында дала өзені Сілеті ағып жататын. Көктем келгенде тып —тыныш жатқан өзен арнасынан асып, төңірегіне жайыла бастайды. Қарияның өзен жағасына келіп қиялға берілгенді жаны сүйеді. Бала күнінде ол жер бетіндегі әлем халықтарының ертегілерін қатты құмартып оқитын, оның әдемі таза қиялы ғажайыптар әлеміне жетелейтін. Енді жасы ұлғайған шағында да оны әділетті ертегі әлемі еліктіріп шақыра бастады. Асқардың қайтадан балалық шағына оралып,

алыс — алыс жерлерге жүзіп барып, өзінің сүйікті кейіпкерлерімен кездескісі келді.

Осылай ойласа болды, жүрегі алыста қалған бейқам, мұнсыз балалық кезіндегідей алабұртып, қаттырақ соғып кететін.

Балапандар мен жылан

Бірде ол қағаздан қайық жасап алып, өзеннің жағасына келді. Қария өзін кішкентай бала сияқты сезініп, жиһанкез ойынын есі кете ойнады.

Бір мезетте су бетінде жүзген бір шоқ шөп түбіртегінің үстіндегі құстың ұясын көрді. Ұяда үш балапан паналап жатыр екен. Олар көңілдене шықылықтап, өздерін аналары қашан тамақтандыратынын күтіп, ауыздарын ашып қояды.

Сол кезде судан бір үлкен жылан шыға келіп, балапандарды бас салмақ болды. Бірақ Асқар ұяны еппен ұстай алып, жағаға шығарып үлгерді. Жылан зәрлене ысылдап, суға сүнгіп кетті. Ана — құс ұшып келіп, өзінің ұясына қонып, Асқарға қуана — қуана алғыс айтты:

– Рахмет! Ең асыл арманың орындалсын!

Балапандар да қанаттарын қағып — қағып қойып, шаттана шықылықтай бастады.

Қатты ызаланған жылан тағы да тереңнен жүзіп шығып, құйрығын сермеді. Осы кезде қуатты толқын көтеріліп, Асқар мен құстарды соғып өтті. Келесі сәтте толқын қайтып, тұншығып қала жаздаған Асқар есін жиғанда өзінің қағаз қайығының үлкен мықты қайыққа айналып, онда балапандармен бірге отырғанын көрді. Ал ескекте Ана — құс отыр екен.

– О, мейірімді балақай! Сен ертегі оқиғасына батыл араластың! – деп сөйлей жөнелді құс әуезді дауыспен. – Шекарадан өтіп біздің әлемге ендің! Енді сенің алдыңда ұзақ жол жатыр – өзіңнің туған ауылыңа оралғанша бір жыл уақыт бар! Бірақ сен қамықпа – қайырымды достарың әрдайым сенің қасыңнан табылады!

Құс осы сөздерді айтты да ұшып кетті. Құстың өзін неге балақай дегеніне Асқар таңғалды. Еріксіз суға үнілді де, қалшып қатып қалды!

Судан оған жас бала қарап тұрды! Бұл өзі, Асқар еді!

Жанай мен ай

Ол басын ұстай алды. Судағы бейне де осылай етті. Қария бір ғажайыптың күшімен өзінің балалығына оралды!

Оның арманы орындалды! Ол балаға айналды! Оның үстінде күміс өрнектері бар қызыл жағалы көк қамзол — шекпен, шағын ақ қалпақ пен кең сұр шалбар болатын. Былғары белбеуде былғарыдан тігілген дорба ілінген.

Дала төсінде баяу ағып жатқан Сілеті қайықты алысқа әкете берді.

Сиқырлы тақия

Түн болды. Асқар жағаға шығып қайықты шоқ бұтаға байлады. Шөпшек жинап от жағып, кешкі астың қамына кірісті.

Бір кезде оған қарай бір бейтаныс адам дыбыссыз байқатпай жақындап келді. Асқар оны бірге тамақтануға шақырды. Бұл қазақ ертегісінің кейіпкері Алдар Көсе еді. Тамақтан кейін Алдар көсе көңілденіп, Асқарға былай деді:

– Байқауымша, сен қайырымды баласың! Алдап жібергім келіп тұрса да, сені алдамаймын! Сенің қайырымдылығың үшін мен саған сый — сияпат жасаймын! Мына тақияны ал! – деді.

Алдар Көсе балаға біраз киілген ескі тақиясын берді.

— Мұны ескі — күсқы деп ойлама! Бұл жай тақия емес, сиқырлы тақия! Егер кім де кім мұны кесе, сол бойда көзге көрінбейтін болады! Бірақ, ол үшін адамның ниеті адал болуы керек және сиқыр бір рет қана іске асады. Ал егер жаман ой ойласа, сиқырлы күші жойылады! Осыны есінде сақта!

Асқар аузын ашып үлгергенше Алдар Көсе қараңғылыққа сіңіп кетті.

— Дегенмен, мен сені алдадым! – деген көңілді дауысы ғана құлаққа жетті. – Тақияның тек бір ғана емес, екі мүмкіндігі қалды!

— Рахмет! Қандай жақсы өтірік! – деп айқайлады оның соңынан көңілденіп кеткен Асқар.

Кемпір мен алтын балық

Таң атқан соң ол әрі қарай жүзе берді. Бір кезде біреудің әлдекімнің жер —жебіріне жете ұрсып жатқанын естіді. Бұрылып қараған кезде жағадан кемпір мен шалды байқады. Асқар оларға қарай жүзіп барды.

– Ах, антұрған! Сен кімді алдамақ болдың? – деп, кемпір шелектегі әлденеге саусағын безейді. Ал қарты үн —түнсіз оның айналасында сенделіп жүр.

Асқар жағаға шықты. Бірақ шал мен кемпір оны мүлдем байқамады. Асқар секіріп түсіп, тал —шіліктің тасасына жасырынған күйі оларды бақылай бастады.

Долданған кемпір шелектен балық алып шықты. Бұл жай балық емес, алтын балық еді!

Осы кезде Асқардың есіне әлдене түсе кетті! Бұл Александр Сергеевич Пушкиннің ертегісінен ғой! Оған әрі қызық, әрі қорқыныштылау көрінді. Аздап сабырға келген кемпір өзінің темірдей қатал даусымен алтын балыққа былай деп жатыр:

– Сен немене, мені сенен оп —оңай айырыла салады деп ойладың ба? Өзіңнің сыйлағандарыңды неменеге кері қайтарып алдың? Бұл жақсы емес... әуелі үй, сарай сыйлап, артынша бәрін кері қайтарып алғаның не?! Мен, бірақ, айламды асырдым! Сені күттім, тіпті ұзақ күттім, ақыры ұстап алдым! Енді сен менің қалағанымның бәрін орындайсың, не мен сені шойын табаға салып, маздаған отқа қуыратын боламын!

Кемпір от тұтатты. Түтіннің иісі шықты.

Асқар сиқырлы тақияны басына киіп, көрінбеген күйі тез отқа жүгіре жетті. Кемпірдің артына бұрылып, байғұс шалға әлдене деп бұркылдап жатқан сәтін пайдаланып, алтын балықты ұстай алды да, әрірек жүгіріп кетті.

Өзінің қайығына жеткен бойда ағыспен төменге қарай жүзе жөнелді. Ол кішкене кезінен осы ертегіні жақсы көретін. Енді өзін шынымен бақытты сезінді!

Алғашқы болып алтын балық тіл қатты.

Жанай мен ай

— Рахмет саған, Асқар!

— Сен менің атымды қайдан білесің?! –деп, бала таңғалды.

— Сен немене, ұмыттың ба ? Мен сиқырлы балықпын ғой!

Асқар шаттана күліп жіберді.

— Бірақ мейірімді ертегілердің заманы өтті. Адамдар бәрін қиратып, өз ынғайларына қарай өзгертіп, жер бетінде сиқырға толы ғажайыптарға орын қалдырмады. Бәрі пайда табу жолындағы жанталас жарысқа түсіп кетті. Менің де барлық жерде соңыма түсті. Барлық су қоймасына ау құрып, оны қопарғышпен жарып, бейшара балықтарды улады. Міне, ақырында кәрі қарға мені ұстап алды!

Асқар балықтың әр сөзін ой жібере, зейін қойып тыңдады.

– Адамдар мені ұстап алып, байлық, дәулет сұрағысы келеді. Ал мен әркім өз ақылымен, ерік —күшімен мақсатына жетуі тиіс деп есептеймін.

– Мен сізден ештеңе сұрамаймын! Мен тек жер жүзіндегі балалардың сүйікті балығын кәрі мыстанның қуырып жеп қойғанын қаламадым!

– Білем! –деді балық, – сонда да мен саған бір таңғажайыпты сыйға тартқым келеді!

Бұл ерекше таңғажайып – жалғыз тілек болатын. Асқар не тілесе де ол тілегі орындалмақ. Тек бір шарты бар – тілек тек мейірбан, ізгі тілек болуы тиіс. Егер ол бір жаманшылық ойласа – бұл қасиет сол бойда жоғалады!

Асқар алтын балыққа алғысын білдіріп, оны өзенге жіберді. Көп кешікпей орманды көрді де, жаяу жүріп саяхаттағысы келді. Ол қайықты жағада қалдырып, орманға қарай бет алды.

Маша мен аю

Ол орман жиегінде жидек теріп жүрген қызды көрді.

– Бұл орыс халық ертегісіндегі Маша ғой! – деп айқайлап жіберген Асқар оған қарай асыға беттеді. Олар танысты. Асқар оған өзінің Маша мен аю туралы ертегіні қалай жақсы көретіні туралы айтты.

– Міне, сен қандай ақылды және әдемісің! Сенімен кездескеніме соншалықты қуанышты екенімді білсең ғой! – дегенді ол сүйіне айтты.

Маша оның сөзіне қуанып, бірақ сол бойда мұная қалды.

– Мен аюды алдап үйге келгеннен бері атам мен әжем тағы да аю ұрлап кете ме деп үнемі қорқатын болды. Бүгін серуендеу үшін оларға айтпай, орманға шығып кеттім!

Осы кезде олар үлкен аюды көріп қалды. Естері шығып, жуан қарағайдың тасасына тығылды. Аю еріне басып оларға қарай тіке жүрді.

– Ой, Асқар, мен қорқамын! – деп сыбырлады Маша. – Егер ол мені көрсе, алып кетеді де, еш уақытта босатпайды! Мен енді қайтып атам мен әжемді көре алмаймын!

Асқар оны аяп кетті. Осы кезде оның есіне Алдар Көсенің сиқырлы тақиясы түсе кетті.

– Мына тақияны киіп ал – көрінбейтін боласың! Саған енді ештеңеден қорқудың қажеті жоқ! – деді Асқар.

Маша қуанып, тақияны киіп, көзге көрінбеген күйі үйіне қарай жүгіре жөнелді. Аю ырылдады. Асқардың жүрегі зу етті, бірақ аю қызды көрмей, ары қарай жүре берді. Асқар ойша Алдар Көсеге алғыс айтты: нағыз ер жігіт, ұлы алдаушы оны алдамапты!

Қап, бәлем, қоян, тұра тұр!

Асқар деревняны жағалай жүріп келе жатып, қамыс арасына жасырынған бір баланы көрді. Ол қолындағы рогаткамен құсты көздей бастады. Асқар оған жүгіріп келіп, оның қолынан рогатканы жұлып алды.

Жанай мен ай

— Қалай ұялмайсың? – деп айқай салды оған. – Егер сені рогаткамен атса, жақсы бола ма!

Бала қорқып, каша жөнелді. Асқар сотқардың соңынан кумады, ал рогатканы дорбасына салып алды. Ол өзінің сапарын жалғастырды. Алаңқайға шыққанда «Қап, бәлем, қоян, тұра тұр!» мультфильміндегідей қызық көрініске тап болды. Қасқыр қоянды ұстап алған. Ол қоянның барлық қылықтары үшін дұрыстап тұрып сазайын бермек болғанға ұқсайды, өзінің сіңірлі тарамыс аяғын сермеп, ұрған сайын: «Тұра тұр, бәлем! Тұра тұр, бәлем!» – дей береді. Қоян селк ете түседі де, ақырын: «Өзің тұра тұр, өзің тұра тұр!» деп күбірлейді. Асқар байқатпай келіп қасқырға айқайлай бастады.

– Ей, ұятсыз! Әлсіздерді жәбірлеуге қалай дәтін барады?

Тосыннан шыққан айқайға шошып кетіп, селк ете түскен қасқыр қояннан айрылып қала жаздады.

– Қалай ұялмайсың? – деп қыспаққа алды Асқар, қасқырдың есін жиюға мұршасын келтірмей. – Сені ата —анаң әділеттілікке баулымаған ба?

Қасқыр осы кезде қарқылдай күлді.

— Үйретуін үйретті ғой! Тек менің қатты ашыққаным сондай, ол әділеттілікті де жеп қойдым!

— Өтірік айтасың! – деп қарсылық білдірді Асқар.

— Сен бала, немене, мына менің – қасқырдың сөзіне сенбеймісің!? – деп ызалана бастады қасқыр.

Асқар оны одан сайын ызаландырды.

– Қане, онда аузыңды аш та, тістеріңді көрсетші, олардың өткірлігін байқап көрейін, тек сонда ғана сенің сөздеріңе сенемін!

Қасқыр ет қызумен аузын арандай ашқаны сондай, Асқарға оған қараудың өзі қорқынышты көрінді. Үлкен, қанжардай өткір азулары күн сәулесімен шағылысады. Қоян қорыққанынан дірілдеп қоя берді. Асқар әр тісті мұқият қарап жатқандай болып тұрды да, ағаш рогатканы оның аузына тікесінен қоя салды. Қасқыр аузын жаппақшы болғанда, қайыңнан жасалған мықты рогатка жағына тіреліп, жапқызбады. Қасқыр аузын одан сайын ашып, рогатканы түкіріп тастамақ болғанда, ол жақтың жоғарғы және төменгі бөлігіне одан сайын тіреле түсті де,

тістің берік табаны оның сыртқа қарай тайғанап шығып кетуіне жол бермеді. Қасқырдың аузы жабылмай, жағы ашылған осы күйі өте күлкілі көрінді. Ол қоянды жіберіп, өзінің аяқтарымен басын тоқпақтап, тұмсығын айналдыра бастады. Қоян бұталардың арасына зып берді. Бейшара қасқыр басын ағаштарға соққылаған күйі ну орманға кіріп кетті.

Қоян бұтадан шығып, Асқарға келді. Олар танысты

– Тыңдашы, қоян, қасқыр сенің соңыңнан қанша қуса да ұстай алмап еді! Ал бұл жолы қалайша қолға түсіп қалдың?!

– Ол мені алдап қолға түсірді! «Барлық хайуандар мен жануарлар, құстар мен балықтар бұрынғы өкпе —реніштерін ұмытып, татуласатын болып шешті! Бұдан былай біздің бәріміз – бауырмыз! Олай болса, туыс ретінде құшақтасайық!» деп сендіріп сөйледі, осылайша мен достық құшақтың орнына темір тырнақтарға түсіп қалдым.

Осы кезде олардың жанына қасқыр жүгіріп келді. Оның жабылмай қалған аузынан әбден қиналып, азапқа түскені көрініп тұр. Асқар мен қоян оны аяп кетті де, қасқырдан ендігәрі ешкімге жамандық жасамайтынына сөз беріп, ант —су ішуін талап етті. Сөйлей алмай қалған қасқыр бар болғаны басын изей берді. Асқар оның аузынан рогатканы алып тастаған кезде, қасқыр алды —артына қарамай зытты. Кетіп бара жатып: «Жақсы, рахмет!» деп гүр етті. Ал қоян оның соңынан: «Қап бәлем, қасқыр!» – деп ойнақылана күліп қала берді.

Ақылды ана қаз Акка

Асқар қоянмен қоштасып, сапарын одан әрі жалғастырды. Көп ұзамай ол шағын көлді көрді. Күн ыстықтау еді, ол қуанып кетті. Бірақ, алыстан су ішінде күйбендеп, қамыс арасына жасырынған екі бірдей күмәнді сұлбаны байқап қалды. Бұлар аңшылар еді. Олар судың ішіне үлкен, мықты тұзақ құрып жатты. Бір уақытта өздерінің зұлымдық істерін бітіріп, кетіп қалды.

Асқар суға ақырын келді де, бәрін түсінді. Тұзақ құс аулау үшін құрылған еді!

Дәл осы мезетте қаздар ұшып келді. Олар салқын әрі таза суға сүңгіп кетіп, шөлдерін басып, тура бала отырған маңдағы тұзаққа қарай жүзіп келді. Асқар оларға айқайлай бастады:

– Қаздар, қаздар! Бұл жерге жақындамандар! Бұл жерде тұзақ бар!

Қаздар одан сайын қаттырақ қаңқылдай түсіп, тоқтады. Асқар тұзақты жұлмалап жағаға шығара бастады. Сол кезде оның жанына қаздар келді.

Асқар оларды таныды. Бұл Сельма Лагерлефтін ертегісіндегі қаздардың нақ өзі болатын! Ол ежелгі достарымен кездескеніне қатты қуанды. Ия, ия, ол өзін ертегілердің барлық сүйкімді кейіпкерлерінің досы санайтын. Осы жерде сұрақ туады: ал олар алыс ауылдағы белгісіз қазақ баласын өздерінің досы санай ма?

Қаздар мазасыздана қаңқылдап, бейтанысты қоршап алды, ал олардың жолбасшысы — жас еркек қаз айбат шеге ысылдап, үлкен қанаттарын барынша жайып, ұзын, қатты тұмсығын жоғары көтеріп, шайқасуға дайындала бастады. Бірақ үлкен ақ ана қаз қаңқ етіп, оларды тоқтатты.

– Кез келген бейтанысты дұшпан санау дұрыс емес! Одан да мына тұзаққа қарасандаршы! Оларды біздің алдымыздан құрып қойған! Егер мына қайырымды бала кездеспегенде, не болатынын кім білсін!

Ол мамырлай басып балаға жақындап, оған ризашылық білдірді.

Асқар жымиды.

– Сіздің есіміңіз Акка емес пе?! – деп сұрады ол үлкен ана қаздан.

– Ия! Бірақ сен оны қайдан білесің? – деп, ана қаз таңырқады.

Асқар өзінің олар туралы ертегіні қызыға оқығанын айтып берді.

– Сіздің Акка деген есіміңіз қазақша Ақ қаз дегенге ұқсас!

Акка баланың ілтипат білдірген сөздеріне масаттанып, марқайып қалды.

– Сен ізгі ниетті баласың! Бұл қасиет Табиғаттың үлкен сыйы!

Қаздарға оның ақ көңілден айтылған сөздері ұнап, олар достық пейілмен оған жақындады. Асқардың саяхаттағысы келетіні туралы білгеннен кейін, оны өздерімен алыс жақтарға ала кетті. Асқардың

бақыттан төбесі көкке жеткендей болды, бұл сөздің тура мағынасында да солай болатын, өйткені ол қаздарға мініп, алқаптар мен көлдердің, таулар мен ормандардың үстінен ұшып өтті. Ұшар биіктен қарағандағы жер беті неткен ғажап десеңші!

Ол қуана айқалап жіберді! Қолдарын екі жаққа жазып жіберіп, бүкіл жер бетін құшағына алғысы келген еді! Сол сәтте қаздың арқасынан құлап кетіп, төменге қарай құлдилай жөнелді!

Жас еркек қаз шошына айқайлап жіберді, үйір алаңдап, ұшуларын баяулатты. Бірақ, дана Акка баланың төменге қарай қалықтай ұшқанына көз тастап, былай деді:

– Сапарымызды жалғастыра береміз! Ол керек жеріне келіп жетті және өзіне керегін жолықтырады!

Топ қаз одан әрі ұша берді.

Мәртебелі барон Мюнхгаузен

Асқар барон Мюнхгаузеннің шабындығында үюлі тұрған бір мая шөптің үстіне құлап түсе қалды!

Мәртебелі барон белгісіз жұмбақ елден келген осынау сирек қонақты көргенде қуанды. Ол өз қызметшілеріне мол дастархан жасауды бұйырды. Баланы жақсылап тамақтандырды. Көптеген қызықты оқиғалар айып берді, Асқар да оған еліктеп, қазақтың қиял —ғажайып ертегілерін есіне алды. Бір мезгілде қыза —қыза келген барон балаға ұсыныс айтты:

— Кел, бәстесіп өтірік әңгіме айтайық! Кім асыра өтірік айта алатынын көрейік!

— Қойыңыз, мен сізге бәсекелес емеспін! Мен сіз туралы оқығам! Сондықтан сіздің ұшқыр ақылыңызды, ғажап ой —қиялыңызды жоғары бағалаймын!

— Менің ізгі ниетімді қабыл алыңыз! – деді масаттанған суайт —барон сыпайылық танытып. – Егер менімен өтірік әңгіме айтудан сайысқа түспейтін болсаң, онда бұл ежелгі тас қорғаннан мәңгі —бақи шықпайтын боласың! Өзінің сөзіне сендірмек болған барон ұзынша

Жанай мен ай

мылтығын алып, ауаға гүрс еткізіп атып жіберді. Бала сол бойда басын изей қойды.

— Міне, тыңда, жарқыным Оскар...

— Мен Оскар емеспін, Асқармын! – деп қарсыласты Асқар.

– Енді, бізге осылай үйреншікті! –деп, тоқмейілсіген барон Мюнхгаузен мырс етті. – Сен өкпелеме, Оскар! Сонымен, бірде мен ішім пысып, зерігіп, өзімнің ескі бытыра мылтығыммен пешімнің ыстық тұрбасының тура үстінен ұшып бара жатқан қаздарды көздеп атып кеп жібердім! Одан кейін не болғанын білесің бе? Айтсам ешкім сенбейді!

Барон қатты беріле, мұртын ширатып сөзін жалғады:

– Кенет пештен тарс етіп әлдене түсе қалды! Қарасам – қуырылған қаз! Дәмділігі сондай – бармағыңды жалайсың!

– Сол оқиға болған кезде біз екеуміз бірге едік қой! – деп күлімсірей жалғастырып әкетті бала. – Өзіңізбен біздің Сілеті өзенінің жағасында кездестік! Сіз зеңбірек ядросына отырып алып, саяхаттап жүргенде, түсіп қалдыңыз. Мен сізді қайықпен келесі жағаға жеткізбек болдым. Ол кезде де біз тап осылай кім асыра өтірік айта алады деп бәстескен болатынбыз! Қызу бәстескеніміз сондай, біз өзімізді қайығымызбен қоса үлкен, ызақор ата қаздың жұтып қойғанын байқамаппыз! Біз өзіміздің пікірталасымызды ашуға мінген құстың ішінде де жалғастыра бердік, сол уақытта ата қаз өз тобының жолбасшысы болып ұшып келе жатқан еді!

– Хм —м, бұлай болуы әбден ықтимал және менің жобама келеді! – деп, барон қарқылдай күлді.

– Біз екеуміз ата қаздың қалай ұзақ ұшқанын байқамаппыз! Бір кезде оған қарай мылтық атылды! Сөйтсек, сіздің пешіңіздің ыстық тұрбасының үстінен ұшқан құсқа оқты дәлдеп тигізген сіз екенсіз! Осылайша сіз екеуміз сіздің түскі ас ішетін үстеліңізге тап болдық!

– О —о, бұл тіпті қызық! Барон өзі ішінде отырған қазды өзі атып түсіреді! Керемет!

– Сіз қазды сойған кезде, – деп жалғастырды Асқар күлімсірей. – Біз сол жерде әлі бәстесіп отыр екенбіз! Сіз бізге айқайлағанда барып, біз

есімізді жиып, қорыққанымыздан қуырылған қаздың ішінен секіріп түстік!

Мюнхгаузен барон үнсіз басын шайқай берді.

– Ең қызығы осы кезде басталды: ата қазды атып алған Мюнхгаузен қуырылған ата қаздың ішінен шыққан Мюнхгаузенді жеп көргісі келді! Анау мұнымен келіспей, екі барон бір —бірімен ұстаса кетті!

– Жоқ, олай емес, бұл өтірік! Мюнхгаузен – каннибал да, өзін —өзі өлтіруші де емес! – деп, суайт —барон күйіне айқайлап жіберді.

– Мен сізбен толық келісемін! Бірақ, рахым етіңіз, менің сізден өтірігімді асырғанымға келісетін шығарсыз! – деді бала жымыңдап.

Барон Мюнхгаузен қарқылдай күліп, Асқардың иығынан қақты.

– Бәрежелді, Оскар!

Мәртебелі барон осылай деп бірнеше рет санқылдай дауыстады.

– Енді бара бер, бірақ мынаны ойына мықтап түйіп ал: бұдан былай және өмір бақи барон Иероним фон Мюнхгаузен сенің адал досың! Міне, мен өзімнің ысқырғышымды саған ескерткішке берем, екі рет ысқырсаң болды – мен саған жетіп келем! Менің ірі калибрлі тамаша мылтығым әруақытта саған қызмет ететін болады. Есінде болсын: барон Мюнхгаузен әруақытта тек қана шындығын айтады және өз сөзіне жауап береді! Тек менің шындығымның аздап фантастикалық жағы басым!

Асқар ысқырғышты дорба —сөмкесіне жасырып, қонақжай баронға алғысын жаудырып, одан әрі жолға шықты.

Қайтпас қайсар қалайы солдат

Қыр баласы ертегі әлемін рахаттана ұзақ аралады. Ол өзіне ұлы ертегішілердің кітаптары арқылы таныс көптеген атақты кейіпкерлерді кездестіріп, олармен дос болды. Ағаш басында отырған Винни Пухты, етік киген Мысықты, салтанатты киінген Щелкунчикті, Ергежейліні (Карлик Нос), өзінің ханзадасымен бірге жүрген Күлше қызды (Золушка), әжесінің қасындағы Қызыл Телпекті және басқа да ертегілердегі өзінің көңіліне өте ыстық сүйікті кейіпкерлерді кездестірді. Оларға кара күштер шабуылдаған кезде неше түрлі

қызықты оқиғалар мен жағдайлар болды. Ондайда достар бір —бірін құтқарды. Осындай адал достық пен мейірбан сезімнің әсерінен Асқар өзін бақытты сезініп, шексіз қуанышқа бөленді. Ол өзінің ескі де жаңа достарына өміріндегі осынау қуанышты сәттері үшін алғыс білдіріп, олармен жаны жылылыққа бөлене тұрып қоштасты.

Біраз уақыттан кейін Асқар белгісіз бір қалаға келді. Ол тар көшемен жүріп, айналасын көзбен шолып келеді. Кенет бір уыс қоқыс пен күлді көзі шалды. Бала әуелгіде оны айналып өтпекші болды да, бірақ оның тегін қоқыс үйіндісі емесін байқап қалды. Ол таяқ алып үйіндіні тырмалап көрді. Онда балқып кеткен қалайының қалдығы мен өртенген сәнді түйреуіш жатыр еді.

Асқар қалшыып тұрып қалды: «Бұл Ганс Христиан Андерсен ертегісіндегі қайтпас қайсар қалайы солдат пен оның биші құрбысы ғой!» Ол осы ертегілік солдатты жақсы көретін және оны сүйікті бишісімен бірге от шашқан пешке тастағаны жанына батқан. Міне, енді ол өзінің қолында! Асқар бақтағы орындыққа отырып алып, қайтпас қайсар қалайы солдатты қайткенде бұрынғы қалпына келтіріп, қатарға қосуға болатыны және биші екеуін үйлендіру туралы ойлап кетті. Ол ештеңе емес, ол тіпті жауынгердің екінші аяғын да қалпына келтіргісі келді! Осы кезде алтын балықты есіне алды.

Ол балықты шақырып, оған өзінің тілегін жеткізді. Осы кезде оның құлағына толқынның шолпылдағаны мен балықтың қоңыраулы үні келіп жетті: «Солай —ақ болсын!»

Келесі сәтте қалайының қалдығы мен өртенген сәнді түйреуішке жан бітіп, селк еткендей болды да, жоғары көтеріліп бара жатты. Асқар әуелде оларды тіпті дұрыстап көре алмай қалды. Қараса: қайтпас қайсар қалайы солдат өзінің салтанатты киімімен, екі аяғы түгел күйінде қасындағы бишісімен қайтадан жерге түсіп келеді!

Бәрінің қуаныштарында шек болмады. Олар құшақтасып, бір —бірін айнала жүріп би биледі. Сосын жауынгер мен бишіге жақсылық ойламайтын арам ниеттілердің көзіне қайта түспеу үшін тез арада бұл қаладан кетіп қалуды ұйғарды. Ең дұрысы алыс жақтарға кету деп шешті олар.

Бремен музыканттары

Бақытты достар қуаныштың құшағында қалықтай ұшып бара жатқандай еді, көп ұзамай олар иесіз иен ормандағы жападан жалғыз тұрған үйдің қасына тап болды. Олар үйге кіріп дем алмақшы болды. Бірақ, ол ойлары бірден іске аспады.

Алдымен ит үрді, қораз шақырды, мысық мияулады. Оған адам шошырлық ақырған дауыс қосылды. Биші қорыққанынан өзінің қайтпас қайсар қалайы солдаттына тығылды, ал ержүрек жауынгер қаруын шапшаң көтеріп, ұрысқа дайын тұрды. Бірақ қыр баласы Асқар есектің дауысын бірден танып, достарына белгі беріп, сабырға шақырды.

— Мә! Бұл ағайынды Гриммдер ертегісіндегі Бремен музыканттары ғой! Міне, керемет!

Бала қуанып құшағын жайған күйі үйге жүгірді. Қуана күлімсіреген баланы көрген Бремен музыканттары тынышталып, достарды үйлеріне кіргізді.

Танысып, әңгімелесіп өздерінің бастан кешкен оқиғаларын айтып берді.

Музыканттар қайтпас қайсар қалайы солдат пен бишіден өздерінің қасында қалып, бірге тұруларын өтінді.

— Біздің досымыз және сенімді қорғаушымыз боласың! Ал биші ас үйді басқарады және билейтін болады!

Қайтпас қайсар қалайы солдат ойланып қалды. Осы кезде биші әңгімеге араласты:

– Сенің қызмет етіп келе жатқаныңа ұзақ уақыт болды. Дегенмен саған да тыныш өмір сүріп, демалу керек. Расымен де, сүйіктім, осы жерде қалайық, бейбіт өмірдің рахатын сезінейік!

Қайтпас қайсар қалайы солдат жымия күлді. Оның өзінің де көптен бері бақытты отбасылық өмір кешіп, жаны демалыс қалап жүрген болатын, сүйіктісінің сөздері оның ойындағысын дөп басты. Ол келісті. Барлығы бұл шешімді қуана құптасты. Бремен музыканттары әндете бастады. Асқар оларға қосылды, ал биші әдемі биімен сүйсіндірді. Қайтпас қайсар қалайы солдат та шыдап тұра алмай, онымен бірге билей жөнелді.

Осы кезде қатты айқай —шу мен дүрсілдеген аяқтың дыбысы естілді. Терезеден далаға көз салған достар өздерінің үйлеріне қаракшылар шабуыл жасағанын түсінді. Ия, бұлар бір кезде Бремен музыканттары

Жанай мен ай

куып жіберген қарақшылар еді. Ашулы қарақшылар қылыш пен канжарды олай да бұлай сілтейді.

Достар қорғанысқа көшті.

Осы кезде Асқардың есіне өзінің барон досы түсе қалды. Ол дорбадан ысқырғышын алып, екі рет ысқырды. Жауап ретінде одан да қатты ысқырық естілді. Сөйтсе, бұл барон Мюнхгаузеннің зеңбірек оғы болып шықты. Барон зеңбірек ядросына мініп, жолай өзінің үлкен қаруын оталдырып келеді! Ыңғайы келгенде, ол қалың шөпке секіріп түсті, ал снаряд болса әрі қарай ұша берді. Түрлі —түсті мундир киген және қолында көлденең ұстаған екі үлкен мылтығы бар, аспаннан түсіп келе жатқан жауынгер баронды көрген қарақшылар зәрулері зәр түбіне кетіп, алды —артына қарамастан қаша жөнелді.

Барон Мюнхгаузен олардың ізінен екі рет атып —атып жіберді. Қарақшылар көзден ғайып болды және олар енді қайтып келмейтін —ақ шығар!

Айбынды барон қарқылдай күлді.

– Ал қалай, Оскар?!

Достар қол шапалақтап жіберді.

— Барон Мюнхгаузен – нағыз дос! Ол ешуақытта өтірік айтпайды және айтқан сөзінде тұрады!

— Рахмет, данке ! Рахмет! – деді Асқар жарқын дауыспен.

Барон сыпайы түрде қалпағын жоғары көтеріп, әлдене айтпаққа оқталды. Бірақ, зеңбірек ядросының өзіне қарай қайтып ұшып келе жатқанын көрді де, тез есін жиып, тура атқа мінгендей ядроға ырғып мініп алып, ұшып кетті.

– Кездескенше, Оскар! – деген дауысы естілді.

– Кездескенше, барон! – деп айқайлады Асқар оның ізінен.

Оның жаңа достары оқиғаның осылайша өріс алғанына таң —тамаша болып, қайырымды балаға алғыстарын білдірді.

Кенет жел гулей бастады да, күрт салқындап кетті. Қар жауып, боран басталды. Достар үйге тығылды.

Қар ханшайымының жылуы

Көп ұзамай ауа райы қайтадан өзгерді. Жылынып, артынша ысып кетті. Кесек қарлар тез ери бастады. Асқар үйден шығып, айналаны жіті қарап шығып, ауа райының осылайша жылдам құбылғанына таңғалды. Біраздан соң ол ағаштардың арасынан күн сәулесімен ерекше жалтылдап, жарқырап тұрған күймені көрді.

Бұл Қар ханшайымының күймесі болатын. Сондай сымбатты, айбарлы және өктем көрінетін ол үнсіз отырған күйі Асқарға тіке қарады.

Асқар қуанып кетті.

— О —о! Мен сізді таныдым! Сіз Қар ханшайымысыз! Мен Ганс Христиан Андерсеннің ертегісін оқыған соң, сізді көрсем деп армандаушы едім. Ия, сіз расымен де теңдессіз сұлу екенсіз!

Баланың шын көңілден айтқан сөздерінің Ханшайымға ұнағаны соншалық, ол күлімсіреді. Сол кезде оның бет —жүзі де жыли бастады.

Тек осы сәтте ғана Асқар ыстық ауаның оған жақпайтынын байқады. Оның қар мен мұздан жасалып, гәуһар секілді күн сәулесімен ойнақылана құбылған жарқырауық әдемі киімдері мен әшекейлері енді болмаса еріп кеткелі тұр еді. Мұз күйме қалың бұға оранған. Асқар күйменің антициклон әсерінен ауаның жылы ағынына тап болғанын түсінді! Бұған Ханшайым түк те жасай алмайтындай көрінді!

Асқар шыдай алмай айқайлап жіберді.

— Бұл қалай болғаны!? Сіз шанамен бірге еріп кетуіңіз, сөйтіп ертегі әлемі өзінің ғажайып Қар ханшайымынан айырылып қалуы мүмкін ғой!

Ол Қар ханшайымын құтқармақ болды!

— Сізге қалай көмектесе аламын, о, ұлы ханшайым?! – деді ол қызулана.

— Ал сен мені не үшін құтқарғың келеді?! – деп сұрады ханшайым. — Мен суықпын, ешкімге керексіз, кесір мінезді ханшайыммын! Елдер менен жапа шегеді!

— Олай емес! Біз сізді жақсы көреміз! Егер сіз мейірімсіз, залым болсаңыз, Кай мен Герданы босатпаған болар едіңіз, ғасырлар бойы мұзға қатырып тастар едіңіз! Сіз, теңдессіз ертегі Қар ханшайымы, әруақытта балаларға керексіз! Суық жылтырауықтар ішіндегі сіздің жаныңыз мейірімді!

Баланың сөздері оның жанын толқытты.

— О, сүйкімді балақай! Сен маған өзіңнің мейірбан тілектеріңмен —ақ көмектестің! Күймеге отыр, менің қонағым бол!

Тебірене толқып кеткен бала сүйікті ханшайымның ұсынысынан бас тарта алмады. Ол тек өзінің достарымен қоштасып, қолын бұлғай берді. Баланы қасына отырғызды да, ханшайым солтүстік бағытқа қарай үрлеп жіберді. Бір сәтте жылы ауа ағынының орнына мұз дәліз пайда болды. Қар ханшайымы жаймен ғана қолын шапалақтап еді, күйме заулай жөнелді. Аздан соң олар жарқырай жалт —жұлт еткен, қардан соғылған сарайға келді.

Жанай мен ай

Асқар Қар ханшайымының сарайында алты ай тұрды. Ол Ханшайыммен бірге мәңгілік ызғарлы аймақтың тоң төселген қарлы байтағына саяхат шекті. Асқар мұз өлкесінде көп кереметті көзімен көрді. Ақ аюлар, сойдақ тісті морждар мен итбалықтар, полярлық түлкілер өздерінің Қар ханшайымын және оның қонағы – алыстағы қырдың қайырымды баласы Асқарды да достық пейілмен қуана қарсы алды.

Асқарға сарайдағы өмірі ұнады, бірақ оның ертегі әлеміндегі сапары аяқталатын кез де таяу еді. Туған өлкесіне, кең байтақ даласына, Сілеті өзеніне деген сағынышы оның жанын кеулей бастады.

Бір күні Асқар Қар ханшайымынан өзін үйге жіберуін сұрады.

— Саған ханшайымның сарайында тұрған ұнамай ма?! – деп сұрады ол.

— Бұл жердегі таза ауа, аяздың салқын лебі керемет қой! Бірақ кез келген сарайың туған өлкеге қайдан жетсін!

Қар ханшайымы мұңая ойланып қалды да басын изеді.

— Сен адал ниетті, қайырымды баласың! Саған рахмет, Асқар!

Ол баланы шанаға отырғызып, заулай жөнелді. Сәлден соң олар баланың сапарын бастаған жері — Сілетінің жағасынан бір шықты.

Қар ханшайымы балаға қол бұлғады.

- Кездескенше, Қар ханшайымы!

Асқар толқып қоштасты.

— Кездескенше, қайырымды бала! Мен қыстыкүні Лапландиядан ақ боранға оранып, сенің далаңа келетін боламын! – деп жауап берген Қар ханшайымы көзді ашып — жұмғанша көзден ғайып болды.

Алтын балықтың сыйы

Асқар туған жері Сілетінің жағасында отыр. Ол әрі қуанышты, әрі мұңды еді. Оның ертегі әлемінде тамаша саяхаттауға мүмкіндігі болды. Бірақ енді одан кері қайтатыны қамықтырды.

Бір кезде суда әлдене жалт етті де, Асқар шелекпен іліп алды. Қараса, шелегінде тағы да алтын балық жүр екен.

— О, халің қалай, досым! – деп шаттана дауыстады бала.

— Сен мені әлі де досым деп есептейсің бе?

— Ия! Мен сенің досыңмын!

— Бірақ сен менің енді сиқыр күшім жоқ екенін, ешқандай тілек орындай алмайтынымды білесің ғой! Мен сені ештеңемен ризалай алмаймын!

— Ал маған сенен ештеңе де керек емес! – деді шын көңілден қайырымды бала. — Сен жарық әлемде бар болсаң, соның өзі ғанибет емес пе! Қалағаныңша жүзе бер!

Асқар алтын балықты ақырын ғана өзенге жіберді. Суға сүңгіп кеткен балық келесі сәтте қайтадан су бетіне шықты.

— Рахмет саған, адам баласы! – деп үн қатты ол. — Енді мен сенің нағыз дос екеніңе сенемін! Мен алтын балықтан ештеңе сұрамайтын және өзінің қайырымдылығы үшін алғыс айтуды талап етпейтін адамды бірінші рет көріп тұрмын! Бұдан былай мәңгі бақи мен сені нағыз досым деп есептеймін!

Асқар бақытты еді.

— Сен ертегі әлемінде қалып қоя аласың, мейірімді бала! Және біз секілді ертегі кейіпкері бола аласың! Тек «ия!» десең болды.

— Ия!

Бұл сөз баланың аузынан еріксіз шығып кетті.

— Онда, солай —ақ болсын! – деп, алтын балық құйрығымен суды шылп еткізіп қоштасты да, көзден ғайып болды.

Осылайша баланың асыл арманы орындалып, ол жер бетіндегі әлем халықтары ертегілерінің кейіпкерлерінің досы – қайырымды бала Асқар ретінде ертегі әлемінде мәңгілікке қалып қойды.

7.10.2015 г. – 8.04.2016 г.

Орыс тілінен аударған Жадыра Шамұратова

Ескі сандық

Ертегі

Бір күні Сомбай деген жас жігіт келіншегі Шәйгүлмен ескі үйдің алдында әңгімелесіп отырды. Өздері кедей еді. Қанша тырысып, еңбектенсе де, табыстары күнкөріске әзер жететін. Бір бөлмелі ескі үйді де жалдап тұратын. Дүние —мүлік дегеннен тозығы жеткен көрпе —

Жанай мен ай

төсек пен ыдыс —аяқтары ғана бар. Белшеден қарызға батып, әбден күйзеліп жүрсе де, олар бір —бірін өте сүйетін.

— Шіркін, бізге де бір жақсы жұмыс табылып, көп ақшаға кенелетін кезіміз болар ма екен?! — деп күрсінді келіншегі.

Осы кезде үйдің жанынан ақ сақалды, шағын денелі, жұқалтаң қария өте берді. Бума —бума жүктерін әрең —әрең арқалап, аяғын ілби басады.

— Ана кісінің жүгін көтерісіп, үйіне дейін апарып берсеңші! Бәлкім, шайлық бірдеме беріп қалар! —деді келіншек күйеуіне.

Сомбай жүгіріп барып, қариямен сәлемдесті де, жүктерін арқалап жүре берді.

Қарияның үйі алыста, бірнеше қырдың ар жағында екен. Тау —тасты, сай, тоғайды кезіп, шаршап —шалдығып зорға жетті.

Үйіне жеткен соң қария жігіттің қолын қысып, ризашылықпен алғыс айтты. Жүзі жылы, көзі нұрлы ақсақал атаның ықыласына жүрегі елжіреп кеткен Сомбай еңбегінің ақысын сұрауға ұялды. Ішінен : »Үйге тағы да құр қол баратын болдым —ау! Ұят —ай!» — деп, қинала күрсініп, маңдайынан сорғалаған терін сүртіп, сәл бөгеліп тұрды. Қария оған жымия қарап, аппақ сақалын тарамдап қойды.

Жігіттің жыны ұстап кетті. Оған қария айласын асырып, қулана мәз болып тұрғандай көрінді.

— Ақсақал, рахметіңізге – рахмет! Бірақ, аш адамға алғыс азық болмайды! Менің еңбегімнің ақысын беріңіз! — деді жігіт.

Қария ойлана басын шайқап:

— Саған не берерімді білмей қиналып тұрғанымды қарашы, — деді сабырмен.

— Несіне қиналасыз? Ақша беріңіз!

— Қалтамда көк тиыным қалмапты!

— Онда неге жүгіңізді арқалаттыңыз? Адамды алдап —сулап, еңбегін қанау – қанішерлікпен бірдей! – деді Сомбай күйініп.

— Жә, еңбегіңнің ақысына осы үйден қалаған нәрсеңді ал! — деді қария қиналып.

— Ескі — құсқыны қайтемін? Маған ақша керек, ақша!

— Ақша, ақша... — деп мазақтады қария. — Сонда саған қанша ақша керек?

— Көп! Кө — өп ақша керек маған! — деп айқайлап жіберді ашынған жігіт.

— Ақшадан басқа ойларың жоқ па осы? Дүние тек ақшаға тіреліп қалған жоқ қой! — деп күлімсіреді қария.

— Әрине, қарыны тойған, қалтасы толған кісілер солай дейді. Ал егер еңбегің еш, тұзың сор болып, тапқан — таянғаның жыртығыңды жамауға жетпей, азып — тозып жүрсең, көрер едім қалай сайрағаныңды?!

Қария жігіттің ызалы түріне қарап, ойланып қалды. Жоқшылық жүйкесін жеп, жүдеп кеткен жас адамға оның жаны ашыды.

— Жарайды, мен саған көп ақша тауып берейін, — деді қария бір кезде.

Ол бұрышты ақтармалап, бір ескі, шағындау сандықты алып шықты. Ағаштан жасалған, түрлі — түсті қаңылтырмен әдіптеліп, зерленген, бетінде неше түрлі құпия ою — өрнегі бар көне сандыққа жігіт онша қуана қойған жоқ.

— Ақшаң осы ма? Бұны сатамын деп әуре болар жайым жоқ! — деді қырсығып.

— Бұл жай ғана сандық емес, бұл — сиқырлы сандық! — деді қария. — Қалаған уақытыңда :

Айдан түскен ақ сандық,

Көлден шыққан көк сандық,

Тоқсан тылсым тартылған

Тоғыз бояу тоқ сандық,

Отыз ою зерлеген

Без қайыңмен зілдеген

Жанай мен ай

Қазыналы от сандық,

Қақпағына шоқ салдық,

Өте қажет болып тұр

Бізге теңге төк, сандық! —деп, тылсым өлеңді айтып, тура бір сағаттан соң ашсаң, ақшаға толып тұрады! Бірақ, қажетіңнен артық ақша шығарсаң, арты жаман болып кетуі мүмкін! Есінде мықтап сақта — қанағат, ынсап — береке, бақытқа жеткізеді! Ал, ашкөздік – аран, тойымсыздық – құрдым, батпақ! Өзіңді жұтып қояды! Содан сақ бол!

Сомбай сенерін де, сенбесін де білмей, амалсыздан сандықты алып, қариямен қоштасып, үйіне келді.

Келіншегі оның ақшасыз келгеніне ренжісе де, сыр бермей, әңгімесін сабырмен тыңдады. Екеуі әуестеніп, сандықты ашып көрді. Бос екен. Сандықты ортаға қойып:

Айдан түскен ақ сандық,

Көлден шыққан көк сандық,

Тоқсан тылсым тартылған,

Тоғыз бояу тоқ сандық,

Отыз ою зерлеген

Без қайыңмен зілдеген

Қазыналы от сандық,

Қақпағына шоқ салдық

Өте қажет болып тұр

Бізге теңге төк, сандық! –деп, жарыса айтып шықты. Үндемей тың тыңдады — тым —тырыс. Демдерін ала —алмай, тура бір сағат өткен соң қорқа —қорқа сандықты ашып қалса...о, ғажап...тола ақша!

Екеуінің есі шығып, бас салып ақшаны санауға кірісті. Шынында да көп екен. Қуанып, қажеттеріне жұмсай бастады. Әуелі барлық қарыздарынан құтылды. Жаңа үй сатып алды. Ақшалары біте бергенде сандыққа келіп:

Айдан түскен ақ сандық,
Көлден шыққан көк сандық,
Тоқсан тылсым тартылған,
Тоғыз бояу тоқ сандық,
Отыз ою зерлеген
Без қайыңмен зілдеген
Қазыналы от сандық,
Қақпағына шок салдық,
Өте қажет болып тұр

Бізге теңге төк, сандық!» десе болды, сағатында сандық ақшаға тола қалады. Бұлар керегінше ала береді. Сомбай қарияның қажетінен артық алма, қанағат қыл деген сөзін ұмытпады. Шәйгүл де оны қоштап, керек кезінде ғана сандыққа ақша шығартып жүрді.

Бірақ, жағдайлары түзеле бастағанда, бұлардың қажеттері де көбейе берді. Біресе анау керек, біресе мынау керек болады да тұрады. Екеуі ескі сандықты жиірек ашып, көбірек ақша алатын болды. Бір қызығы, сандық ешқашан олардың бетін қайтармай, қанша мәрте сұраса да, ақшаны шығара берді.

Ағын судай құйылған ақшаға кенелген жас жұбайлар әбден баюға айналды. Күн сайын, апта сайын сән —салтанаттары артып, елдегі ең бай адамдардың қатарына қосылды. Олардың үйлерінен де әдемі, зәулім ғимараттарды, қымбат нәрселерінен де бағалы мүліктерді қос — қосынан жинап алды. Бұрынғыдай емес, жан —жағындағы кісілермен өздерін салыстырып, іштей бәсекелесіп, біз бәрінен де баймыз, артықпыз деп масайрауға айналды.

Бір күні бір тойда Шәйгүл атақты бай —саудагердің әйелімен табақтас болды. Саудагердің әйелі аса қымбат киімдер киіп, әбден әдемі болып, құлпырып кеткен екен. Саусақтарындағы алтын жүзік, сақиналарының асыл тастары жарқ —жұрқ етіп, еріксіз көз тартады. Әсіресе, құлағындағы түймедей ғана гәуһар сырғасына әйелдердің барлығы қызыға, қызғана қарап, тамсанумен болды.

Жанай мен ай

— Бұл атақты қара маржан деген таза гәуһар тас! Күйеуім туған күніме сыйлаған, бағасын айтпаса да, жобамен бес үлкен үйдің құнындай болып қалар! — деп сыңғырлай күліп, кішкентай, сәнді құлағын саусағының ұшымен сәл ғана қағып қойды.

Шәйгүлдің іші күйіп, кеш бойы оны күндеп, қызғаныштан жарылып кете жаздады. Әйтеуір, ештеңе сездірмей, өтірік күліп, сөйлескен болып отырды.

Үйіне жеткенше асықты. Келе салысымен күйеуіне одан да артық гәуһар сырға мен жүзіктер алғысы келетінін айтты.

— Бес үйдің құнын құлаққа іліп қойғанның несі жақсы? Мақтанамын деп жүргенде, құлағыңды қарақшылар кесіп әкетсе қайтесің?! – деді, Сомбай әзілдеп. — Артық нәрсе – асылық !

Бірақ, Шәйгүл қыңқылдауын қоймады.

— Артық емес, қажеттілік! Сен мені түсінесің бе, жаным, маған өте керек болып тұр!

— Жарайды! Бірақ, оны сандыққа өзің түсіндір! — деп құтылды күйеуі.

Шәйгүл сандықты бөлменің ортасына қойып, үнсіз мұңын шағып, біраз отырды. Содан кейін ерекше шабытпен өлеңдете жөнелді. Сандықты қорқа — қорқа ашып қараса, су жаңа ақша толып тұр екен! Оның бәрін алып, былай қойып, тағы әндетуге кірісті. Тағы ашып қараса — тағы толып тұр!

Шәйгүл қуанып, сандықтың өрнекті бетінен сүйіп — сүйіп алды. Үш күн, үш түн өлеңдетіп отырып, керекті соманы толтырды. Ойындағы асыл заттардың барлығын сатып алып, үсті — басы жарқырап шыға келді.

Кезекті тойға ол барын киіп, байлауын салып барды. Біраз әйелдер тамсанып, мақтағансып еді, саудагердің әйелі бұның кереметтеріне көзінің қиығын ғана бір тастап:

— Тамаша! Саған жарасып — ақ тұр! – деп, елеусіздеу ғана езу тартып күлді. — Бірақ, қазіргі қара маржандар жасанды екен! Мен өзімнің жалған гәуһарымды сіңліме сыйлай салдым да, мына алқызыл раушан атты нағыз асылзатты он үйдің құнына шетелден алдырдым!

Әйелдердің барлығы оның құлағына қарап, құлап қала жаздады. Шынында да, алқызыл раушан тас ерекше жарқырап, жан — жағына әлдебір сикырлы сәуле шашып тұрады екен.

Шәйгүлдің жүрегі қысылып, өзін —өзі әрең ұстады. Күйінгеннен, өз құлағын қара маржанмен бірге кесіп алып, итке тастағысы келді.

Үйге келген соң күйеуіне мұңын шақты.

— Бақталастық батпаққа батырады! Бәсеке бас жұтады! Күншілдік күйдіріп тынады! — деді Сомбай.

— Әй, қойшы сен де, баяғының шалдары құсамай, —деп кейіді келіншегі. — Сен не білесің? Байлық, бәсеке дегеннің иісі бара ма екен мұрнына? Қашанғы қанағат, қанағат деп қарапайым тірлікке байланып, бір жерде қала бермекпіз? Адам деген талаптанып, алға ұмтылмай ма екен?! Байдың әйелі «саған осы да жарап жатыр!» деп кекеткенде, жерге кіріп кете жаздадым! Мен оған көрсетемін әлі кімнің деңгейі қандай екенін!

Шәйгүл сандықты құшақтап, өксіп —өксіп жылады. Мауқы басылған соң, ақ сандық, көк сандық деп өлеңдете жөнелді. Күні —түні әндетуден шаршап —шалдықса да, сикырлы сандыққа телміріп, бес күн, бес түн отырды. Ақшаны санаудан да жалықты. Бірақ, бәрібір алқызыл раушан сырғаның бағасына жетер емес.

— Ақшаны бұдан гөрі көбірек әрі тезірек шығаратын үлкендеу сандық әкелмедің бе? — деп, Сомбайға да ренжіп қойды арасында.

Қара маржанды сатайын десе, ешкім де алмады. Қорабына салып, қуысқа тығып қоя салды.

Әупірімдеп, он күн дегенде керек сомасына қолы жетіп, асылзаттар дүкеніне қарай құстай ұшты.

Гәуһар сырғаның түр —түрін таңдап жүрген Шәйгүлге өткен тойда бірге болған бір таныс әйел ұшыраса кетті. Ол Шәйгүлдің құлағына күлімсірей қарап тұрды да:

— Сен босқа арам тер болма! Бәрібір оған жете алмайсың! Олардың қалтасына әрбір сағат сайын жүз мың доллар құйылып жатады! — деді, шынымен жаны ашып.

Жанай мен ай

Шәйгүлдің буындарынан әл кетіп, сылқ етіп отыра қалды. «Сағатына...жүз мың доллар!» — деді әрең сыбырлап.

Сомбай оны үйге алып кетті.

Сағатына жүз мың табатын байлар туралы естігенде, қызғаныштан оның да іші жанып кете жаздаған еді.

— Жоқ, біз олардан асып түсуіміз керек!

— Ол үшін көп —көп ақша жасап, жарты әлемді сатып алуымыз керек!

— Сондықтан, сандықтың сиқыры бітіп қалмай тұрғанда, ақшаны мүмкіндігінше көп қып жинап алайық! — десті.

Ерлі —зайыпты екеуі қанша алса да, қажетіміз деп алды. Сандық ортаюды білмей, сағат сайын толтыра ақша жасап берді де тұрды. Енді екеуінің кәсібі тек ақша жасау болды. Күні —түні кезектесіп, ақ сандық, көк сандық деп сарнады да отырды. Буда —буда ақшаны әуелде құмарта санап, тәртіптеп қалай бастады. Ақша тым көбейіп кеткен соң, санамастан үйдің ішіне үйе берді. Үй толуға айналды. Бөлмелердің бәрін кірпіштей қаланған ақша басты. Енді бұлар подвалға тасуға кірісті. Үй астындағы үлкен, кең подвалды ақшаға сықап толтырды. Бірақ, арандары ашылып кеткен ерлі – зайыптылар одан сайын ашкөзденіп, сандыққа ақшаны шығарта берді. Үйде де, подвалда да ақшадан аяқ алып жүрер жер қалмады. Бірақ, тоқтауды ойларына да алған жоқ.

Бұлар өстіп үсті —үстіне үйіп жүргенде, салқын, сызды подвалдағы ақшалардан көк иісі шыға бастады. Ақшалары дымқылданып, сасып бара жатса да, құнығып алған бұлар: « Деньги не пахнут!»— деп, өздерін —өздері алдарқатып қойып, жұмыстарын жалғастыра берді.

Бір күні екеуі подвалға тағы бір үлкен буманы әкеліп, жоғарыдағы қуысқа зорға орналастыра бергенде, қатар —қатар қаланған қалың ақша —қабырғалар құлап түсті. Подвалды түгел басып қалды. Ақшаның астында қалған екеуі жанталасып, көк жасыл қағаздарды үстерінен итеріп түсіруге тырысты. Бірақ, ақшалар оларға жабысып, шырмай берді.

— Мәссаған! Біздің ақшаларымыз жасыл балдыр —батпаққа айналып кетіпті ғой! — деп ышқына айғай салды Сомбай.

— Бет — аузыма, бүкіл денеме жабысып алып, сорып бара жатыр! — деп шыңғырды Шәйгүл.

Сыз подвалда көп жатып, дымданып, көгерген қағаз ақшалар езіліп, балдыр — батпаққа айнала берген екен. Балдыр — батпақ «yh —h!» — деген

қорқынышты дыбыстар шығарды да, қанағатсыз ерлі — зайыптыны да, үй — мүлкін де бірте — бірте жұта бастады.

— Құрыдық! Құрдымға кеттік! Қария дұрыс айтқан екен! — деді жігіт өкінішпен.

Осы кезде жоғарыдан салбырап бір арқан түсті. Ерлі — байлы екеуі жандәрмен арқанға жармаса кетті. Белгісіз біреу арқанды тартып, екеуін балдыр — батпақтан суырып алып шықты. Естерін жиып, қараса — баяғы ақ сақалды қария қыр басында, сандықтың үстінде екеуіне күле қарап отыр екен. Айналаның бәрі жасыл батпақ — үй — жайларын түгел жұтып қойыпты.

— Иә, қарақтарым, құлқынның құрдымы қалай екен? — деді қария.

Сомбай мен Шәйгүл үнсіз төмен қарады.

— Жә, басыңды көтер! Жаңадан баста бәрін! — деді қария Сомбайға. — Кел, менің жүгімді көтеріп апарғаның үшін адал еңбекақыңды ала ғой!

Қария сандықты ашып, толып тұрған ақшаны Сомбайға берді.

— Берекелеп ұстай білсеңдер, бұл ақша аяқтарыңа тұрып кетуге еркін жетеді! Ары қарай адал еңбек, ақыл — ойларың мақсаттарыңа жеткізсін! — деді. Екеуі рахмет айтып, ауыздарын жиғанша, қария қырдан асып, ғайып болды.

Ерлі — зайыптылар батпақты жерден тезірек құтылуға асығып, күре жолға түсті де, қол ұстасып алға қарай тарта берді.

11.03.2013ж.

Пьесалар

Жолбарыс пен пони

Балаларға арналған ертегі-пьеса

Қатысушылар:

Әкөш – оқушы қыз

Бәкөш – оқушы бала

Жолбарыс

Пони

Аңшы

1-қызметші

2-қызметші – зоопарк қызметкерлері

Ағай – папкалы бастық

Ақбота, бұланай және басқа да аң-құстар

Бірінші сурет

Бірінші көрініс

(Көкшетаудағы Абылайхан алаңына көшпелі зоопарк дөңгелене жайғасқан. Машиналардың үстінде, темір торларда түрлі хайуанаттар. Әлем-жәлем киінген екі қызметші жұртқа жар сала

жүріп, хайуанаттарды біртіндеп ортаға шығарып, бишіктерін шартылдатып, билетеді).

1- қызметші: Уа, жарандар, жарандар,

Бұл қызықты қараңдар!

Көкшетаудың алабында

Абылайдың алаңында,

Ғаламдағы таңғажайып

Бара жатқан күнде азайып,

Алуан-алуан хайуанаттар

Келіп қалды алдарыңа!

2- қызметші: Келіңіздер үлкен – кіші,

Жыртқыш аңдар жылы жүзбен

Құшақ жайып қарсы алады,

Бегемот пен крокодил

Буги-вуги биді билеп,

Арыстан мен антилопа

Дуэт болып ән салады!

1- қызметші: Лама билеп ламбада,

Түйе болып тамада,

Танго теуіп тасбақа,

Жанай мен ай

Бұғы билеп чарльстон,
Қуанғаннан кугуар
Қарамайды қанға да,
Көрген емес мұндайды
АҚШ пенен Батыс та,
Үндістан мен Канада!

2- қызметші: Піл вальске шықса аққу оқыс күлет,

Ягуар қабыланмен бокс тілеп,
Көккүтан түйекұсқа еліктесе
Қабан жүр тұмсығымен қоқыс күреп,
Маймаң қағып маймыл мен қызыл түлкі
Ақ аюды горилламен шекістірет,
Секіріп ерке барыс сальто жасап
Аю тұр твист теуіп, кекс тілеп,
Арлан қасқыр арқармен асық ойнап
Бизон мен бүркіт билер фокстрот!

1 –қызметші: Желкесімен жираф шеңбер жасаса,

Тұяғымен таутеке тас қашаса,
Жолбарыс пен пони ойнап қуыспақ
Айдаһар мен қоян билер ча-ча-ча!

Екі қызметші қосылып: Ча-ча-ча! Ча-ча-ча!

Аң – құстар қосылып: Ча-ча-ча! Ча-ча-ча!

2- қызметші: Асыр салып аң-құстар қанат жайды,
Көрген соң Көкшетаудай ізгі жайды!

1- қызметші: Кереметтің көкесі әлемдегі
Көкшетау-жер шоқтығы жанға жайлы!

2-қызметші: Ерекше жаратылған ғажайып жер
Ханға жайлы және де аңға жайлы!

1-қызметші: Көкшеде жер-жаһанның жануары
Билейді казак биі « Қамажайды «!

(«Қамажай» әнімен майыса билеген аңдарды екі қызметші біртіндеп торларына қамайды. Ең бірінші торға жолбарысты, одан кейін пониды қамайды. Одан кейінгі бір тор бос қалады. Басқа аңдарды арғы жағына қамайды да, екеуі билей басып шығып кетеді).

Екінші көрініс

(Зоопаркке Әкөш пен Бәкөш келеді).

Әкөш: О-о, қандай керемет! Қандай әдемі аңдар!

Жанай мен ай

Бәкөш: Анаң кара...анаң кара...

Әкөш: Мынаң кара...мынаң кара...

Бәкөш: А-а? Қайсын айтасың?

Әкөш: Міне, міне, таутеке!

Бәкөш: Е-е! Козел!

Әкөш: Үйдеп айтуға болмайды, ол жаман сөз!

Бәкөш: Қара, кара! Бітті биені кара!

Әкөш: Ол бітті бие емес! Ол құлан!

Бәкөш: Құлан емес...Шіркін, тарпаң болса ғой!

Әкөш: Соқ өтірікті! Тарпаң деген жануар жоқ!

Бәкөш: Жоқ, бар! Болған! Тарпаң деген жабайы жылқы болған далада!
Құланнан басқа...

Әкөш: Мустанг емес пе?

Бәкөш: Жоқ, мүлде басқа...Бұғалық, ноқтаға көнбеген, шу асау болған.
Ақыры азаттық сүйгіш тарпаңды цивилизацияңыз құртып тынған!

Әкөш: А-а! Қандай аянышты!

Пони: Бүйте берсе, си-би-ли-зат-сияңыз біздің де түбімізге жететін
шығар!

Бәкөш: О-о, бітті бие!

Пони: Біріншіден, мен понимын! Екіншіден, бітті бие емес,
нормальный айғырмын!

Әкөш: О, пони! Қандай сүп-сүйкімді пони! Кел, екеуміз дос болайық!
Менің атым - Әкөш!

Бәкөш: Менің атым – Бәкөш!

Пони: Болсақ болайық, достық кісен емес қой, ауырлығы жоқ!

Әкөш: О-о! Қандай жақсы! Пони, поня, понятайым! Санчо-пончо-пончигім! Мен саған күнде келіп тұрамын!

Пони: Рахмет! Досыңды түрмеге каматып қойып, күнде келіп тұратынына ризамын!

Әкөш: Енді...басқа не келеді қолымнан?!

Пони: Адамзатпен дос болсаң, көретінің осы. Біреуді тұтқындау қолдарыңнан келгенде, азат ету келмейтініне қайран қаламын! Қаным қайнай-қайнай, құйрық-жалым ағаратын болды!

Әкөш: Апырмай, ә?!

Бәкөш: Понеке, сіз олай таусылмаңыз! Бұл түрме емес, бұл зоопарк! Сіздер үшін ең қауіпсіз жер осы! Алаңсыз дүние жүзін аралап жүрсің – рахат емес пе?!

Пони: (*нысқырады*). Фр-р-рр!

Әкөш: Саруайымға салынбашы! Күлші, жадырашы! Томпиған топ-томпағым, монтиған моп-момақаным, понтиған понтиым ...понитайым!

Жолбарыс: (*гүр-р ете қалады*). Әй, немене сонша, бәрің жабылып бір жылқысымақты жұбатып, жарылқап жатырсыңдар? Біздің де көңілімізге қарайтын кісі бар ма екен, сірә?!

Бәкөш: О, тақсыр жолбарыс, қандай мұң-мұқтажыңыз бар?

Жолбарыс: Мен ешкімге мұң шақпаймын! Өйткені мен жолбарыспын! Жер-жаһанда от-жалындай алаулап жалғыз өзім жортамын!

Қалың қолдай лап қоямын,

Қаптай соққан өрт боламын,

Қанатты мен тырнақтыны,

Құйрықты мен тұяқтыны

Қабырғасын қақыратып,

Жанай мен ай

Дал-дал қылып қорқыратып

Кім болса да жеп қоямын!

Әкөш: Уһ! Сенде ұят жоқ!

Бәкөш: Сана-сезімің өте төмен!

Әкөш: Сенен мына менің пониым мың есе артық!

Жолбарыс: Қалайша ол менен артық болады, ә? Мен батырмын, ол жуас! Ол қашып-пысып жүріп шөп жейді, мен қуып жүріп ет жеймін! Пони-мониыңның бүкіл жал-құйрығы мына менің мұртымның бір талына татымайды!

Пони: Әй, дүлей, құтыра берме өйтіп! Әйтпесе, қабырғаннан бір теуіп, қаусатып тастаймын!

Жолбарыс: А-а! Мұндайыңды білгенде, мана қуыспақ ойнап жүргенде, жүрегінді жұлып, қолқанды суырып алатын едім!

Пони: Алып көр, әкеңнің...Қап, бағана мөңкіген болып қосаяқтап бір-ақ теуіп, аузын айырып, азуын қайырып тастамаған екенмін!

Жолбарыс: Тұра тұр, бәлем, шеңгелімде шыңғыртып тұрып сөйлесермін сенімен! (*Пони тебініп, жолбарыс арылдап, азан-қазан болады*).

Әкөш: Е-ей, сендерге не болды? Өздерің қамауда отырып, қырқысқандарыңа жол болсын! Өйтіп табиғаттың жарасымын бұзбаңдар...

Жолбарыс: Табиғаттың жарасымын бұзып отырған мына сендер, адамдар, кінәлісіңдер бәріне! Өлімтіктің етіне қаратып, мені осынша жүдеткенше, еркіме жіберсеңдер ғой, мен мына пони-мониды рахаттана жеп алып, көлеңкеде ұйқыны соғар едім!

Бәкөш: Еттен басқа ойың жоқ екен өзі!

Жолбарыс: А-а, басқаны ойлап керегі не?

Әкөш: Ет жеу...сосын ұйқтау...Ет жеу...сосын ұйқтау?!

Жолбарыс: Ет жейтіндер мен шөп жейтіндер ешқашан да дос болмайды!

Әкөш: Олай емес! Ылғи ет жей беретіндер ызақор, жыртқыш боп кетеді, сондықтан сен де диетаға көш, көк шөптерді көбірек же, сонда мейірбанды боласың!

Жолбарыс: Өйтіп мені өкпелетпе, адамзат! Қаһарлы екеніміз рас, бірақ қорқау емеспіз. Біз де мына жарық дүниені жақсы көреміз! Шөнжігімізді шөкімдейінен шекесінен шертпей, еркін өсіреміз!

Бәкөш: (*Әкөшке*). Жолбарыстың баласын шөнжік дейді.

Әкөш: Аюдың баласын қонжық деген сияқты екен! Ой, онды болды ғой, мен пониымды пөнжік дейінші! Понитайым, понтиым, пөнжігім!

Пони: Елжірегенде сүйегіме дейін балқытасың, адамзат! Егер осы ниетің шын болса, бізді босат! Уа, дариға, кең далада көсіле бір құйындатып, мөлдір көлге сүңгіп шығып, сеңгір тауға бір секірsem, саф таза ауадан көкірек кере құмарым тарқағанша жұтып, қарағай мен қайыңның арасында серуен құрып, дәурен сүрсем, шіркін!

Бәкөш: Шіркін-ай, шіркін-ай!

Жолбарыс: Әй, Әкөш, өзің бір таңдайың тақ-тақ еткен білімпаз қыз екенсің...Құтқар бізді тар қапастан!

Әкөш: О-о, бұл қолдан келмейді! Болмайды! Ұрсады бізге ағалар мен тәтелер...

Бәкөш: Әсіресе, сен сияқты шеріні босату қауіпті, өйткені сен басқа аңдардың бәрін жеп қоясың!

Жолбарыс: Е-е, Бәкөш айналайын, ақылы бар бала сияқтысың, датымды тыңдап ал! Осы күні тұқымы тұздай құрыған аң мен құстың бәрін жолбарыс жалмап тауысып па?

Несібемді жұлып жесем

Жанай мен ай

Санайсындар жалмауызға,
Аң біткенді байлап тұрып
Қызылкөзді кандыауызға,
Шіміркенбей қырып тастап
Бар әлемді қан сасытқан
Ей, адамзат, шыныңды айтшы,
Сен жауыз ба, мен жауыз ба!?

(Осы мезетте «Әйт, шүү», «Но, дабай», «Өй, жамандатқыр», «Арам қатқыр», «Қатпа болып жатып қалғыр», «Қисайған жағыңнан тұрмай қатып қалғыр!»- деген айқай-шу естіледі де, ковбойларға еліктеп, ықшам киінген, мылтық асынған аңшы мен зоопарктің екі қызметшісі ақбота мен бұланның баласын бірі сүйреп, бірі итеріп, дедектетіп алып келеді. Понидың қасындағы бос торға екеуін қамағаннан кейін, қарқ-қарқ күліп, дарақылана сөйлеседі).

Аңшы: Е-е, бәсе...менің қолымнан құтылатын хайуан туған жоқ әлі. Не тонға кетеді, не торға кетеді!

1-қызметші: О-о, батыр, настоящий степной орел!

2-қызметші: Владыка лесов и озер! Чингачгук!

Аңшы: Гора...тожы моя!

2-қызметші: Ол райт! *(Аңшыға ақша береді).*

Аңшы: *(Ақшаны қалтасына тығып).* Ақша болса бәрі де болады ғой!

(Осы мезетте бозінген боздайды. Тау, орман, көл, дала – бүкіл дүние бозінген болып боздап тұрғандай. Ақбота қосыла жылайды.)

Аңшы: *(Ақботаны нұсқап:)* Мынаның енесі...

1-қызметші: О-о, да! Түйе бізге таңсық...

Әкөш: Ой, ағалар, сіздерде жүрек бар ма? Бозінгеннің боздауына, ақботаның зарлауына қалай ғана селт етпестен шыдап тұрсыздар, ә?!

Аңшы: Сонда не істеуіміз керек?

Әкөш : Анасын айырмаңыз баласынан!

Аңшы: Жарайды, ертең енесін ұстап әкеліп, қосып қоямын!

Әкөш: Жоқ! Баласын бүгін босатыңыз!

2-қызметші: Нонсенс!

Аңшы: Өзіңнің дені-қарның сау ма, айналайын?

Әкөш: Жоқ! Жан-жануарларды жылатып жүрген сіздердің дендеріңіз сау емес!

Бәкөш: Баяғыда Қасым төре Көкшетаудың ақ бурасын атып өлтіріп еді, енді сіздер ақ ботасын ақшаға сатып жатырсыздар...

Аңшы: Ой, сендер де қайдағыны айтып...Подумаешь, тауда қаңғып жүрген бір жабайы түйені атса атқан шығар...Сол үшін екі жарым ғасыр байбалам салатын дәнеңе жоқ!

Әкөш: Ол жай әншейін жабайы түйе емес, ол Абылайдың ақ бурасы! Ол- жердің киесі!

Аңшы: Какой кие-мие! Бір түйені атты екен деп Қасым төрені сонша аңыз қыласыңдар, бүкіл Бурабайдың аң-құсын қынадай қырған менің жанымда ол кім соншама?

Әй, Әкөш пен Бәкөшім,

Ара түсіп қайтесіңдер

Бағусыз жан-жануарға,

Жебесімен жем айырып

Желдей ұшқан сұр мергенді

Женетұғын халің бар ма?

Жанай мен ай

Саятым мен тоятымды

Тиятұғын заңың бар ма?

1-қызметші: Браво!

2-қызметші: Бис, бис маэстро!

Аңшы: Мысық табан, жез тырнақты

Сілеусін мен мәлін келсін,

Көк мұхитты көк дауылдай

Құйрығымен үйіретін

Кит деп жүрген нәнің келсін,

Құрып кеткен баяғыда

Динозавр дәуің келсін,

Мұзға қатып, бізге жеткен

Қаңқасы да қорқынышты

Мамонт дейтін зілің келсін,

Тұмсығымен тау қопарып

Ағаш жұлған пілің келсін,

Қылқындырып құрбандығын

Жылай-жылай қылғытатын

Қолтырауын жауыз келсін,

Осы күнгі аң мен құстың

Бірі қалмай бәрі келсін,

Қорғасынмен құмалақтай

Қоямын ба домалатпай!

1-қызметші: Какой темперамент! Какая страсть!

2-қызметші: Какой колорит!

Аңшы: Дір-дір етіп бұл дүние

Ұшында тұр мылтығымның

Айналып бір нысанаға,

Шүріппені шырт еткізсем

Ақ сұңқарың ұша ала ма?

Ақкөз аңшы қанға құмар,

Жыны ұстаса босқа жайрап

Қаларсыңдар осы арада,

Еш нәрсеге қарамастан

Атарымды ата берем,

Сатарымды сата берем!

2-қызметші: Bravo, bravissimo!

1-қызметші: Ертегінің мергені де сіздей-ақ болған шығар!

Әкөш: Мергеннен садаға кетсін!

Бәкөш: Сіз нағыз киллерсіз!

Аңшы: Әй, балақандар, жақсылықпен табандарыңды жалтыратпасандар, сендерді де экзотикалық жануар ретінде зоопаркке сатамын да жіберемін! Ал сонда маған не істейсіңдер, а-а?!

Әкөш: Біз сізді милицияға...жо-жоқ, полицияға айтамыз!

Аңшы: Ха-ха-ха! Енді осындай халге жеттіңдер ме? Біліп қойыңдар, балақайларым, менттер, тойыс, понттар, хе-хе-хе, менімен бірге аң аулайды. Тамаша мерген жігіттер!

Жанай мен ай

Бәкөш: Аһ, солай ма? Онда біз сізді бастық ағаларға айтамыз!

Аншы: Ха-ха-ха! Әй, бір әйбәт, оңды балалар екенсіңдер! Шек-сілем қатқанша күліп, бір жасап қалдым! Келесі жолы бір-бір шүрегей атып әкеліп берермін, жас сорпа ішіп терлесендер, қайдағы-жайдағы ойлардан арылып, қақ-соқтан аулақ жүретін боласындар!

Бәкөш: Керегі жоқ! Жемейміз сіздің етіңізді!

Әкөш: Айтамыз бастық ағаларға!

Аншы: Барындар, бозөкпелерім, беттеріңнен жарылқасын! Көрген-баққандарыңды бүге-шігесіне дейін тәптіштеп жеткізерсіңдер! Ал мен мына супермендермен виски ішіп, бір кәйіп болайын, әкеңнің...

2-қызметші: О кей!

1-қызметші: Селяви! (*Үшеуі кетеді*).

Бәкөш: Қап, бәлем, көрерміз!

Әкөш: Жүр, кеттік! (*кетеді*).

Үшінші көрініс

(Зоопаркке Әкөш пен Бәкөш қайтып келеді. Қастарында – папкалы ағай).

Ағай: Қане, әлгі қанішерлер қайда?

Арыстан мен жолбарыстың

Тырнағымен бір сүйкетіп

Қабырғасын күйретейін,

Кекілінен күрмеп алып,

Қылқұйрыққа тағып беріп

Тау мен тасқа сүйретейін,
Мүйізтұмсық, кодастардың
Қожыр тастай табанымен
Саз балшықтай илетейін,
Пілдің сорап тұмсығымен
Шіріп біткен шым секілді
Шаң-тозаң ғып үрлетейін,
Пәпкідегі әктілермен
Шәпкілерін шалқайтып бір,
Кірпі төсеп астарына
Тыржалаңаш жататұғын
Орындарын түрме етейін!

Бәкөш: Ура!

Әкөш: Алақай! Ақбота мен бұланайым, әйбат ағаның арқасында бостандыққа шығасындар қазір!

Ағай: Келтір менің алдыма! *(Аңшы, 1-2-қызметші жүгіріп келеді).*

Аңшы: Құзырыңызға құлдық, тақсыр!

2-қызметші: Мерси, монсеньор!

Ағай: *(Аңшыға).* Иә, Алаштың ұлы, туған жердің түте-түтесін шығарып жатқан батыр сенбісің? Ал, кане, бермен қарай жақындашы, пішініңді бір дұрыстап көріп алайын жарықта...бұдан былай қапырық қапаста суқараңғы болып сипаланып, сипақтап қана күн кешетініңе қолыңды қоя бер...сұрмергенім!

Аңшы: Сонда маған тағар кінәңіз қандай? Бар жазығым - құла дүзде құрып кететін тұз тағысын жиып-теріп, бүкіл әлемнің балаларына

Жанай мен ай

тамашалатып, танытқаным ба? Біз болмасақ, зоопарк болмаса балалар, тіпті үлкендер де, тірі аңдарды қайдан көрер еді?!

Ағай: Сенің айыбыңның айғағы алдында тұр ақбота боп егіліп! Сенің канды қол қарақшы екеніңе мына екі бала, мына аң-құстар, мына тау мен орман, бүкіл дүние куә! Сазайыңды тартып, сабаңа түсер сәтін келді!

Аншы: Сөзіңіз де өзіңіз сияқты әдемі-ақ! Бірақ...бірақ... менің нахак екенім айдан анық! Өйткені менің рұқсат қағазым бар!

Әкөш: Қалай?

Бәкөш: Өтірік айтасыз!

Аншы: (*Қалтасынан қағаздарын шығарады*). Ендеше, міне сендерге! Мынау- кең байтақ даланың кез келген түкпірінде, кез келген уақытта, кез келген мөлшерде аң аулауға право беретін ерекше қағаз! Мынау- жеке меншік түйесі бар деген қағаз, яғни ол түйені де, ол түйенің баласын да қалаған уағында қуырып жеуге де, шикідей жеуге де правосы бар деген сөз! Міне, міне! Мәңіз, ағай, өз қолыңызбен абайлап ұстап, өз көзіңізбен бажайлап көріңіз!

Ағай: (*қағаздарды айналдыра қарап*): Мәссаған! Мынау менің қолым ғой!

Аншы: Ойбай-ау, ағай-ау, сіздің рұқсатыңызсыз аттап басатын ақымақ деп пе едіңіз?

Ағай: Мә-ә! Мына біреуің тіпті ерекше жерден шыққан ерекше қағаз ғой! Мынау пәленшекеннің өз қолы ғой! Ей, бағанадан бері сүйдемейсің бе сүміреймей!

Аншы: Ойбай-ау, ағай-ау, ай-шайға келтірдіңіз бе? Оқасы жоқ, ештен кеш жақсы!

Ағай: Апырмай, ә?!

Бәкөш: Ағай...ағай десе, сізге не боп қалды?!

Әкөш: Тезірек ақбота мен бұланайды босатпайсыз ба?

Ағай: Ой, ол болмайды енді...болмай қалды!

Бәкөш: Неге?

Әкөш: Неліктен?

Ағай: Документтері дұрыс!

Әкөш: Бірақ, істеп жүргендері дұрыс емес қой!

Ағай: Оны мен де біліп тұрмын, бірақ амал қанша? Документі дұрыс кісіге дені дұрыс кісі тиісе алмайды!

1-қызметші: Жасасын дені дұрыс кісілер!

2-қызметші: Виват документ! Жүріңіз, сол үшін а ля фуршет!

Әкөш: Ағай, ағай...

Бәкөш: Ойбай-ау, ағай-ау...

Ағай: Маған не қыл дейсіңдер енді?

Аңшы: Солай, балақандар! Кісінің өзі дұрыс болуы шарт емес, бірақ документі дұрыс болуға міндетті! Солай!

1-қызметші: Селяви! (*үшеуі кетеді*).

Ағай: Ал, айналайындар, маған ренжімендер...Қолдан келер қайран жоқ! Сондықтан...дұшпаннан түк тартсаң да олжа деген ғой аталарымыз...тым құрығанда тегін арақтарын ішіп кетейін! (*кетеді*).

Бәкөш: Ойбай-ау, ағай-ау...

Пони: (*келемеждеп*). Өй-бәй-ау, ә-гәй-әу! Сендерге сол керек! Қай бір оңған ағайларың бар еді?

Жолбарыс: Шіркін, мені жіберер ме еді соларға!

Пони: Жібере алмайды бұлар...бәрінің сортабайты бір! Әншейін әдемі сөзге ғана шебер көкмылжың емес пе шеттерінен!

Жанай мен ай

Бәкөш: Қап! Мыналардың қорлығын-ай!

Әкөш: Ал, ендеше ...жібермейтін несі бар?! Мына тау мен қалың орман, анау көл мен кең дала – менің жерім, менің елім! Мен қорғамай кім қорғайды елімді? Таптатпаймын қарақшының табанына, ластатпаймын әркімге! Орманыңда жан-жануар өргізіп, құшағыңды құстарыңа толтырсам, Бурабайда бұланайды өсіріп, (*бұланайды босатып, құшақтасып қоштасады*). Ақ бураның орынына, Ақ ботаңды қайтарсам, жараланған тас жүрегің, жазылар ма Көкшетауым! (*Ақ ботаны босатып, құшақтасып қоштасады. Бәкөш екеуі тордың бәрін ашып, хайуанаттарды босатып жібереді. Олар дүркірей шапқылап, табиғатқа сіңіп кетеді. Ең соңында Пони мен Жолбарыс қалады.*)

Бәкөш: (*Пониды босатып*). Ал, понеке, мына кең дүни сенікі!

Әкөш: (*Пониды құшақтап*): Понятайым, пончик, пөнжігім!

Жолбарыс: Ал мен ше? Әй, Әкөш пен Бәкөшім, мені ұмытып кеткеннен саумысыңдар?!

Бәкөш: Жоқ, ұмытқан жоқпыз!

Әкөш: Өзіңді де, сөзіңді де ұмытқан жоқпыз! Мен – жолбарыспын, бәрін бас салып жеп қоямын деген жоқсың ба?!

Бәкөш: Сенің орның – түрме! Қасыңа жаңағы қанішер аңшыны қосып кою керек!

Жолбарыс: Қап, қайдан ғана аузымнан қағынып едім? Кешіріңдер, андағы жылқысымаққа ерегесіп, артығырақ оттап қойыппын...Әй, Әкөш пен Бәкөшім, бір жолға босатыңдар мені! Осыдан босатсаңдар, жан иесі жануарға тіс-тырнағым тимеске, тимек түгілі зәрредей залал қылмасқа найзағайдай шапшаңдығыммен, найзадай азуларыммен, селебедей шеңгеліммен ант етейін!

Бәкөш: Саған сенім бар ма, айлакер мысық баласы! Қарның ашып, көзің қызарса, антыңның қайда қаларын кім білсін!

Жолбарыс: Жо-жоқ, айтқаным айтқан! Айналайын Әкөш, Ақося, сен де менің шөнжігім сияқты екенсің...бағанағы айтқан диетана көшемін, бұдан былай шөп жеймін!

Әкөш: Ет көрсең сертінді бұзбауға еркің жете ме?!

Жолбарыс: О-о, жеткенде қандай! Етті көп жемеймін, шөп жеймін!

Бәкөш: Ә-ә?!

Жолбарыс: Жоқ, ойбай, шөп жемеймін, ет жеймін! Түү, не деп кеттім, ет жемеймін, шөп жеймін, көп жеймін, ет жемеймін, көп жемеймін, шөп жемеймін...ет...ет...жей-жей-жемеймін! Қап, ми қата болдың-ау, сорлы басым, шөбі де бар болсын, еті де бар болсын! Ешқайсын да жемеймін! Жемеймін, жемеймін!

Бәкөш: Біржолата бауырсаққа көшсең қайтеді?!

Жолбарыс: Ба-ба-бақұл!

Әкөш: Сонда мына алпауыттың аранын толтыру үшін бүкіл Көкшетаудың кемпірлері Бурабайдан Бұландыға дейін әр ағаштың түбінде бауырсақ пісіріп отырмақ па?

Бәкөш: Осы мысықтар нан мен сүтке қанағат қылмаушы ма еді?

Әкөш: Мынаған сүт шақ келмес!

Пони: Жә, сонша бастарыңды ауыртып қайтесіңдер, отырсын осында тып-тыныш!

Жолбарыс: Әй, әй, понеке, о не дегенің? Көрші хақысы – тәңірі хақысы дегенді ұмытқаның ба? Көкшетауды жалғыз кезгенде көсеген көгермес, бір көкжалға кезіксең, көзден бұл-бұл ұшарсың! Одан да мен қасында жүріп, қорғаушың болайын! Әй, Әкөш пен Бәкөшім, мені босатсаңдар, мен бүкіл аң-құсқа айбар болып, қорғап жүрер едім!

Әкөш: Бұл сөзі көкейге қонады. Қайтеміз?

Бәкөш: Шері екенін білуші едік, ер екенін көрейік!

Жанай мен ай

Әкөш: (*жолбарысқа*): Осыдан алдасаң- көресің! Онда сен ең ұятсыз, ең оңбаған, қысқасы, ең, ең, ең жаман болғаның! (*торды ашып, жолбарысты босатады*).

Жолбарыс: Бір-р-рахмет, айналайындар, көп жасаңдар! Ал, понеке, жүр, қуыспақ ойнайық!

Пони: Ойнасақ ойнайық! Қане, мықты болсаң жетіп көр! (*екеуі шаба жөнеледі*).

Бәкөш пен Әкөш: (*қосарлана*): Жолдарың болсын!

(*Кетеді. Бұлар кетісімен аңшы, ағай, 1-2-қызметші келеді. Бәрі де қызулау*).

Аңшы: (*Мылтығымен 2-қызметшіні қарнынан түртіп-түртіп қойып*): Әй, осы мен бар ғой, иә, бірдемені атпасам, яки байлап-матамасам, өне бойым құрысып, тырысып, бір түрлі боп жүремін...

2-қызметші: Тэнкью!

Аңшы: О, сорыңды ұрайын, теңкигің кеп тұрса...қазір бір теуіп теңките салайын ба?

2-қызметші: Жо-жоқ, болмайды...тепсең ауырады менікі қарын...дажы жарылады!

Ағай: Әй, айналайын, тебуіңе өзіміздікі де жетеді ғой! Тиме бұларға! Бұлардың бүйірлері тоқ болса, біздің де бөтекеміз бос болмас!

1-қызметші: Бос болмау үшін біздің торларымыз толып тұруы керек! Ал, мынау не...қанша орын бостан-босқа тұр!

Аңшы: Нешауа! Толтырамыз бәрін де! Ертең-ақ...Оған дейін...оған дейін бар ғой...мына бос кілеттерге өздерің отыра тұрсаңдар кайтеді, ә?!

2-қызметші: Грандиозно!

Аңшы: Мәселен, мында сен...(*2-қызметшіні қарынан ұстап, бірінші кілетке кіргізеді*). отыра тұрсаң...балақайлар сені қандай аңға ұқсатар екен, ә?!

1-қызметші: Шимпанзеге, тек кана шимпанзеге ұқсатады!

Аңшы: Тә-әк! Ал сен ше? Сен кімге ұқсайсың, ә?! Көрейікші, қане! (*1-қызметшіні торға кіргізеді.* (Но-о, қалай?

2-қызметші: Аумаған орангутанг!

Аңшы: Ағай десе...сізді де бір көрсек қайтеді?

Ағай: Дөйт! Немене, мені мазақ қылғың келе ме?

Аңшы: Ойбай-ау, ағай-ау, сізді әжуалап өле алмай жүр деп пе едіңіз? Жай әншейін, қызық үшін ғой...Мен де қасыңызда тұрайын!

Ағай: А-а, жарайды, қызық болсын! Бірақ, торда тұрғаным үшін маған ақша төлейсіңдер! (*Екеуі бір торға кіреді.*)

Аңшы: Базар жоқ! Ертең бір бұланды атып беремін! Но-о, қалай, кімге ұқсаймыз біз, ә?

1-2-қызметші: (*Қосарлана*): Хе-хе-хе!

Ағай: Ей, айтындар, біз де бірге күлейік!

1-қызметші: Жоқ, айтуға болмайды!

Аңшы: Айтындар, қане!

2-қызметші: Қой, атып тастап жүрерсің!

Ағай: Әй, кулар, ә!

Аңшы: Ағай, ағай, дүниеге темір тордан қараған қалай екен, ә?!

Ағай: Кетші әрі, қайдағыны бастамай!

Аңшы: Ал, маған кейде біздің орнымыз осы жер сияқты болып көрінеді де тұрады!

Ағай: Кет, жағыңа жылан жұмыртқалағыр! (*тордан шығады бәрі.*)

2-қызметші: Фу, қалай қорқынышты!

1-қызметші: Менің бүкіл аңдарды босатып жібергім келді!

Жанай мен ай

2-қызметші: Әй, айтпақшы мына торларда тұрған аңдар қайда?!

1-қызметші: Мәссаған! Босап кеткеннен сау ма өзі?!

Аңшы: Қайда? Көрсетіндер көзіме...көгендеп тастайын шетінен!

2-қызметші: (*Жанұшыра зоопаркті айналып шығып*): Бай-бай-ай, бай-бай-ай! Бірі қалмай қашып кетіпті!

1-қызметші: Құрыдық десенші...Жер сүзіп, құм қаптық десенші!

2-қызметші: Не де болса бағанағы екі баладан келді! Бай-бай-ай, бай-бай-ай!

Аңшы: Жә, байбайлама бекерге! Белді бекем бу да, ер сонымнан! Ертеңнен қалдырмай мұрнынан тізіп тұрып, ендігәрі қашпайтындай қылып бермесем, аңшы атым құрсын! Тарт, айда! (*Мылтығын көкке бір атып, жүгіре жөнеледі. Екі қызметші бірге кетеді*).

Ағай: Барындар! Ештеңеден қорықпаңдар...документ жағын катырамыз! (*Бұрылып, басқа жаққа кетеді*).

Екінші сурет

Бірінші көрініс

(*Көкшетаудың баурайында, қарағай мен қайыңның арасында жолбарыс пен пони келе жатыр*).

Пони: О, шері, батпан-батпан ойлар басып келе ме, қабағың неге қатыңқы?

Жолбарыс: Сен туралы ойлап келемін.

Пони: Мен туралы? Әрине, жақсы ойлар шығар?

Жолбарыс: Өте-мөте жақсы ойлар! Тіпті, ойымнан шықпайсың!

Пони: Дос болсаң осындай бол! Мұның ғажап екен!

Жолбарыс: Несі ғажап? Қарыным қатты ашып жүр!

Пони: О, қарының бар болсын сенің, қарының!

Жолбарыс: Әй, сен неге менің қарыныма соқтыға бересің, ә? Өткен жолы құтырғаныңды мен ұмытқан жоқпын, ал, қане, аузыма теуіп, азуымды қағып көрші...

Пони: Әй, әй, қайдағыны айтпа...құрдас емеспіз бе, ойнағанды да білмейсің бе?

Жолбарыс: Ойнасаң да ондырмадың...Сенің сұғың өткен шығар, міне, қарашы, қарным қабысып, қабырғам арса-арса болып, собалаңдаған сүлдерім ғана қалды!

Пони: Жә, сабыр ет, кей-кейде ашыққан пайдалы денсаулыққа...тығындай бермей. Қазір бір жөнін тауып, сені нанға тойғызамын. Майшелпекті балқаймаққа батырып соғып алсаң, ханға сәлем бермейсің, тарихтағы тұңғыш нансоғар жолбарыс!

Жолбарыс: Сонда да еттің жүрер жолы бөлек қой! Нанбасаң, қазақтардан сұра!

Пони: Білмеймін, құрдас, біреудің етін біреу қалай жейді- миыма қонбайды! Жарайды, бос сөз бауырсақ болмас, бір hareket қылайын. Сен сияқты өте жақсы көретін досымнан аянып қаламын ба?

Жолбарыс: Мен де сені өте жақсы көремін! Жақсы көретінім сондай, жеп қойғым келеді!

Пони: Пау, шіркін-ай, бұл не деген махаббат! Жарайды, қалжырасаң қарағайдың түбінде қиялға батып сұлай тұр! *(Жолбарыс бұрылып, қарағайдың түбінде жатып қалады. Пони орманның ортасына қарай бара бергенде, ақбота мен бұланай шауып келеді. Іле-шала қиқулап аңшы, 1-2-қызметші жетіп, бұларды қоршап алады).*

Жанай мен ай

Аңшы: *(мылтығын сермен).* Ұсталдыңдар ма, эп, бәлем! Енді құтыла алмайсыңдар!

Әкөш пен Бәкөш: *(жүгіріп келеді).* Тимендер! Тимендер ақботаға!

Аңшы: Өшір үніңді өрекімей! Осыдан бөгесін боп көр, жайратамын да саламын!

Бәкөш: Қап! Енді қайттік?! *(Аңшы ақбота мен бұланайды байлап-матауға кіріседі. Әкөш пен Бәкөш жағаласып, бөгет жасап бағады. 1-2-қызметші екі баланы күштеп байлап тастайды. Бұлар алысып-жұлысып, әбігер болып жатқанда, пони ақырын ғана сытылып кетіп, қарағайдың түбінде ұйқтап жатқан жолбарысты оятады).*

Пони: Жөке, жөке! Жолдас жолбарыс! Тұр, тез тұр, ойбай!

Жолбарыс: Е, не боп қалды?

Пони: Аттан, аттан! Жау шапты!

Жолбарыс: Ой, қойшы сен де, қайдағыны айтпай... қарным ашып, құр сұлдерім тұрса!

Пони: Өй, өзіңнің ет жегің келе ме?

Жолбарыс: Оны маған кім берген?

Пони: Ендеше жүр... семіз-семіз етке бір қарық қылайын...

Жолбарыс: Жоқ, бармаймын да жемеймін!

Пони: О неге?

Жолбарыс: Әкөш ұрсады!

Пони: Немене, немене дейді?

Жолбарыс: Әкөш, Ақося ұрсады! Тақ-тақ етіп төбемді теседі! Ол аздай Бәкөш екеуі қосылып марал оқып, миды ашытады. Одан да аш құлақтан тиыш құлақ, шөп жеп, диетада жүргенім артық...

Пони: Ойбай, ендеше мені сол Әкөш пен Бәкөш жіберіп отыр! Өзің барып құтқармасаң, балаларды да, ақбота мен бұланайды да байлап алды жауыздар! Ал, ол жауыздар дүниені бүлдіретін нағыз арам еттер емес пе?

Жолбарыс: (*арылдап атып тұрып*): А-а-рр! Онда мен қазір табиғатты тазалай қояйын! (*Атылып келіп, алысып, қуысып жүргендердің ортасына топ ете түседі. Аңшы мылтығын оқтала бергенде, бір-ақ қағып, мылтығын быт-шыт қылады. Аңшы, 1-2-қызметші бақырып тұра қашады. Жолбарыс арылдап, оларды қуып кетеді. Пони бәрін босатады. Басқа да аң-құстар келе бастайды. Ілешала аңшыны, 1-2-қызметшіні арылдап қуып келген жолбарыс ол үшеуін бір-бір мытып алады. Үшеуі ойбайлап, Әкөш пен Бәкөштің тасасына тығылады*).

Аңшы: Ой, Әкөш пен Бәкөшім! Құтқарындар мына қанішерден!

1-қызметші: Қой десеңдерші тезірек...аппетиті ашылып кетпей тұрғанда!

Жолбарыс: Құлқынымды ойласам, үшеуін үш-ақ асар едім ғой...Сендерге берген антымнан аттамайын деп, алдарыңа алып келіп тұрмын!

Бәкөш: Ал, ағайындар, не айтасындар?

Әкөш: Адам түгілі, айуандардан ұят болды ғой!

Аңшы: Жаздық, жаңылдық! Бір жолға кешіріндер! Енді қайтып жан-жануарларды атпауға, зоопаркке сатпауға ант етеміз!

1, 2- қызметші: Ант етеміз! Ант, ант!

Аңшы: Тіпті бар ғой, өмір бойғы аң-құсқа көрсеткен зәбірімнің өтеуіне мен енді бұларды сырттарынан қорып, қорғап жүруге дайынмын!

1, 2-қызметші: Біз де дайынбыз!

Жанай мен ай

Әкөш: Онда біздің Көкшетау ғажайып қорыққа айналар еді!

Бәкөш: Жан-жануар емін-еркін жайласа, сіздер қорықшы болсаңыздар...нағыз жарасым сол емес пе?!

Ағай: *(сөйлеп келеді).* Саспандар...документ жағын қатырамыз! *(Бәрі ду күліп, дөңгелене билейді. Адамдар мен аң-құстар қосылып, қол ұстасып табиғат жарасымын, тіршілік үйлесімін жырлайды).*

Бәкөш: Алағай да Бұлағай,

Заман көрген Бурабай,

Біріне де қарамай

Аман келген Бурабай!

Әкөш: Тау ішінде толағай,

Аққайың мен қарағай,

Бауырына баса көр

Сағынып келді өзінді

Ақмарал мен Құралай,

Ақбота мен Бұланай!

Бәкөш: Көкшетауым – кербезім,

Шоқтығы жұрттан асқан жер,

Абылайдың ақ бура

Балпаң-балпаң басқан жер!

Әкөш: Адасып кеткен ақбота

Айналып сая тапқан жер,

Абадан, алан асыр сап

Құйғытып құлын шапқан жер,

Қияда құсы қалықтап,

Жер-жаһандық жан-жануар

Жарасым тауып жатқан жер!!!

(Жан-жануарлар мен адамдар қосылып, шаттана билейді. Табиғатты, бүкіл дүниені жарасым әні әлдилеп, тербеп тұрғандай болады!)

Соңы. 2001жыл.

Жалмауызды жеңген бала

2 актілі ертегі

Қатысушылар:

Асан- оқушы бала.

Мама – Асанның анасы.

Жалмауыз – кемпір.

Самұрық – ертегілер әлемінің падишасы.

Таусоғар – мейірімді алып.

Жойбек – жауынгер капитан.

Соямбике – жауынгер қыз.

Елік

Еліктің лағы

Еркеш – кішкентай қазақ қызы.

Маша- орыс қызы.

Барбара- поляк қызы.

Ниндзя

Әр ұлттың балалары мен қыздары, жан-жануарлар, аң-құстар, құбыжықтар, ертегі әлемінің кейіпкерлері.

Бірінші акт

Бірінші көрініс . Пәтерде

Ерте, ерте, ертеде емес, бүгінде, қаладағы пәтерлердің бірінде тоғыз жасар Асан деген бала тұрады. Ол компьютерге өте құмар.

Құмарлығы сондай, күні-түні соғыс киноларды, атыс-шабыс, қырғын төбелес ойындарды көреді де отырады. Тіпті, өзі де сол ойыншықтарға еліктеп, бірге жүргендей сезінеді.

Бір күні компьютердің экранына бір жауынгер жігіт пен қыз шыға келді. Мұздай қаруланған, түстері суық, қаһарлы. Қаланың ортасында талтайып тұрып, жігіт жұртқа айқай салды.

Жойбек: Я капитан Джойбек, то есть капитан уничтожай! А эта симпатная Соямбике – чемпионка по сою – дзюцу!

(Алақанының қырымен тамағын қиып көрсетті. Жауынгерлерше киінген, бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен Соямбике сарт-сұрт соғып, секіріп теуіп, қарсы келгендерді ұшырып түсірді).

Жойбек: Сою – дзюцу – Соямбике – мисс зарежу! Когда мы вместе – всем хана! Капут! Вылезайте из вашей дыры или мы уничтожим всех! Сожжем ваши дома! Потопим в крови вашу землю! Так что пока целы, приползайте на четвереньках! Ах, так! Вы гордые?! Хотите жить свободно? На, на вам свобода и равенство! На, на, получайте!

Жойбек пен Соямбике қаруларынан оқ жаудырып, қаланы гүрс-гүрс жара бастады. От-жалынға оранған қала қанға батып, жантүршігерлік дауыстар шықты. Асан құлай беріліп, қимылдарын қайталап, елтіп отырғанда, даладан мамасы кіріп келді.

Мама: *(ренжіп):* Әй, Асан, айналайын, болды ғой енді! Бір мезгіл демалып, далада ойнап келсеңші. Күні-түні компьютердің ішіне кіріп кете жаздайсың да отырасың!

Асан анасының сөзін құлағына да ілмей, ойынын құмарта жалғастыра берді. Кино кейіпкерлеріне қосылып, «пух, пах», «кы, кх» деп, бет - аузына дейін қисаңдап, құбылып ойнады.

Мама: Асан деймін, Асан! Қашан тіл алып, дұрыс адам боласың, әй сен? Андағы компьютер дегенің денсаулыққа зиянды! Сарылып көп отыра берсең, ауырасың да қаласың! Бет аузың қисаңдап, тілің салақтап, көзің алақтап, басың қалтылдап, иығың селкілдеп, қол-аяғың дірілдеп, жындыханадан бір-ақ шығарсың бір күні!

Асан : Ал, бірақ, бәрібір компьютерсіз күн жоқ қазір!

Мама: Дұрыс қой, құлыным, бірақ әр нәрсе дәмімен деген. Шектен тыс құмар болған жақсы емес. Миың айналып, суми, көкми, зомби боп қаласың! Өстік қой осы, ешқандай компьютерсіз-ақ адам болып!

Асан: Ой, мама, сендер сондай артта қалғансыңдар! Тіпті кісінің күлкісі келеді!

Мама: Сендер керемет болып, қарық қылсаңдар көрерміз, әлі! Одан да бар, нан алып кел! Мың жерден мақтасаң да андағың тамақ болмайды адамға!

Асан еріне, амалсыз қозғалып, шығып кете барды.

Екінші көрініс. Аулада

Аулада бір топ бала ойнап жүр екен, Асан біреуін түртіп, біреуін қағып, ойнап жүрген доптарын әдейі айдалаға теуіп жіберді.

Кішкентай қара қыз- Еркештің балмұздағын тартып алды. Қызға болысқан бір дәу баланы құйрығынан күмп еткізіп бір тепті. Анау

Жанай мен ай

төбелеспек болып ұмтыла бергенде, Асан қалтасынан бабочка пышағын суырып алды.

Асан: Убью! Уничтожу всех!

Еркеш: (*оган ұрсын*): Қой қане! Таста пышағыңды! Мұндай жаман бала болма! Мен саған қой дедім ғой!

Асан сәл бөгеліп тұрды да, қолындағы балмұздағын қара қыздың аузы-мұрнына баттатып жаға салды. Балалар шошып, қыздар шыңғырып жіберді.

Айқай-шуга жүгіріп келген мамасы Асанды қолынан ұстап алды.

Мама: Ах, оңбаған, кішкентай қарақшы!

*Асанның бұлқынғанына қарамай, сүйреп алып кетті. Үй алдында Асанға: **Мама:** (Үй алдында Асанға): Мен сені айдалаға, орманға апарып тастайын!*

Асан: Онда компьютерімді ала баруға бола ма?

Мама: Жоқ! Онда аң-құстардың арасында жүретін боласың!

Асан әлденені ойына алғандай үндемей қалды.

Үшінші көрініс . Орманда

Мамасы машинамен Асанды орманға алып келе жатқанда, далада жайылып жүрген малдарды көріп, Асан қатты қызықты.

Асан: О-о! Мама! Қарашы, қаншама ет пен тері! Мыналардың бәрін сойып тастап, базарға сатсақ, у-у, қанша ақша болар еді!

Мамасы жұдырығын түйіп, тиып тастады.

Орманға, көл жағасына, таудың баурайына келген соң, Асан асыр салып жүгіріп тау-тасқа секіріп ойнап кетті. Мамасы табиғатты

тамашалап, кейіндеу қалды. Асан бірер аң-құстарды көріп, тас лақтырды, ұстамақ болып қуалады. Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін, суырдың інін бұзды. Біраздан соң ұрлана басып машинаға келді. Багажнигін ашып, ораулы мылтықты алып, қайтадан аң-құс аулауға кірісті. Бір кезде бір еліктің лагын көріп, аңди бастады. Көздеп тұрып, атып жіберді. Мылтық даусы тып-тыныш төңіректі сілкіндірді. Орманда жүрген мамасы шошынып, жан-жағына қарады да, тұра жүгірді. Асан құлаған аңның қасына келді. Шалажансар, қансырап жатқан аңның көзі жаутаңдап, аянышты көрінсе де, Асан оған соншалық бір қатігездікпен қарап тұрды.

Асан: Алақай! Алақай! Өлтірдім! Мен өлтірдім! Урря! Өлтірдім мен!

Ол есерлене айқайлап, билей бастады. Сол кезде жер ойылып кетіп, бұл шұңқырға түсіп кетті. Тесіктің жиегіне, шөптерге жармасып, тырмысып жатқанда, жүгіріп келген мамасы, қолын соза берді. Бірақ үлгері алмады- Асан тереңге құлап кете барды.

Сол ұшқан күйінде өкіріп, ұзақ уақыт шыр айналып, зуылдап кеткен Асан бір кезде бір жұмбақ, күңгірт әлемге топ ете түсті. Бұл жердің түрі де, дыбысы да өзгеше екен. Тым-тырыс тыныштық үрейін ұшырды.

Төртінші көрініс. Құбыжықтар қолында

Әлгі жерде бір алып Таусоғар орман тазалап жүр екен. Ол ақырын Асанды бақылай бастады. Сол кезде қиқулап, сақылдап күлген дауыстар естілді. Кенет орманнан шыға келген бір құтырған құбыжықтар баланы бас салып, қол-аяғын байлап, сырыққа асып айдалаға ала жөнелді.

-Қанішер! Жауыз!- деді қолдары тарбизан, тістері ақсизан, тырнағы сояудай маймыл бет жезтырнақ.

Жанай мен ай

- Жалмауыз! Қорқау! – деді алақандай қорқынышты көздері алақ-жұлақ, жарқ-жұрқ еткен, локаатор құлақты, антенна мүйізді киборг-робот.

- Қолға түстің бе, бәлем!? Буындырып өлтіріп, бітеудей жұтып қояйын ба!?- деді семсер тісті жолбарыс аранын ашып.

-Терісін тірідей сыпырып, шикідей жеу керек!- деді басы –арыстан, денесі –аю, аяғы мен құйрығы динозавр сияқты құбыжық.

-Жоқ! Отқа қақтап, шыжғырып, үйтіп жеу керек!– деді, басы марсиан, денесі адам, аяғы кенгуру сияқты құбыжық.

- О-о! Табылған ақыл! – десіп, шу ете түскен басқа да неше түрлі қорқынышты құбыжықтар сақ-сақ күліп, билеп ала жөнелді. Бір алаңқайда отты лаулата жағып жіберіп, Асанның ойбайына қарамастан, қақтауға кірісті. Бет-аузы күйелеш-күйелеш болып, түтіндей бастаған Асанға: «Қалай екен, жазықсыз аңды өлтірген? Енді өзің де өліп көр! – деп, айналдырып-айналдырып қояды сырық ағашты.

Асан басы айналып, дыбысы өшіп, есінен тануға айналды. Құбыжықтар ашқарақтанып, оның піскеніне шыдамай, тырнақтарымен әр жерінен жұлмалап жегілері келіп, таласа тармаса, тартып – тартып қояды. Сол уақытта алып Таусоғар ақырып келіп, әлгі құбыжық-қорқауларды жан-жаққа лақтырып, шашып тастады. Асанды бір-ақ жұлқып босатып алып, аспанда та лақтырып жіберді. Естерін жиган құбыжықтар Таусоғарға жабыла кетіп, қырғын шайқас басталды.

Бесінші көрініс: Карнавалда

Шырқырап ұшып кеткен Асан қазіргі заманғы үлкен сарайға, түп-тура карнавалдың үстіне топ ете түсті. Әр түрлі халықтардың ұлттық

киімдерін киген әдемі қыздар мен балалар, жан-жануарлар сондай жарасып, билеп, думандатып жүр. Асан жан-жағына таңдана қарады.

Қазақтың әдемі ұлттық киімін киіп алған баяғы қара қыз Еркеш алдынан шықты .

Еркеш: О-о! Кел, кел, кел, бізге қосыл! Қане, бір ән салып жіберші!

Асан төмен қарады. Шетелдік бір ырғақты салған болды. Барлығы оны мазақтап ду күлді.

Маша: *(орыстың ұлттық киімін киген):* Әй, балақай, мұндай ән бізге таңсық емес! Сен бізге өз халқыңның бір әнін айтып бер!

Асан: Мен ән білмеймін!

Барбара: *(поляктың ұлттық киімін киген):* Тоқта, сен өзің кімсің?

Асан: Мен Асанмын!

Барбара: Жоқ, сенің ұлтың кім?!

Асан: Ә, ә, мен қазақпын!

Маша: Қазақ болсаң, қазақтың бір әнін айтып бер!

Асан: Мен қазақша ән білмеймін?!

Қыздар: Ұят-ай! Ұят-ай! Өз елінің әнін білмейтін де кісі болады екен-ау? Масқара!

Маша: Ал, жарайды, сонда не білесің?!

Асан: Мен компьютер білемін. Одан ылғи ойын, кино көремін.... музыка тыңдаймын!

Барбара: Қане, қандай өнерің бар? Көрсет бізге!

Асан: Міне!

Асан атыс-жарылыстың дыбысын салып, жауынгерлерше қимылдап көрсетті.

Жанай мен ай

Қыздар: (*ренжіп*): Қойшы, қанішерлер құсамай....!

Еркеш: (*ашуланып*): Ал, бұл бала шынымен қанішер! Ол еліктің лағын атып тастады!

Бәрі теріс айналды.

Маша: Мен мұндай жауыз баламен дос болғым келмейді!

Барбара: Ал, мен оның қасында тұрып, бір ауаны жұтуға да жиіркенемін!

«Мұндай әсем әлемде жауыз балаға орын жоқ!» – деп, карнавалға жиналғандар Асанды қол-аяғынан ұстап, шайқап-шайқап, лақтырып жіберді....

Алтыншы көрініс. Жан азабы

Қайтадан шырқап ұшқан Асан Таусоғармен ұстасып, қаһарлана құлашын жазып тұрған арыстан басты, аю денелі, динозавр аяқты құбыжықтың құшағына топ ете түсті. Енді өлді-ау дегенде, Таусоғар оны жұлып алып, қаша жөнелді. Қорқаулар шуылдап тұра қуды. Бір кезде алдарындағы бір үлкен көлдің жағасына тоқтады. Құбыжықтар жақындап, енді ұстайды-ау дегенде Таусоғар көлді бір-екі сораптап, ұрттап қойды. Асанды алып өтіп кеткен соң, қайтадан суды орнына құя салды. Құбыжықтар суда малтақтап, қалып қойды.

Былай шығып естерін жиып, шөлдеп, шаршап келе жатып, бір ағын суға кез болды. Сөйтсе, бұл Асан атқан еліктің мекені екен. Жаралы лақ сұлқ жатыр. Елік қайғыға батып, лақтың аман қалуын тілеп, жылап-сықтап отыр.

Елік: (сұраулы жүзбен қараған Таусоғарға): Бір бала атып кетіпті!

Асан ұяттан қып-қызыл боп, қайда тығыларын білмей жаман састы. Ананың мұңына ортақтасып, ол тұңғыш рет өз ісіне өкініп, бірге

қайғырып, жаралы аң тірі қалса екен деп тіледі. Таусоғар да мұңайып отырғанда, әлдеқайдан Еркеш сап ете түсті.

Еркеш: (Асанға тап-тап беріп): Міне, міне қанішер! Жазықсыз аңды атқан бала осы! Жауыз! Жалмауыз!

Асан: (жалтарып): Жоқ! Өтірік! Мен емес!

Таусоғар екеуін арашалап, айырып алды.

Лақ көзін ашып, Асанға мұңая қарады...

Елік: (баяу, ақырын өксіп): Сен бе?! Неге, неге аттың менің балақайымды? Қалай ғана қолың барды? Қайтіп қана көзің қиды?!

Асан жылап жіберді.

Таусоғар: Әй, балақан, рас па? Шынымен сен аттың ба?

Асан жыламсырап, міңгірлеп, ештеңе дей алмады. Таусоғар бұрылып кетіп қалды. Асан көзінде жас мөлдіреп, ауыр қайғыға батқан елікке, шалажансар лаққа қарай алмай, қашып шығып, беті ауган жаққа қаңғи берді. Қаңғып келе жатып, өксіп-өксіп жылады, өз басын өзі тоқпақтап, ағаштарға, тау-тасқа ұрды. Күйініп, жерге домалады. Домалап келе жатып, бір керзі етікке тірелді.

Жетінші көрініс. Қорқаулар қоршағанда

Бұл капитан Жойбек еді. Қасында Соямбике, спецназ, ниндзя, робот, қарақшылар сияқты киінген, автомат, гранатомет, садақ, найза, қылышпен қаруланған бір топ адамы бар. Капитан Жойбек домалап жатқан Асанды жерден көтеріп алып, ауада салақтатып біраз тұрады. Жерге түсіреді.

Жойбек: -Әй, Ассан, Асана, Асанчик! Қорықпа! Қайғырма да мұңайма! Мүжілме де түнілме! Қардай болып сөгілме, бордай болып үгілме! Мұздай болып еріме, қыздай болып егілме! Қаһарыңа мін,

Жанай мен ай

кайратыңа сен! (*Автомат, граната, қанжар ұсынады*): Қара орманды қан сасытып, бірін қоймай қырып сал! Сені ұялтып, орталарынан қуған екен, көрсет оларға! Ұяттарымен қосып өртеп жібер барлығын!

Асан алғысы келмей қашқақтады.

Жойбек : Әй, бала, балашка! Біздің саған жанымыз ашып тұр! Бізге қосылмасаң, жалғыз қаңғып қаласың ! Мейлің! Қазір жан-жануарлардың бәрін өзіміз-ақ қырып тастаймыз да, жаласын саған жаба саламыз! Содан кейін барлық халық сені қанішерлердің қатарына қосады. Атыңды мәңгілікке қара тақтаға қарғап-сілеп жазып қойса, жақсы бола ма?!

Асан: Жоқ!

Жойбек: Олай болса бізге қосыл! Ерліктер жаса! Батыр атанып, атақ-данққа бөленгің келе ме өзі?

Асан: Иә!

Жойбек: Онда не тұрыс-мә! (*Қаруды тықпалайды*). Ат та таста!

Асан: Жоқ! Мен енді тірі жанды өлтіргім келмейді!

Жойбек: Ах, солай ма? Сонда, мына біз қорқау екенбіз ғой сеніңше! Жарайды! Қорқаудың қандай болатынын көрсетейін мен саған!

Қолымен нұсқап, белгі береді. Жауынгерлер әп-сәтте баланы қаумалап, қолдан-қолға қақпақылдап, жуан зәулім қарағайға керіп байлап тастайды.

Жойбек: Ал, қалай екен көздеп атқан? Батыр болсаң – тік қарап көр!

Соямбике садағын көтеріп, көздейді. Асан тыпырлап, көзін жұмып, басын қисаңдатып, жанталасады. Ысқырған жебе тура төбесінен екі елі жоғары, қарағайға қадалады. Жан-жағына қадалады. Асан қорқып, шыңғырады, бұлқынады. Капитан Жойбек, Соямбике бастап бәрі мазақтап күледі. Капитан Жойбек пистолетін саусағында айналдыра ойнатып-ойнатып, көздемей тез-тез атып-атып жібереді. Баланы

байлаған арқанды қиып түсіреді. Соямбике енді қанжар, найза лақтыруға дайындалып, көздеп тұрып, жіберіп қалғанда, Асан бір жағына аунап кетеді. Бағанадан бері бұларды бақылап жүрген Таусоғар оны іліп ап, қашады. Қарақшылар қуып жетіп, қоршап алады. Таусоғарды атпақ болып, қаруларын кезей бастайды.

Сол кезде қатты дауыл соғып, төңірек қап-қараңғы болып кетті. Әлгілердің бәрін үрей буып, қимылдай алмай қалды. Дауыл басылып, күн ашылғанда бәйтеректің басына алып самұрық құс келіп қонды. Саңқылдап, қанатымен ауаны кескілеп, суылдатып бір-екі сипап, барлығын алдына жинап алады.

Самұрық : Біздің ертегілер әлемінде қантөгіске, жауыздыққа, арамдыққа, өшпенділікке, қулық-сұмдыққа, былық-шылыққа орын жоқ! Ертегілер әлемі- қайырымдылық, адалдық, сұлулық, әділдік әлемі! Қан төккен, өтірік айтқан, біреуге қиянат, зорлық-зомбылық жасаған адамдар бұл әлемге лайық емес! Ондай оңбағандардың орны- қоқыстар мен қорқаулардың арасында! Жоғалындар бұл арадан!

Самұрық қанатын қомдап, қағуға ыңғайлана бергенде, капитан Жойбек алға шығады.

Жойбек: Уа, ертегілер патшасы, дат!

Самұрық: Датың болса, айт!

Жойбек: Мен, капитан Жойбек, қаншама қырғын соғысты көрдім! Қырдым-жойдым! Өйткені амалым болған жоқ – соғыстың аты соғыс! Мен жауды өлтірмесем, жау мені өлтіреді. Соны ескерсеңіз екен, әділ патша!

Самұрық: Капитан Жойбек! Атың өшкір! Соғыссаң – не үшін соғыстың? Біреудің жерін тартып алу үшін, билеп- төстеу үшін соғыстың! Біреуге жалданып, ақша үшін соғыстың! Жұрттың үйіне барып, ойран салдың! Сондықтан саған кешірім жоқ!

Жанай мен ай

Жойбек: Олай болса, мына балаға неге ара түсесіздер? Жазықсыз, қорғанышсыз еліктің лағын атып тастаған оның кінәсі бізден кем емес! Әділ болсаңыз, мұның да жазасын беріңіз!

Самұрық: Бұл кішкентай қанішердің де орны сендермен бірге! Кетсін аулақ!

Бағанадан бері үртііп-үртііп тұрған топ енді балаға қарады. Капитан Жойбек Таусоғардың қасында тұрған Асанды іліп әкетпекке оқтала бергенде, Таусоғар оның қолын қағып жібереді.

Таусоғар: О-о, ертегілер әлемінің падишаһы! Дат!

Самұрық назар аударады.

Таусоғар: Асанның күнәсі үлкен, қылмысы ауыр. Бірақ, бұл енді-енді өз қатесін түсініп, қатты өкініп жүр! Жойбек берген қаруды алған жоқ! Мен сенемін Асанға! Біз оған көмектесейік! Мүмкіндік берейік!

Самұрық ойланып, қанатын сипай қағып қалғанда, әлгі жауынгер топ гайып болып кетеді. Тек Асан мен Таусоғар ғана қалады. Орманнан аң-құстар ақырын басып, сақтана жинала бастайды. Елік те келеді.

Андар: (жамырап): Мына кішкентай қанішердің жазасын беру керек! Сазайын тартсын!

Орманды ауыр үнсіздік басады. Асан алға шығып, елік-анаға қарап, тізерлеп, басын иіп отырады. Көзіне жас тұнған. Самұрық, елік-ана, жаралы лақ, аң-құстар, Таусоғар - бәрі де мұңайып, ойға батып кетеді.

Самұрық : Жаралы лақтан әлі де үміт бар! Өлі су мен тірі суды әкеліп берсе – жазылып кетер еді! Бірақ, ол су жалмауыз кемпірдің қолында! Оның қоластындағы сиқырлы атырапқа біздің бір де біріміз бара алмаймыз! Оған тек адамзаттың баласы ғана бара алады!

Асан: Мен барып әкеліп берейін!

Самұрық: Бірақ, бұл сапар өте қауіпті! Ол жаққа барғандардың бір де бірі аман қайтқан жоқ!

Асан: Еліктің лағы өлсе, маған да өмір жоқ! Рұқсат болса мен барайын, ұлы падишаһ!

Самұрық: Сен шынымен өкініп, қайғырып жүрсің бе?

Асан: Иә!

Самұрық: Егер шынымен қайғырсаң – онда мүмкіндік бар! Шын жылаған адамға жалмауыздың жаны ашуы мүмкін! Бірақ, байқа! Өкінгенің өтірік болып шықса, жалмауыздың жанындағы жәдігөй, сиқыршылары ар жағындағы ниетінді жазбай таниды. Онда өмірмен қоштаса бер – я қаныңды ішеді, я бір мылқау құбыжыққа айналдырып, мәңгілік қарауылға тұрғызып қояды!

Асан: Жоқ! Шыным! Нар тәуекел!

Самұрық құптап, қанатын сермеді.

Екінші акт

Бірінші көрініс. Жалмауыз ана

Жалмауыздың жері – ұшы-қиыры жоқ, тау-тасы, орман-тоғайы аралас жазық екен. Неше күн, неше түн жол жүріп, арып-ашып келе жатқан Асанды кенеттен бір топ жәдігөй, сиқыршылар бас салып, байлап алады.

Асан: *(ышқынып:)* Соңғы тілегімді беріңдерші! Ақырғы тілегім!

Асанды қара тасқа айналдыруға оқтала берген жалмауыз бен сиқыршылар тоқтай қалды.

Жалмауыз: Ал, айт ақтық тілегінді! Тек қана ішімізді пыстырып, көп мыжып кетпе!

Жанай мен ай

Асан: Тілегім сол – менің сөзімді тыңдасаңыздар екен!

Жалмауыз : *(жалба-жұлба шашын сілкіп-сілкіп жіберіп: (Жарайды! Жәдігөйлерім, сиқыршыларым, аярларым менің! Тыңдаңдар түгел! Аузын бағындар да, сынандар! Сөзінде мінәндәй (шынашағының тырнағын көрсетеді) өтірік болса, белуарынан қара тасқа айналдырып, желдің өтінде, күннің көзінде мәңгі бақи қара далбағай жамылып, қара қарғаларды бағып, қарабет атанып, қарауыл қарап тұратындай ғып катырып тастандар! Ал, егер де шынын айтса, шырай беріп, шырағын жандырындар! Ал, қане, сайра, балақай!*

*Асан ақтарылып, барлық оқиганы бастан-аяқ айтып береді.
Сиқыршылар үнсіз тыңдайды.*

Асан: *(әңгімесін аяқтап):* Егер де еліктің лағы өлсе – маған да өмір жоқ! Ондай ауыр күнәні арқалап, өмір бойы жан азабын тартқанша, не өліп кетейін, не тірі суды сұрап алып, лақты да, өзімді де аман алып қалайын деп келдім!

Сиқыршылар: Рас! Рас айтады! Сөзінің бәрі шындық!

Сол кезде жалмауыз жалба-жұлба шашын сілкіп-сілкіп жіберіп, сақылдап тұрып күлді. Сояудай тырнақтарын тарбитып, Асанның бетіне тақап, көзіне үңіліп, зәресін ұшырды. Қалшылдап билеп, қатты айғайлап жіберді.

Жалмауыз: Өтірік! Өтірік айтасың! Мен сенің бір-де бір сөзіңе сенбеймін! Ойың басқада!

*Жәдігөйлердің зәресі кетіп, жапатармағай жапырылып,
жалмауыздың аяғына жызылды.*

Сиқыршылар: Дұрыс айтасыз! Сіздікі жөн! Бірақ, бұл бала шынын айтып тұр! Біз соны сезіп тұрмыз!

Жалмауыз: Адамзат өтірік айтуға әбден төселіп алған! Шыны қайсы, жалғаны қайсы, тіпті, өздері де айыра алмайды!

Асан: (*күйін-нісін*). Мен бе өтірік айтып тұрған?! Мен ешқашан да өтірік айтқан емеспін! Ешқашан да! Үйде де, көшеде де, мектепте де! Неге сенбейсіңдер маған!

Жалмауыз: (*мысқылдан*) Ой-дойт! Шыншыл баланы қара! Көріп алындар өтірік айтпайтын кісіні! Е-ей, есалаң! Ойланбастан кісіні сойып салатын сендей оңбаған балаға өтірік айту бұйым болып па?!

Асан: (ышқынып): Жо-жок, жалмауыз апа, өйтіп күйдірмеңіз мені! Онсыз да күйіп біттім! Жаным қиналып кетті! Не істе дейсіздер маған?!

Жалмауыз: Оны әу баста – қолыңа мылтық алып, тірі жанды атарда ойлауың керек еді! Ол да өзіңдей жан иесі, оның да өмір сүргісі келеді. Өзіңді біреу атса, жақсы көресің бе?

Асан: Мен көрген киноларда ешкім де ойланып жатпайды! Адамдарды топтап қырып тастап, таптап кете береді! Жауап та бермейді, жандары да қиналмайды! Сөйтсем.... кісі өлтіру кинодағыдай емес екен! Кинодағыдай емес екен!

Жалмауыз: Жә! Қан төгу, жауыздық жасау жағынан адамдар бізден әлдеқайда озып кетті! Соларды көріп, біз соғысуды, жамандық істеуді қойғалы не заман! Тек адамдар ғана әлі күнге тоймай, бір- бірін қырып -жойып келе жатыр! Сен де болашақта дап-дайын қанішер болайын-ақ деп тұр екенсің! Бетіңнен жарылқасын! Бар да шетінен қыра бер!

Асан: Жок, Жалмауыз апа! Осыдан еліктің лағы тірі қалса, ешқашан да ешкімге қол көтермес едім! Оқ атпас едім!

Жалмауыз: Солай де? Жаны қысылса пенде шіркін Жалмауызды да апа дейді екен –ау, ә? Мен жақсылықпен жағаласып, адамзатқа жамандық жасап жүрген кезімде Жалмауыз кемпір едім. Әлі күнге сол атым қалмай келе жатыр. Әйтпесе, мойнымда нахақ қан жоқ! Мына қара тасқа айналғандар үшін өзімді кінәлі санамаймын! Өздері кінәлі! Мәңгілік өмір – тірі суды іздеп келіп, мәңгілік орындарын тапты! Ал сен аздап өкінген бола салып, оп-оңай жуа саламын дейсің бе нахақ

Жанай мен ай

канды?! Жоқ! Бәріне де жауап беретін кез келеді! Бір гүлді жұлсаң да, бір шыбықты сындырсаң да есебі бар! Ендеше, сен де тарт жазанды!

Кет дегендей екі қолын сертіп қалғанда, Асан домалап, бір қапасқа түсіп кетеді.

Екінші көрініс. Құтылу

Асан қараңғы, терең зынданда зарығып бірнеше күн отырады. Бір күні оны құтқаруға капитан Жойбек пен Соямбике бұқпантайлап, еңбектеп келеді. Жойбек қарауылға қанжар лақтырады. Қанжары тасқа тигендей сертіліп ұшып кетеді. Соямбике бір-ақ ырғып, секіріп қарауылды иектің астынан ұрып, сұлатып салады. Қамауда жатқан Асанға салбыратып арқан тастайды.

Жойбек: Асан! Асана, Асанато! Біз сені құтқаруға келдік! Көрдің бе, біз достарымызды жауға тастамаймыз! Енді сен бізбен бірге боласың! Біздің бармайтын жеріміз, алмайтын қамалымыз жоқ!

Асанды қапастан алып шығады.

Жойбек: Жүр, қазір ана кемпір мен қарауылдардың бәрін бауыздап тастап, керегінді алып кете береміз!

Асан басын шайқап, көнбейді. Соямбике оны құшақтап, түсінгендей арқасынан қағып, басынан сипайды.

Жойбек: (қаһарланып): Онда өзіміз-ақ жайғаймыз!

Олар арнайы операцияға кірісе бергенде, Жалмауыз ана кеп қалады. Капитан Жойбек тасадан бас салып, ұрып жықпақшы болады. Жалмауыз ана шыр айналып, бір қарауылды үшкіріп жіберіп, спецназ – ниндзяға айналдыра қояды. Ниндзя Жойбекпен шайқаса кетеді. Біраздан соң, Жалмауыз ол екеуін де, Соямбикені де, бүкіл жолдастарын да тас қарауылға айналдырып қояды.

Жалмауыз: Бейбіт елдерге бүлік салғанда сондай едіңдер, енді тыныштықты күзетіп, тұрыңдар осылай мәңгілік! (*Асанға қарап*): Мені жалмауыз дейсіңдер. Ал мен кімді жалмадым? Кімге іздеп барып жауыздық жасадым? Міне, мыналардың бәрі де (*тас мүсіндерді көрсетіп*): осында байлық пен билік іздеп келгендер! Және шексіз билікке құмар! Тойымсыз! Тірі суды ішіп, мәңгі өлмей билік құрғысы келеді! Ал мен бар болғаны ашкөз, жауыз пенделерге тірі суды бермей қалдым. Жойбек сияқты қанішерлер мәңгі өмір сүрсе не болар еді?! Олар ештемеден тайынбайтын жүзіқаралар! Мен оларды қара тасқа айналдырдым! Жоқ! Жалмауыз мен емес! Жалмауыз мына сендерсіңдер! Мына сенің, сенің, сенің ішінде жалмауыз! (*нұсқап, нұсқап көрсетеді*). Сол іштегі жалмауыздарыңды жеңіп алыңдар! Сонда ғана нағыз адам боласыңдар! (*Жалмауыз сілкініп, әп-әдемі ана болып шыға келеді*). Асан балам, мен мыңдаған жылдардың ішінде жеке басының пайдасы үшін емес, жаралы жанды аман алып қалу үшін басын қатерге тігіп келген бірінші адам – сені көріп тұрмын. Сен шыныңды айттың – дүниедегі ең үлкен керемет – ол шындық! Сен мені апа дедің! Қандай жақсы апа болған! Мен сен ұялмайтындай жақсы апа болуға тырысайын! Сен де мен ұялмайтындай жақсы бала болуға тырыс! Ала ғой қасиетті суды!

Апа мейірленіп, Асанды құшақтап, басынан сипайды. Өлі су мен тірі су құйылған өрнекті құтыны береді. Асан кетуге оқтала беріп, толқып тұрады.

Асан: Рахмет, апа, көп рахмет сізге! Тағы бір ауыз сөз бола ма?

Жалмауыз : Айта ғой, балам!

Асан: Мына кісілерді де босатсаңыз...

Жалмауыз : Жауыздық жасаған адамға жанашыр болу-жауыздықты қолдағанмен бірдей. Қаншама адамның қанын жүктеген қанішерлерге кешірім жоқ!

Жанай мен ай

Асан: Олар өз қателіктерін түсініп, өкініп тұр! Түзеліп, жақсы адам болып кетер бәлкім?! Түрлері қандай! Тұлғалары қандай! Қара тасқа қалай қияды көзіңіз?

Жалмауыз: (*Ойланып, басын шайқап, бәрін де босатады*). Арам ой, жаман істің бәрін тастап, жақсы адам болындар!

Барлығы қаруларын тастап, анаға бастарын иіп, қоштасып, жолға шығады.

Үшінші көрініс . Жанталас

Жалмауыз апаның мекенінен ұзап шыққаннан кейін, қара киімді ниндзя бұларға ештеңе айтпай, аяқ астынан гайып болып кетеді. Біраз жүрген соң капитан Жойбек ағаштан сойыл жасап алады. Ол Асанға біртүрлі қарай бастайды. Бір кезде бас салып, құтыны тартып алады. Соямбике Жойбекті қағып жіберіп, құтыны Асанға қайтарып береді. Асан қаша жөнеледі. Капитан Жойбек оны қуып жетіп, сойылмен ұра бергенде, Соямбике секіріп келіп, Асанды құшақтай құлайды. Сойыл оның басына тиеді. Сол жерде Соямбике қаза болады. Асан орман ішінде ағаш-ағаштың тасасына тығылып, қаша береді. Жойбек қуады. Кенет бағанағы жоғалып кеткен ниндзя ағаштың тасасынан бас салып, Асанды алып соғып, құтыны тартып алмақшы болады. Жойбек жетіп келіп: «Мә, саған, мәңгілік өмір!» - деп, ниндзяны бастан ұрады. Екеуі алысып-жұлысып, әбден шайқасып, арпалыста бірін-бірі өлтіреді. Асан құтыны алып, жүгіре басып жөнеледі.

Төртінші көрініс. Арылу

Асан күміс құтыны алып келгенде аңдардың бәрі дабдырлап, қуана қарсы алады. Ол құтыны самұрыққа береді. Самұрық жаралы лақтың

аузына тірі суды тамызады – түк әсері жоқ! Аңдардың бәрі аңтарылып тұрады. Елік мұңаяды.

Самұрық: (күрсініп басын шайқайды: (Бұл судың сиқырлы сандықта сақтаулы тұрғанына да мыңдаған жылдар болған шығар! Сандықта жатып, жатып жай су болып қалған сияқты!

Бәрінің ұнжырғасы түсіп кетеді. Асан күйінгеннен жылап жібереді. Самұрық құтыны тоса қойып, Асанның көз жасын қосып алады.

Самұрық: Егер де тірі суға шынайы көз жасын қосса, бастапқы қасиеті қайта келеді деп бала кезімде әжемнен естіп едім. Оған да қанша мың жыл өтті!

Суды лақтың аузына тамызады. Лақ сілкініп, орнынан тұрады. Бірақ, сылбыр!

Самұрық: Көз жасына шынайы таза күлкі қосу керек!

Асан бет-аузын тыржыңдаттып, ішін басып, селкілдеп, қиқылдап, қарқылдап күлген болады. Әсері жоқ!

Самұрық: Жә! Босқа әуре болма! Қолы қанды, жаны таза емес адамның күлкісі де таза бола алмайды! Амал не? Қош бол, Асан! Өкініш сабағын ұмытпа – жақсы адам бол!

Самұрық қанатымен бір сипап қалғанда, Асан жер бетіне шыға келеді. Шықса, мамасы тесіктің аузында қайғырып отыр екен. Асанды көріп, қуанғаннан есі шығып, бір жылап, бір күледі. Ананың шын қуанған күлкісі бүкіл орманды жаңғыртады. Сол қуанышты күлкіге бір кезде көп күлкі қосылады, сөйтсе барлық жан-жануарлар жер бетіне шығып, қосыла шаттанып тұр екен. Жаралы еліктің лағы секіріп, ойнақтап, Асанды достық ықыласпен тұмсығымен түртеді. Асан қуана күліп жібереді. Таза сәби күлкісі! Адамдар мен аң-құстар, Асан мен Еркеш табиғат аясында қол ұстаса әндетіп, билеп, жақсылық жырын жырлап, дүниені шаттыққа бөлейді.

Алтын ноқта

Қатысушылар:

Балақай

Құлыншақ

Бота

Бұзау

Қозы

Лақ

Мысық

Ит

Түлкі

Қасқыр

Бірінші сурет

Бірінші көрініс

(Ауыл сыртында құлыншақ, бота, бұзау, қозы, лақ жайылып, ойнақтап жүр. Балақай келеді).

Балақай (әрбір төлдің қасына келіп, құшақтап, сипап, еркелетеді):

Құлыншағым, құлыным,

Қуанышқа тудың.

Орғып-орғып, құйғыт,

Сәні болып қырдың!

Қошаканым, қозым,
Қандай қызық көзің,
Тығыршықтай болып,
Бұп-бұйрасың өзің!

Ылаққаным, лағым,
Бір тынбайды жағың,
Тастан-тасқа секіріп,
Ойнақтайтын шағың!

Бұзауқаным, бұзау,
Ойың – шелек жалау,
Танауыңды көкке
Көтергің кеп тұр-ау!

Ботаканым, ботам,
Таудай биік жотаң.
Сен тілазар болма,
Көнбіс еді атаң!

(Жүгіріп ит келеді, балақай оған):

Күшім, күшім, күшім,

Жанай мен ай

Көп қой сенің күшің,
Сақылдайды жарқ-жүрк,
Кездіктей боп тісің!

(Лып етіп мысық келіп, итті еркелетіп отырған балақайға жабысып жата кетеді). Балақай оған:

Пырыл, пырыл мысық,
Кепсің арқаң қышып,
Пеш түбінде жатшы,
Көздерінді қысып!

(Барлығы ду күліп, мысықты айнала билеп, әндетеді):

Өмір өтер зырылдап,
Құс ұшады шырылдап,
Біз шабамыз зуылдап,
Жұмысы жоқ уақытта
Мәнгі өзгермес маубасың
Мысық ұйықтар пырылдап!

Мысық: Өй, өңкей есалаң! Сендердің маған күлуге хақыларың жоқ!

Төлдер: (қосыла) Өй-дөйт!

Ит: Пырылдап ұйықтағаннан, мияулап сүт жалағаннан басқа пайдан жоқ, саған күлуге хақымыз неге болмайды, ә?!

Мысық: Өйткені, менің ата-бабам сендердің ата-бабаларыңды топан су қаптаған заманда тура келген ажалдан аман алып қалған! Біз, мысық

баласы, Алланың әмірімен жолбарыстың тұмсығынан түстік. Жолбарыстың!!! Содан кейін кемеңі тескен тышқанның бәрін құртып, Нұх пайғамбардан жауырының жерге тимесін, аузың арам болмасын деген бата алғанбыз!

Ит: Әу, солай ма еді!

Балақай: Дәп солай! Атам жарықтық айтып отыратын аңыз ғып. Мысықты ренжітпеңдер дейтін...

Мысық: Әне... білетін баланың сөзі! Мен адамзатқа бәріңнен де қадірлі, бәріңнен де жақынмын! Сендер сияқты қараңғы қорада бүрсеңдеп тұрмай, қожайынның қолтығында пырылдап жатамын – ол да кәйіп, мен де кәйіп! Сондықтан, маған көз алартқандарыңды қойыңдар, итім құсап!

Ит: Әй, немене... итім құсап деп намысқа тиесің?! Мысық құсап десем, қайтер едің?

Мысық: Дей бер... дей түс... Бәрібір оныңнан түк шықпайды!

Ит: Неге?

Мысық: Адамзаттан ақылды емес шығасың! Адамдар біреуді жек көргенде, жамандағанда итім құсап дейді, өй, өзі де бір итім дейді... мысығым демейді.

Төлдер: (жарыса) Иә, иә! Иттің етінен жек көремін дейді!

Мысық: Ал біреуді мақтағанда мысық сияқты таза, мысық сияқты епті, шапшаң деп мақтайды. Тіпті осы күнгі жастар да бір-бірін «oh, ты моя киска, мой милый котик!», – деп өліп-өшіп жатпай ма? Менің итім, сәбәшкім демейді!

Төлдер: Ха-ха-ха! Хе-хе-хе!

Ит: Arr-р, ендеше сол адамзат ит жеті қазынаның бірі деген ғой! Жақсы болса, мысықты неге қоспаған қазынаға, ә?!

Жанай мен ай

Мысық: Адамдар сені алдай салған ғой... гүмп-гүмп етіп үріп тұрсын деп. Ал бізді қоспағаны... бізді өзіндей көреді... яғни біз, мысық баласы, қазынананың қисабында емес, адамзаттың мисалындамыз, мияу, мияу, әй, милау!!!

Төлдер: Ха-ха-ха! Хе-хе-хе!

Ит: Әй, қойыңдар енді оттамай! Бәлем, ертең қасқыр келгенде, көрермін күлгендеріңді!

Балақай: Қойыңдар енді, қоя қойыңдар! Бір-біріңді мазақтамаңдар, «бөлінгенді бөрі жейді» деген бабаларымыз!

Бота: Әбден дұрыс айтқан!

Қозы: Дауы құрсын, тыныштық керек! (Бұлар дуылдасып жатқанда, қасқыр мен түлкі жасырынып, алыстан торуылдап жүреді).

Бұзау: Тату-тәтті болсақ, күйісіміз... мө-ө-ө, күйіміз жаман болмайды!

Лақ: Мә-мә, тау-тастан тұяғымыз мұқалмаса – о дағы татулықтың арқасы! Сондықтан, шырық бұзбаңдар! Үп-үлкен ит басыңызбен титтей нәрсеге бола иттей болғаныңыз ұят емес пе-е-е?!

Бұзау: Иә, бостан-босқа итше үргеніңіз маскара!

Ит: Ыр-р!

Бота: Майлы сүйекке таласып, ырылдаса кететін ұяластарың емес, текті төрт түлік тұқымдарының ортасында жүргеніңді ұмытпа, әй, итім!

Мысық: Мияу, мияу!

Лақ: Сен де бет-ауызыңды жаланып, мүләйімси берме, мысығым!

Бұзау: Иә, итекеңе сүйкене бермей, тып-тыныш тышқаныңды аулап, жайыңа жүрсенші! Мысық тілеуленіп, пыс ете қалатын пәлебасы сенсің!

Мысық: Ыр-р!

Құлын: Жә, болды енді, қойыңдар! Бәрің де сау сиырдың боғы емессіңдер! Біреуге ақыл айтқанша, алдымен өздеріңді жөндеп алмайсыңдар ма?!

Бұзау: Мө-ө! Не дейді, әй, мынау? Немене, біз сау болмағанда, сен өзіңше кереметпін деп жүрсің бе?!

Бота: Бәрімізді бірдемеге теңедің бе осы?

Балақай: Жә, доғарыңдар! Ол әншейін сөздің мәтелі!

Бұзау: Мәтел ме, бәле-бәтер ме, кім біліпті? Әйтеуір жылқы баласының желкөрік кеудесін керіп, бізді менсінбей келе жатқаны өтірік пе? Осылардың-ақ ызасы өтті! Ал, кәне, кімсің сен сонша? Сен де біз сияқты малсың!

Құлын: Охо-хо-хо! Мен жай мал емеспін! Мен жылқымын желден ұшқыр! Еркін даланың еркесімін! Ер қанаты тұлпармын!

Бұзау: Өзіңше ерекшемін деп мақтанып тұрсың ғой!

Құлын: Мақтанып тұрғам жоқ, мен бар болғаны шындықты айтып тұрмын!

Бұзау: Мақтандың, мақтандың! Ылғи мақтанасың! Бізге айтпасаң да, ішіңнен мақтанасың!

Бота: Иә, иә, әрі шауып бір мақтанасың, бері шауып бір мақтанасың!

Лақ: Мө-өө-өңкіп бір мақтанасың, аунап бір мақтанасың!

Қозы: Жал-құйрығыңды суылдатып бір мақтанасың...

Бұзау: Тұяғыңды зуылдатып бір мақтанасың! Мақтаншақсың, мақтаншақсың!

Құлын: Өтірік соқпаңдар, ей, қашан мақтандым?!

Қозы: Мақтаншақ, мақтаншақ!

Лақ: Мақтаншақ, мақтаншақ!

Жанай мен ай

Құлын: Қойсандаршы, ей, жайдан-жай күйдірмей! Бостан-босқа танауын таңқитып, болмашыға мақтана салатын мен бұзау емеспін ғой!

Бұзау: Біреуді қағытпасаң ішің кебе ме?

Құлын: Қағытып тұрғам жоқ, шындықты айтып тұрмын! Бұл дүниеде бұзау болмағаныма сондай қуанамын!

Бұзау: Әй, немене сонда, жылқы болу зорлық та, сиыр болу қорлық па? Көрер едім сиырсыз күн көргендерінді... Мен де мінгі, жегінді жылқы болмағаныма ризамын!

Құлын: Қысқарт енді! Бір теуіп танауыңды жапырайтып, аузыңды опырайтып тастармын, әйтпесе!

Бұзау: Келсең кел! Кеуденді тесік, қабырғанды есік қылып іреп берейін! (Екеуі жеңіл-желпі қағысып алып, шындап тіресіп кетеді).

Мысық: Қай жеңгенің менікі!

Ит: Осы батырлықтарың қасқыр келгенде қайда қалар екен?!

Лақ: Тамаша, тамаша!

Қозы: Араша, араша!

Балақай (құлын мен бұзауды зорға айырып): Жә, болды! Бәрің де оңды-ақсындар!.. Тастандар араздықты! Ерегіскенде, бір-бірінді мұқатқанда, мұратқа жетесіндер ме? Қане, топтасып қайтайық ауылға, сендердің жарасып келе жатқандарыңды көрсе, енелеріңнің емшегі иіп қоя береді!

Төлдер (қосылып): Алақай! Алақай! Көп жаса, балақай! (Топтанып, шапқылап кетеді. Олар кетісімен қасқыр мен түлкі тасадан шығады)

Түлкі: Ой, батыр-екесі, жолымыз болатын сынайы бар! Мына мақұлықтар әлдеріне қарамай дүрдеараз көрінеді! Іштерінен ірткі шығып жатқанда жеке-жеке жайғастыру оп-оңай емес пе?!

Қасқыр: Иә, иә, тек сөзінді көбейтпей, тезірек реттейікші! Қарным қабырғама қабысып, ішегім ішегіме жабысып қалды! Бол, тез айт, қайсын жейміз?!

Түлкі: Тоқта, тоқта, батырым, аптықпа! Бұзау еті жылбысқы, ботаның еті сіңірлі!

Қасқыр: Лақтың еті шуаш-шуаш, қылшық-қылшық! Өзі тамағыңнан өткенше бақырып зәреңді алады... тіпті, біразға дейін қарныңда да бақырып жатады! Шіркін, уыздай қозының еті-ай, уылжып тұрады-ау! Сүйегіне дейін... сілекейінді ағызады, кемік майының дәмі аузыңнан кетпейді!

Түлкі: Өй, ол немене, бітти-ақ! Оны сен жейсің бе, мен жеймін бе?

Қасқыр: Ар-р, енді қайт дейсің?

Түлкі: Жылқы етінен артығы жоқ, қазақтар бірдеңе біледі осы! Ана құлыншақайды соғып алсақ, қазақ болмағанмен, ғажап болар едік!

Қасқыр: Ой, оның әуресі көп! Жылқыны ұстап жығу – қиынның қиыны!

Түлкі: Басқасы оңай деп кім айтты? Анау бақташылары, әсіресе бөрібасар жүргенде ешқайсысына да жолай алмайсың! Ал, аңқау құлыншақты алдап-сулап, еліктіріп әкетуге болады!

Қасқыр: Қа-қа-қалай? Ыр-р, қарр-рным ашып барады, қар-рным ашып...

Түлкі: Қақылдама... жұртта қарын жоқтай... Тырс етпе! Кезі келгенде қанжардай азуларыңмен аңқау құлынның нәп-нәзік терісін дал-дұл айыруды біл!

Қасқыр: Ма-ма-мақұрр-р! Бір-рақ жылдамырақ, жылдамырақ!

Түлкі (әндете билеп):

Аңқау-аңқау төлдерді,

Аңқитамыз, алдаймыз,

Жанай мен ай

Жылы-жылы сөздермен

Жүректерін жаулаймыз!

Хи-хи-хи!

Қасқыр:

Қарш-қарш еткен тістерді,

Қорқ-қорқ етіп қандаймыз,

Жылы-жұмсақ жас етін

Жұлмалаймыз, жалмаймыз!

Ха-ха-ха!

Түлкі: Хе-хе-хе! Хи-хи-хи!

Қасқыр:

Арманымыз өмірдегі

Мыңдап малды сою ғой,

Күш жеткенін бүктеп жығып,

Тыңқиып тұрып тою ғой!

Ха-ха-ха!

Түлкі:

Милау қылып шеттерінен,

Малай етіп қою ғой,

Малайлыққа көнбеген

Момындарды біржола

Жер бетінен жою ғой!

Хи-хи-хи!

Қасқыр: Ха-ха-ха-pp! (Екеуі қойқандап, жауыздық биін билеп кетеді).

Екінші көрініс

(Қырда құлын ойнақтап жүр. Түлкі келеді).

Түлкі (құлынға ептеп, бұлғаңдап таялып): Ой, құлынчик... құлыншақай! Сен қандай әдемісің! Құйрық-жалы бұйра алтын, тұяқтары құйма алтын, шекелігі түйме алтын, сауыр еті сары алтын, бауыр еті бәрі алтын, ертегінің тұлпар тайлары да сендей-ақ болған шығар-ау, ә! Паһ, паһ, паһ, пай, пай, пай! Тұрысыңа болайын, тумысыңнан айналайын!!!

Құлын: Ой... рахмет сізге! Сіз кім боласыз?

Түлкі: Мен – түлкі тәтеймін! Мен сұлулықты сүйемін – өзің сияқты әдемі жаралғандарға көңілім құлап, дос болып жүремін. Өзім сондай сенгішпін, кейде тіпті тауықтың балапандарынан да алданып, айырылып қалған кездерім болды... түү, не деп кеттім өзі... олар менің сенімімді аяққа басты дегенім ғой. Сен әрине, көң шоқыған шібидің шөжесі емес, текті тұлпардың тұяғысың ғой, мені ренжітіп алмассың деп сенемін!

Құлын: О не дегеніңіз, түлкі тәтей! Сізді өкпелетсем есек болып кетейін!

Түлкі: О, өзің қандай сымбатты, сөзің қандай инабатты едің! Сыпайылыққа, сыйластыққа не жетсін жалғанда! Бірақ, айналаңа қарашы, бәрі дөкір, надан! Бақырып, тамақтарын қырнап, жүрегінді тырнап, жүйкеңе тиіп сөйлейді!

Құлын: Дөп түстіңіз, түлкі тәтей!

Түлкі: Олар сені көре алмайды! Сенің сұлулығыңды, тұлпарлығыңды қызғанады, іштері қыж-қыж қайнайды! Амалдары жоқ, әйтпесе, көзіңді

Жанай мен ай

жояр еді! Сүрінгенінді аңдып, табалауға дайын жүрген жоқ па топастар!

Құлын: Тұп-тура төбесінен басып тұрсыз!

Түлкі: Үйбай-ай десейші... сенің қасыңда ербиіп жүргендерін көргенде құрысып-тырыса қаламын осы! Әнебіреу лақ деген бар ғой... бақ-бақ еткен қайыршы, шуаш-шуаш кебенек, өзінше о да әжептәуір, ә, бір тал құйрығыңнан садаға кеткір! Ал, енді қозы дегенің барып тұрған ақымақ емес пе? Әйтеуір, тонға жарайтын терісі, бөстек болатын жүні демесең, оны жауып қой біржолата! Бұзауың анау, аузы көкке тисе болды, танауын таңкитып алып, төбеге шығып тайраңдап, ешкімді танымай кетеді тантып! Бота деген... имек-имек, қиқы-жиқы, арбиған-тарбиған, рабайсыз ербиген бірдеңенің несін жақсы көреді екен адамдар? Осы ма сенің ортаң? Осы ма сенің қаны бір бауырың, жаны бір қауымың? Жоға, бәрі де бөтен, жат саған! Сенің орның бөлек бұлардан! Сен биіксің, сен кереметсің, сен ғажапсың!

Құлын: Рахмет, рахмет, түлкі тәтей! Бірақ, қайтемін енді?!

Түлкі: Қайткені несі? Мұндай жаман-жәутіктің арасында саған не бар? Сенің ортаң, сенің орның бұл емес! Кең дүние сенің еншің! Көсіл емін-еркін, құйғыт құмарыңнан шыққанша! Мен саған әлемді таныстырайын, жүр менімен бірге! Еркіндікке, кеңдікке, көкжиекке!!! Маған ерсең өкінбейсің, керемет сыйлықтарға да кенелесің, көр де тұр!

Құлын: Апырай, ә! Кетіп қалсам... балақай ұрыспай ма? Ренжімей ме маған?!

Түлкі: Оның ренжігені кімге дәрі? Ол неге саған ұрсуы керек, ә? Желдей ұшқыр, еркін жылқы баласы шаңына да ілесе алмайтын екіаяқты жануарсымаққа неге бағынуға тиісті, ә? Сен осыны ойладың ба? (Құлын басын шайқайды). Ә-ә, ойламасаң ойла! Аяр адамзатқа кіріптар болу – қорлық емес пе хас тұлпарға! (Құлын басын шұлғиды). Тарттық ендеше... тарпандар жортқан жапан түзге!!!

(Түлкі құйрығын бұлғап-бұлғап жіберіп, жөнеле береді, құлын сөлбірейіп ере береді. Сол кезде төлдер келіп қалады).

Бота: Әй, өй, құлын, құлыншақай, қайда барасың бізді тастап? Қу түлкінің құлқыны құрдым-құртпай тынбайды! Қайт кейін, қосыл өз үйіріңе!

Құлын: Ол қу емес, ол түлкі тәтей! Ол сондай жақсы! Ол маған көп-көп, әдемі сыйлықтар берем деді! Ал сендер бірге жүріп-тұрсандар да түк берген жоқсындар!

Түлкі: Мен мұндай тілалғыш тұлпар құлыннан түгімді де аямаймын!

Бота: Әй, құлыншақай, сен ақымақ болма, ол сені алдайды жылтырақтармен, бәрібір саған бізден жақын болмайды!

Құлын: Неге болмайды, болғанда қандай! Көре салып, жаны қалмай, жылы сөздерін аямай үйіп-төгіп жатыр... сендер маған мақтау сөздерінді де қимайсындар!!! Қайта кекеп-мұқап, шымшылап, ыза қыласындар!!!

Қозы: Қой, құлыншағым, қоя ғой! Ойнағанға сонша өкпелеп не болды? Қайт кейін!

Лақ: Қайта ғой, құлыншақ!

Бұзау: Әй, қойыңдаршы соны, сонша өбектеп, әлдеқандай ғып! Бізді менсінбей, кеудесін көтергенде тапқаны қу түлкі ме, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ болғанын көрерміз әлі-ақ! О несі ей, сонша бұлданып... жалынып туыс болмаймыз, кетем десе, кетсін, арманына жетсін!!!

Құлын: Ал, кетемін, неғыласың! Осы саған ерегіскенде кетемін түлкі тәтеммен! Кеземін кең дүниені, көремін бүкіл әлемді! (Түлкі екеуі орғып-орғып, айнала құйғытып кете барады. Төлдер абдырап қала береді).

ЕКІНШІ СУРЕТ

Бірінші көрініс

(Иен дала. Аулақта шоқ-шоқ қайың, алыста жалтыраған көл. Құлын көсіле, айнала шауып, біресе алыстап, біресе жақындап, ойнақтап жүр. Түлкі мен қасқыр келеді).

Түлкі (қасқырға): Қарашы, қандай әдемі құлын! Осынау сұлулықты қан-жыны сорғалаған жемтікке айналдырып, асқазанға аттандырып жіберуге көз қия ма?!

Қасқыр: Қой ондайынды! Жұтқынға жылымық сөз жүрмейді! Тезірек реттеп алайық күн жарықта...

Түлкі: Тиме! Қазір оны жейсің де қоясың, одан не пайда? Ал мен бұл құлынның жанын билеп алғым келеді! Егер ол барлық кандастарынан безініп, маған жан-тәнімен құлай беріліп, құдайдай табынса, міне, жеңіс деп соны айт! Сол сәтте, маған иланып, ұйыған сәтте жеп қойсақ, онда жылқы атаулы болашақта бізге бас шұлғып, бойсұнып тұрар еді! Қалаған уақытта араныңа үйірімен үйіріліп, қарныңа тобымен томпылдап құлар еді! Солай, қасқырым, әзірше тимейік, мен мұның миын біржолата айналдырып алайын!

Қасқыр: Байқа, біреудің миын айналдырамын деп жүріп, өзіңнің қайда айналып кеткенінді білмей қалып жүрме! Одан да орайы кеп тұрған олжаны оп-оңай соғып алып, керіліп жатқанымыз артық шығар-р-р!

Түлкі: Қу құлқынның қамынан басқаны білуші ме едің, батырым! Жалғыз бұл құлыншақай ғана емес, бүкіл әлемнің барлық төлдерінің жанын жаулап алсақ, олар бізге мойынсұнса, қандай ғажап болар еді!

Қасқыр: Жа-жа-жар-райды! Бір-рақ, жаман болып барамын! Жартысын жеп алып, қалғанын жаулап алсақ болмай ма?!

Түлкі: Ой, кеше, дүндік!

Қасқыр: Мейлі, не десең о де, мен мұны жеп қоямын!

Түлкі: Құлын, құлыншак, құлынтай! (Құлын таяп келеді).

Көріп, біліп ал, түлкі тәтең болмаса, мынау сені сойдақ тістерімен соймақ болды емес пе?!

Құлын: Ой, түлкі тәтей, рахмет!

Қасқыр: Өй, мен неғып тұрмын ыржиып? Қасқырды түлкі тоқтатты деген не сұмдық! Жыныма тие берсе, құлынға қосып жәдігөй неменің өзін де соғып алармын! Ар-рр! (Атылып құлынға бас салады, құлын орғып кетеді).

Түлкі: Ойбай, қаш, қаш, құлынтай! (Құлын құйғыта жөнеледі, қасқыр қуып кетеді. Түлкі бұлаң етіп, бұтаға зып береді. Дүбір-дүбір шабыс, сатыр-сұтыр қуғын. Бір кезде қасқырды адастырып кеткен құлын келеді алқынып. Түлкі алдынан шығады).

Түлкі (құлынға): Ой, құлыншак, тұяғыңнан айналайын от шашқан! Өлгі жауызды жер қаптырып кеттің бе? Ол қаныпезердің аштықтан басы айналып айналаға лағып кеткен шығар! Кел, кел бері, менің тілімді алсаң, жаман болмайсың! Сені дүниежүзілік көрмеге апарып, бүкіл әлемге көрсеткім келіп тұр! Сенің жал-құйрығың қанаттай, тұяғың болаттай! Сенің тынысың даладай кең! Сендей ерке, еркін құлынды бүкіл әлем білмеуі обал, ұят, маскара! Міне, қарашы өзің дұрыстап... Қазір сені кім біліп жатыр? Бір қалтарыс, қуыста қапа болып, қор болып, қуарып қала бермексің бе осылай?! Айналандағылар сенің қадіріңді біле ме? Пішту! Бағаламақ түгілі, бақастанып, өздерін сенен артық санайтындарын қайтерсің?

Құлын: Иә, иә, түлкі тәтей! Солардың менімен бірдей саналып, тайрандағандары-ақ жыныма тиіп, жанымды жеп бітті!

Түлкі: Е-е, асылдың қадірін жасық қайдан білсін! Ендеше... соларға ерегіскенде, әлемдегі ең сұлу құлын деген атақты жеңіп алуың керек!

Жанай мен ай

Жеңіп алсаң... Ой-ой-ой! Бүкіл газет, теле-радио сенің артыңда жүрер еді. Барлық жерде сенің суретің! Жұрт сенімен суретке түсу үшін уыстап ақша шашар еді! Сен керіліп, аяқты сілтеп тастап, ортаға орғып шыға келгенде... барша жұрт жерді жара қиқулап, тебініп, алақандарын сартылдата соққанда, аспан асты, жер беті жаңғырар еді! Міне, бәлем бәсекелес бұзаусымақтарды сонда көрсе ғой! Сенің маңайыңа жолай алмай, қатты ұялып, бірер апта оттаудан қалар еді! Ал, сен атақ-даңқтың асқар шыңына шығып, қошеметшіл қалың топтың ортасында әрлі-берлі, әрлі-берлі ойнақтап жүргенде, ең алдымен кімді ойлауға тиіссің?!

Құлын: Ондай атты күн туса... әрине ең алдымен туған ел, кең даламды...

Түлкі: Ой, ой, ой! Сені сондай дәрежеге жеткізіп, атақ-даңққа бөлеген кім?!

Құлын: Сіз, тек қана сіз, түлкі тәтей!

Түлкі: Олай болса, сен тек қана мені ойлауға тиіссің! Міндеттісің! Мақта, мадақта түлкі тәтенді! Мақтағаның – еңбегімді ақтағаның!

Құлын: Ой, түлкі тәтей, сіз сондай мақтаншақсыз ба, немене?!

Түлкі: Иә, құлыншақайым, мақтаншақпын! Мақтаншақ болғанда, анау-мынау можантомпай бөспе емес, нағыз мақтаншақтың өзімін! Есінде болсын, жан-жануар да, әсіресе адамзат та жылы сөзді, мақтағанды жақсы көреді! Жұмыстың бәрін де мақтан үшін істейді! Өзің ойлашы, мақтанбасаң, жұрт сені мақтамаса, тіршіліктің керегі не?! Өмірдің мәні – мақтануда! Шыныңды айтшы, сен де мақтағанды жақсы көресің ғой, ә?!

Құлын: Әрине, түлкі тәтей! Әсіресе, әлемнің ең әсем құлыны деген атақты жеңіп алған соң, әлгі жаман-жәутіктерге шекемнен бір қарасам... Жұрттың бәрі менің маңыма үйіріліп, жалбақтап жатқанда, олар елеусіз, ескерусіз бір шетте үрпиіп тұрса, бәлем! Мен мұрынымды

шүйіріп өте шықсам... Байғұстардың іштері күйіп, шерменде болса, шіркін! Ой-дойт, эне, өмір деп соны айт!

Түлкі: Өте дұрыс айтасың! Міне, өмірдің құнын жаңа түсініп, өзім сияқты боп келе жатсың! Иә, біреулерден артық болмасаң, кеуденді соғып, күмпілдеп тұрмасаң, біреулерді кем тұтып, кекеп-мұқап жүрмесең, өмірде не қызық бар?! Ал ендеше мақтануға дайындала бер! Бұрынғың бұрынғы ма, нағыз мақтаныш алда! Тек қана сол биікке түлік боп емес, түлкі боп жеткеніңді ұмытпа!!!

Құлын: Айтқаныңа құлдық, тәтей! Бәрі сіздің арқаңыз, тәтей!

Түлкі: Тіліңнен сол тәтелеген... Сен төрт түліктің бірісің ... мен түлкімін... Бірақ қандай бөтендігіміз бар? Түлік деген сөздің қайдан шыққанын білесің бе? Түлкіден шыққан! Яғни, түлкі мен түліктің түбі бір деген сөз! Демек, сен екеуміздің қанымыз да, жанымыз да бір! Ендеше, жан-жануар мен жыртқыш деп бөлетін дәнеңе жоқ, бәріміз де бір хайуанаттан тараймыз! Олай болса, сен, төрт түлік баласы, түлкіні түп атам деп танысаң, тәңірідей табынсаң, мол бақытқа кенеліп, шын мұратқа жетер едің! Сен негізінде түлік емес, түлкі атануың керек!!! Солай ма, солай емес пе, құлыншағым?!

Құлын: Солайы солай сияқты...

Түлкі: Күмәнің болмасын! Жаралама жүрегімді! Өзің-ақ айтшы, көрдің ғой көзіңмен, ішінде жүрдің ғой, төрт түліктің бірі болған жақсы ма, түлкі болған жақсы ма? Мәймөңкелемей кесіп-пішіп бір-ақ айт... осыдан қателесем, осы жерде сеспей қата қалайын!

Құлын: Әрине, түлкі болған артық!

Түлкі: Ой, айналып қана кетейін сол! Тура жолды енді таптың! Бәріміздің түбіміз бір түлкі! Сондықтан бас-басымызға би, бет-бетімізге үй болғанды қою керек! Қозы-лағың маңырап, бұзауың мөңіреп, азан-қазан, у-шу болатын дәнеңе жоқ, тәп-тәтті түлкінің тілімен сөйлесендер, бір-бірімізді қиналмай ұғар едік! Жер ортақ, ауа ортақ, су ортақ, ай мен күн ортақ! Олай болса, тіл де ортақ, тілек те ортақ болу

Жанай мен ай

керек қой! Түлкі тілмен сөйлеп, түлкі тілекпен өмір сүретін жаңа кезең келген жоқ па, құлынтайым... тойыс, түлкітайым!

Құлын: Келгенде қандай!

Түлкі: Кел, кел, қосылып бір шырқайықшы шыр көбелек айналып... шырқ үйіріп дүниені... Жасасын түлкілік!

Құлын: Жасасын түлкілік!

Түлкі: Бөлінетін дәнеңе жоқ! Түп атамыз бір түлкі!

Құлын: Түп атамыз бір түлкі!

Түлкі: Түлік емес, түлкіміз! Түлік емес, түлкіміз!

Құлын: Түлік емес, түлкіміз! Түлік емес, түлкіміз!

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін... Кереметтің кілтімін, түп атасы мен болам, жан-жануар жұртының!

Құлын: Мен түлкімін, түлкімін!

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін... Келші, келші бермен... күні ертең барша әлемге жарқырап көрінші! Мен саған сірі қайыстан жасалған, алтынмен апталған, күміспен күптелген керемет нокта сыйлаймын! (Бір қуыстан суырып алып, құлынға алтын нокта салады. Ноктаның шылбыры шұбатылып, сүйретіліп жүреді). Міне, сәнің жаңа келді! Осылай жарқырап жүріп, дүниежүзіне түгел түлкі тұқымын танытшы бір! Жасасын түлкілік! Мен түлкімін, түлкімін! Кереметтің кілтімін!

Құлын: Мен түлкімін, түлкімін!

Түлкі: Кереметтің кілтімін! Түп атасы мен болам, жан-жануар жұртының! Мен түлкімін, түлкімін!!! (Құлын екеуі қосыла әндетіп, билей басып кетіп барады).

Екінші көрініс

(Таулы, тасты жер, сирек тоғайдың арасы. Балақай мен ит құлынды іздеп жүр).

Балақай:

Құлыншағым, ботақаным,
Қозы-лағым, бұзауқаным,
Мен сендермен егіздеймін,
Сендер барда мен күштімін,
Таусылмайтын теңіздеймін,
Елге қорған бола алмайтын
Нашар бала дегізбеймін,
Мал-жанға ие бола алмасам,
Бұл дүниеден нені іздеймін,
Сүп-сүйкімді төлдерімді
Жауыздарға жегізбеймін!!!

Ит:

Қарап тұрып қиямыз ба
Адалдықты арамға,
Құлыншақты бере алмаймыз
Аш қасқырдың аранына,
Ит екенім рас болса,
Елдің шетін бастырмаймын
Залымдардың табанына!

Балақай:

Қайдасың, сен құлыншағым?

Бота тірсек, күпшек саным,

Сен жоғалсаң боз даланың

Болашағы – бұлдыр сағым,

Қайт ауылға, құлыншағым?!

(Ит екеуі құлынды іздеп кетеді. Іле-шала бота, бұзау, қозы, лақ, мысық келеді).

Бұзау: Қайдағы бір есі жоқ құлын үшін несіне мұнша әуре боламыз? Кеткен өзі... Керек болса, өзі қайтып келсін!

Бота: Олай деме! Басына іс түскенде достарды құтқарып алу парыз!

Бұзау: Е-е, құтқарып алатындай оның басына не күн туыпты? Өзі емес пе тілеп алған... Көрсін енді... рахатын! Сол үшін сары далада сандалып, тау асып, тоғай кезгеніміз жетер!

Бота: Ойбай-ау, сонда құлыншақайды қорқауларға қор қылып қоймақпыз ба? Тапсаңшы бір амалын мысық -екесі!

Мысық: Жә-ә, абыржымаңдар! Алды-артын ойлап алмай, асығып жасаған әрекет жарға жығады! Тас қараңғыда тышқанның тысыр еткенін қалт жібермей, көзді ашып-жұмғанша қағып түсетін жолбарыстай жылдамдығым алдамаса, өне бойыммен сезіп тұрмын, аңқау құлын алданып, адасып жүр! Оны айлакер түлкінің арбауынан арашалап, айықтырып алуымыз керек! Әйтпесе, болашақта бүкіл түлік атаулы түлкіге тәуелді болып қалуы мүмкін! (Әндетіп):

Құлан жортқан құба жондар,

Марал ішкен қақтың суы,

Жапан түзде ащы жусан,

Қыр астының қызғалдағы,

Құтқар, құтқар құлыныңды!

Қозы:

Қасиетті Қамбар ата,
Шопан ата, Зеңгі баба,
Сексек ата, Ойсылқара,
Жанды-жансыз бар ғаламды,
Жаратушы хақ-тағала!

Төлдер (қосылып): Құтқар, құтқар құлыныңды!

Бота:

Атыраудың кең айдыны,
Өр Алтайдың ер айбыны,
Алатаудың атырабы,
Қаратаудың топырағы!

Лақ:

Ұлытаудың ұлылығы,
Көкшетаудың сұлулығы,
Маңғыстаудың берендігі,
Дарияның тереңдігі!

Бұзау:

Түркістанның түмен бабы,
Сарыарқаның ақ самалы,
Жел тараған ақ селеуі,
Ен даланың қуат күші!

Төлдер (қосылып): Құтқар, құтқар құлыныңды!

Мысық:

Айдың нұры сүттей саулап,
Күннің нұры оттай лаулап,
Пәлекетті аластай көр,
Жастың жанын алған жаулап!

Төлдер (қосылып):

Құтқар, құтқар құлыныңды!
Құтқар, құтқар құлыныңды!!!

(Алтын ноктасын сүйретіп, құлын келеді).

Құлын: Өй, сендер кімді құтқарып жатсындар? Алдымен өздерің құтылып алсаңдаршы. Мен үшін бастарың қатпай-ақ қойсын! Менің жағдайым жақсы! Енді біраздан соң түлкі тәтей мені бүкіл әлемдік көрмеге апарды! Мен онда бүкіл түлкі баласының намысын қорғап, даңқын шығарамын!

Бұзау: Мө-өө, сен жылқы атыңды түлкі атына ауыстырып алғансың ба?

Құлын: Түлкі деп, түлік деп бөлінетін дәнеңе жоқ, бәріміздің түбіміз бір хайуанат! Мен енді түлкі болып тәтті тіршілік кешіп, думанды дәурен сүремін!

Мысық: Түлкі емессің, түліксің!

Қозы: Түлкі емессің, түліксің!

Құлын: Оны өзім де білемін! Бірақ, түліктен гөрі, түлкі боп жүрген артық екенін енді түсіндім!

Мысық: Сен түлкі болсаң, мен ит болып кетейін! Атағыңды түлкі боп шығарамын деп күлкі болма! Жылқы боп шығар атыңды!

Бота: Түлкі емессің, жылқысың!

Лақ: Жыртқыш емес, момынсың!

Бұзау: Қорқау емес, құлынсың!

Құлын: Мейілдерің... Мен бәрібір алған бетімнен қайтпаймын!
(Балақай келіп, құлынды құшақтай алады).

Балақай: Құлыншағым, құлыным! Таста бәрін! Өкпе-реніш мұратқа жеткізбейді. Татуласып, жарасып елге қайтайық! (Төлдерге): Сендер де құлынды кінәләмандар... мақтандың деп. Одан сендердің түктерің кетіп, қылдарың қисая ма?! Қайта, бір достарың өзін керемет санаса, сендер оған іштарлық қылмай, қуаныңдар! Бейшарамын деп, сүмірейіп тұрса, қайтер едіңдер?! Бәріміздің де мақтануға хақымыз бар, әркім өз орнында тамаша, өзінше керемет!!!

Бұзау:

Кереметпін мен дағы,

Кереметсің сен дағы,

Кеуде қағып өзгені,

Кемсітпесең болғаны!

Балақай: Тура айтасың, бұзауқаным! Біреуді кекеп-мұқамай-ақ өздеріңше керемет бола берсендер, дәнеме пәле жоқ!

Құлын: Бірақ, мені қатар жүргенде қадірлемедіңдер...
Бағаламадыңдар!

Мысық: Ой, ой, құлын, ой, құлын, ондайыңды қой, құлын! Әркім өзінше жайылып жүрген жоқ па?! Басқалар бұл дүниеге сені бағалау үшін, сені мадақтау үшін, сенің әуеніңе төңкерілу үшін жаралып па? Сен өзің кімді бағалап қарық қылдың, ә? Сондықтан, бір-бірімізге бұлданбай, өкпелеспей, бекерге кінәласпай, әрқайсысымыз өз орнымызда, өз міндетімізді абыроймен атқарып, көп мақтана бермей, кішіпейіл болсақ, ең кереметі сол шығар, ә мияу, мияу?!

Жанай мен ай

Балақай: Өте дұрыс, данышпан мысық! Бірақ бір-біріннің қадірінді білген де жақсы!

(Балақай құлынды құшақтай бергенде, сып етіп, түлкі келеді. Құлын абдырып қалады).

Түлкі: Немене сонша дүрлігіп бәрің... Жүйріктің жолын кескелі жүрсіндер ме? Жоқ оған тоқтамаймыз... жарқыраймыз жұлдыз болып жалғанда!!!

Мысық: Жап аузыңды, жәдігөй неме! Түп-түқиянымызды ту-талақай ғып, түп атамызды түлкіден таратып, төрт түлікті түлкі ғып жібер деген кім саған?!

Түлкі: Ойбай, тақсыр мыс-еке, мен жамандық ойлайды дейсің бе? Издегенім – ізгілік, жоқтайтыным – жақсылық, аңсағаным – адалдық пен әділдік! Татулық – тіршіліктің тірегі! Мен төрткүл дүниенің тұтастығын, туысқандығын ойлаймын. Быт-шыт болып бөлінбей, тұтас түлкі қауымы болып тәтті өмір сүрген қандай тамаша!

Мысық: Тілің майда, ойың қайда! Сол үшін бәріміз түлкі болмай, түлік болсақ кайтеді, ә?!

Түлкі: Жо-жоқ, мен түлік болғым келмейді! Мен – түлкімін, түлкі болып қала беремін!

Балақай: Ә, сонда немене, түлкі болу жақсы да, түлік болу жаман ба? Сенің туысқандығың мен теңдігіңнің тамыры белгілі болды!

Мысық: Ең дұрысы, хақ тағала қалай жаратса, солай қала берейік те! Қолдан қауым жасайтын сен құдай емессің ғой! Әркім өз орнында, өз қалпында жүріп-ақ, бір-біріне тіл тигізбей, нөқта кигізбей, тең дәрежелі дос болғанға не жетсін!

Балақай: Көрдің бе, құлыншағым?! Арманыңа түлкі боп емес, тұлпар болып жетесің әлі-ақ! Қосыл үйірге, тарт алға!

Түлкі: Тимендер оған! (құлынға) Алданба надандардың сөзіне! Ұмытпа түлкі тәтенді! Тастама алтын ноқтаңды! Алтын ноқта! Айрықша артықшылық белгісі! Бұларда жоқ! Өздерінде жоқ болған соң саған да қимайды! Сен жай құлыншақ емессің! Сен алтын ноқталы ерекше құлыншақсың! (Құлын әрі-сәрі болып, толқып тұр).

Мысық: Азат басыңды қор қылма! Қайыс болсын, шынжыр болсын, алтын-күміс болсын, бәрібір – ноқтаның аты ноқта! Жылтыраққа алданып, жұртыңнан безе көрме!

Түлкі: Олай емес! Жұрттың қолы жетпей жүрген алтын әшекей – әсем байлық өзі келіп басыңа қонып тұрғанда, үркітіп ақымақ болма! Жүр кеттік менімен бірге!

Бота: Босат басыңды алдамшыдан! («Таста!», «Кеттік!» деп, бұлар у-шу болып жатқанда, құлын алтын ноқтаны жарқыратып, желіп-желіп жүреді. Біресе төлдерге, біресе түлкіге жақындап, екі жағын қимай, іштей арпалысып, қиналады. Бәрі де құлынды өзіне тартып, ықылас білдіреді. Сол кезде жан түршіктіре «ар-р!» етіп қасқыр атылып шығады. Бәрінің зәресі ұшып жан-жаққа бытырай қашады. Қасқыр құлынды қуа жөнеледі. Апыр-топыр, сарт-сұрт, жарқ-жүрк. Құлын шыңғыра кісінейді, қасқыр айбаттана ырылдайды. Шапшаң, епті құлынды ұстай алмай, әбден әуре болады. Бір кезде алтын ноқта сүйретілген шылбыры бір түбіртекке ілінеді де қалады. Қасқыр шылбырдан ұстай алып, табандап тартып, жақындай бастайды. Төлдер күйініп, түлкі шаттанады, құлын аспанға шапшып әлек болады).

Қасқыр: Ап-п, бәрекелді, алтын ноқта! Алтын ноқта! Ажал болып оратылдың, талай-талай миы жоққа! Е-е, аңқау құлыншағым, жылтыраққа құмар едің... жылтырайсың қазір... Жалтыратамын мен сені! Жарқыратамын күллі әлемге... жарып салып! Жар сал, кәне жалғанға, мен керемет, көркем құлынмын деп... Мақтан, мақтана ғой... мақтанға әуес едің, мақтаймын мен сені! Жал-жаясы қандай жұмсақ, балдай тәтті, қазы-қартасы тіл үйіреді... тандайыңнан дәмі кетпейді деп мақтаймын мен сені! (Ашынған төлдер,

Жанай мен ай

мысық, балақай қасқырға қорқа-қорқа жақындап, жабыла кетеді, төмпештеген болады. Қасқыр «ар-р!» деп бұлқынғанда бәрі жан-жаққа ұшып кетеді де, қозғалмай жатып қалады. Қасқыр ырылдап, түлкі кутындап, құлынға қарай жақындай береді. Шырқыраған құлынды енді жарады-ау дегенде оқша атылып ит келеді де, қасқырды қағып кеп жібереді. Қанқ етіп домалап кеткен қасқыр қайта ұмтылып, итпен біраз шайқасады. Мысық түлкімен алысып-жұлысып кетеді. Төлдер қиқулап «бас, бас!», «алып соқ!», «алақай, алақай!» деседі. Сол кезде құлын алтын ноктаны басынан сыпырып алып: «Нокталарың да өздеріңе, мақтағандарың да өздеріңе!» – деп, түлкі мен қасқырға қарай лақтырып жібереді. Әлі де болса қарсыласып тұрған түлкі мен қасқырға алтын нокта оратылып қалып, екеуі оны шұбатқан күйі собалаңдап қаша жөнеледі. Төлдер: «Бізге дегендерің өздеріңе! Өздеріңе! Жасасын азаттық! Жасасын нағыз теңдік! Жасасын шынайы достық!!!» деп, қиқулап шығарып салады! Балақай бастап, барлығы қол ұстасып, татулық, туысқандық, теңдік, азаттық рухындағы дала биін билейді).

Соңы. 2002 жыл.

Сырғанақ

Қатысушылар:

Баян ата

Тайбек – немересі

Сайраш – көрші қыз

Доскен – көрші бала

Зәкен – көрші бала

Әйкен – көрші қыз

Қанат – Зәкеннің әкесі

Сара – Әйкеннің шешесі

Бірінші көрініс

Қыстың алғашқы күні. Қала. Зәулім үйдің ауласы. Қалың қар жауған. Дүние аппақ. Асыр салған бір топ баланың даусы төңіректі жаңғыртады.

Тайбек: О-о! Қандай аппақ қар!

Сайраш: Ақша қар!

Доскен: Күміс қар! (Уыстап алып, ауыздарына салып көреді).

Сайраш: Өзі аппақ!

Тайбек: Өзі сұп-суық!

Доскен: Өзі тәп-тәтті!

Сайраш: Қандай керемет қар! (Бәрі қосылып, секіріп әндетеді).

Сайраш:

Ақша қар, ақша қар, ақша қар,

Керемет әдемі, аппақсың,

Тайбек:

Алты рет айналсам әлемді,

Дәл сендей аппақты таппаспын!

Доскен:

Аспанда қалқыған ақша қар,

Үлпілдек, ғажайып тазасың,

Сайраш:

Жел мініп, алысқа жол тартпай,

Неліктен сен жерге жауасың?!

(Бәрі қосылып): Ақша қар, ақша қар, ақша қар!

Баян ата келеді.

Баян ата: О-о, балапандар, балпанақтар, балақайлар, алақайлар! Ақша қар сендерге қыстың сыйы! Оның да өз қызығы бар! Біз бала күнімізде доптаяқ ойнап, сырғанақ тебетінбіз! Ал сендер айпат пен айпоннан шықпайсыңдар! Байқандар, балақайларым-алақайларым, батсап-матсап деп қақсап жүргенде, оқудан ақсап қалмаңдар! Ютуп-мұтып, миларыңды мытып, біржолата жұтып қоймасын! Одан да бір мезгіл далада асыр салып ойнасаңдар, қандарың тарап, бұлшық еттерің шынығады! Шымыр болып өсесіндер! Қыстыгүні аязбен алысып, боранмен жарысып, сырғанақ тепкен қандай керемет!

Тайбек: Алақай! Ата, ата! Бізге сырғанақ істеп берші!

Сайраш, Доскен (жарыса шулап): Сырғанақ! Сырғанақ, Баян ата! Баян ата, сырғанақ!

Баян ата: Охо! Баян ата, Баян ата! Қандай қызық баласыңдар, ә? Сонда мен бейнеттеніп тер төгуім керек екен, ә? Ал сендер сырғанақ теуіп, қызығын көрулерің керек екен, ә!? Бұл дұрыс бола ма, балапандар?!

Сайраш: Сіз де бізбен бірге сырғанақ теуіп ойнаңыз!

Доскен: О-о, Баян ата, қалай күшті болар еді!

Баян ата: Ойхой, мен сырғанақ теппегелі жарты ғасырдан асып кетті! Әбден ұмытып қалыппын!

Сайраш: Ал біз сізге үйретеміз қалай тебуді, Баян ата!

Баян ата: Ой-буй! Сендермен сырғанақ тебемін деп, белім ирелендеп, кәрі сүйегім шашылып, жатсам ғой қарға көміліп... Әжелерің әжуалап:» Бә-йән-н этә, Бә-йән-н этә, сырғанақтан тәй-ғән-н

ата, шәйінді ішіп, жаның бақпай, қарға кірдің қайдән-н, әтә-ә!» – деп, күлмей ме, әбден!

Доскен: Күлмейді!

Сайраш: Күле алмайды!

Тайбек: Өйткені, әжеге де тепкіземіз сырғанақты!

Доскен: Құласандар, екеуің бірге құлайсыңдар!

Сайраш: О-о! Ата мен әжені аппақ қарға аунатамыз!

Баян ата: Мәссаған! Біздің кемпірді сырғанақ тебуге көндіре алсаңдар, жарайды! Мен сендерге сырғанақ жасап берейін! Сендер оны қыс бойы тебіңдер! Бірақ, ол үшін еңбек ету керек! Бәрің бір кісідей жұмылып, маған көмектесіңдер! Қане, сен күзетшіден күрек алып кел! Сен шелек алып кел! Мына жерге қарды үйеміз! Көп болып келісіп істеген жұмыс жемісті болады!

Барлығы қуанып, әндетіп, шуылдап жүгіріп кетеді. Әп-сәтте құрал-саймандарын, ойыншық күректерін сайлап, қызу жұмысқа кіріседі.

Сырғанақ, сырғанақ, сырғанақ,

Зулайтын, зырлайтын сырғанап,

Қар үйіп, су құйып, қатырып,

Сырғанақ жасаймыз бір ғажап!

Баян ата бас болып, әндетіп жүріп, ауланың бір шетінен бастап қарды биіктетіп үйеді. Зәкен мен Әйкен келеді. Қолдарында сырғанақ тебетін пластмасса қалақтары бар. Екеуі ай-шай жоқ үюлі төбеге беттейді.

Тайбек: Әй, тоқта, тоқта! Сендер қайда барасыңдар?

Зәкен: Мен сырғанақ тебемін!

Әйкен: Мен де тебемін!

Жанай мен ай

Баян ата: Тұра тұр, қарағым! Әлі тебуге болмайды! Әуелі қарды үйіп, үлкен төбе жасап алайық!

Екеуі шегініп, кекірейіп қарап тұрады. Баян ата мен балалар үйілген қарды нығыздап, ұзынша жол сала бастайды.

Зәкен (айналсоқтап): Енді тебуге бола ма?

Баян ата: Болмайды! Қарды нығыздап болғасын, су құямыз!

Әйкен: Содан кейін тебуге бола ма?

Баян ата үндемей, үйме қарға шелекпен су құяды.

Зәкен мен Балкен (бір айналып келіп): Енді тебуге бола ма?

Баян ата: Асықпа дедім ғой сендерге! Су түнімен катып, мұз болады. Таңертең сырғанақ дайын болады!

Әйкен: Таңертең? О-о, қалай ұзақ күту керек!

Зәкен: Ал мен қазір тепкім келеді! (Сырғанаққа шығуға ыңғайланады).

Баян ата: Токта, тоқта! Мұз әлі қатқан жоқ, қоймалжың қарды езіп, текке бүлдіресіңдер бәрін!

Әйкен: Фу-у, менің ішім пысты! Сырғанақ тепкім келіп тұр!

Зәкен: Мен немене, сендерді күтіп тұруым керек пе осылай?!

Тайбек: Күтпесең, кете бер! Сені ешкім ұстап тұрған жоқ!

Баян ата: Асықпаңдар, балалар, ешқашан асықпаңдар! «Сабыр түбі – сары алтын» деген аталарымыз! Апыл-ғұпыл жұмыс, оп-оңай жеміс болмайды! Келіңдер, қазір барлығын әдемілеп жасап алсақ, ертең рахаттанып ойнаймыз! (Зәкенге күрек ұсынады): Қане, балам, ана жердің қарын күреп жібер!

Зәкен (кекірейіп): Мен?! Қар күрейді?! Фу! Күреңдер өздерің керек болса!

Әйкен: Біз сендерге қар күрейтін аула сыпырушы емеспіз!

Тайбек: А-а?!

Доскен: Мыналар не деп тұр?!

Сайраш: Немене, сонда, қар күреген біз ақымақпыз ба сендерше?!

Баян ата: Әй, шырақтарым! Бұл сырғанақ өздерің үшін ғой! Ертең қызығын да өздерің көресіңдер!

Зәкен: Иә, көреміз!

Әйкен: Сырғанақ тебеміз!

Зәкен: Бірақ қар күремейміз!

Доскен: Сендер қандай қызық баласындар? Сырғанақ тепкілерің келеді, ә?

Зәкен: Иә!

Әйкен: Тепкенде қандай!

Сайраш: Бірақ, жұмыс істегілерің келмейді, ә?!

Зәкен: Жоқ!

Тайбек: Онда сырғанақ та теппейсіңдер!

Зәкен: Оны көрерміз әлі!

Тайбек: Көрсек көрерміз!

Баян ата: Мейілдерің, шырақтарым! Қар күремесендер, күремендер, бірақ, бөгет болмай, кейін тұрыңдаршы өзі! (Бәрі жұмысты жалғастыра береді. Жұмысты аяқтар-аяқтамастан Зәкен төбеге шықпақшы болады).

Зәкен: Міне, қарандар! Мен бірінші болып тебемін сырғанақты!

Тайбек: (Мұндай әділетсіздікке күйіп кетіп, Зәкенді итеріп жібереді): Жоқ, бірінші болып мен тебемін! Менің атам жасады сырғанақты!

Зәкен: Жоқ, мен біріншімін!

Жанай мен ай

Тайбек: Мә! Саған мүлде тепкізбейміз!

Зәкен: Неге?

Тайбек: Еңбек етпеген кісіге сырғанақ тебуге де болмайды!

Зәкен: Тебемін дегесін тебемін!

Тайбек: Теппейсің!

Зәкен: Өй, кетші былай!

(Екеуі ұстасып, жұлқыса бастайды).

Баян ата (оларды айырып жібереді): Тоқта, тоқтандар! Таласпаңдар босқа! Татулықпен ойнасаңдар, бұл сырғанақ көктемге дейін бәріңе де жетеді!

(Тайбек тіл алып, тоқтайды. Зәкен мен Әйкен бұртиып, аулақтау барып, бой тасалап тұрады).

Баян ата: Ал, балалар, бүгінге осы жетеді! Ертеңге дейін сырғанағымыз сақияп қатып қалады! Содан кейін құмарларың қанғанша сырғанайсыңдар!

(Бәрі шелек, күректерін алып, тарап кетеді. Сол кезде Зәкен мен Әйкен тасадан шығып, ұрлана басып сырғанаққа келеді).

Зәкен: Бәрібір біз бірінші болып тебеміз!

Әйкен (ақырын, ұрлана шаттанып): Алақай, алақай! Біз – біріншіміз!

(Екеуі төбеге шығып, сырғанақ тебе бастайды. Қатпаған қоймалжың қар сырылып, ойдым-ойдым болып, сырғанақ бұзылып қалады. Екеуі сырғанақтың әлі қата қоймаған қоймалжың кесектерін аяқтарымен тепкілеп, шашып-шашып тастап, үйлеріне қарай зытады).

Екінші көрініс

Таңертең сырғанақ теппекші болып жүгіріп келген Тайбек, Доскен, Сайраш үшеуі шашылып жатқан сырғанақтарын көріп, айғай салады.

Сайраш: Ойбай! Анаң қараңдар...

Доскен: Мәссаған! Масқара болды ғой!

Тайбек: Ата! Біздің сырғанағымызды бұзып кетіпті!

(Баян ата келеді. Үндемей, басын шайқап, ойлана қарап тұрады).

Сайраш: Баян ата! Бұл – Зәкен мен Әйкен!

Доскен: Түнде келіп, бұзып тастаған ғой, Баян ата!

Тайбек: Ерегісеп, қасақана істеген! Олардың сазайын беру керек!
(Баян ата үндемей, сырғанаққа қарап, ойланып тұра береді). Ата, ата!
Ата деймін... Неге үндемей тұрсың?!

Баян ата: Үндегенде не істеуім керек?! Байбаламдап, бақыра берген жақсы емес! Не нәрсеге де сабыр керек!

Тайбек: Жарайды, біз сабырлы болайық... Бірақ, сабыр бізге сырғанақ болмайды ғой!

Сайраш: Ал біздің сырғанақ тепкіміз келеді!

Доскен: Сондай күшті тепкіміз келеді!

Баян ата: Онда не істеуіміз керек?

Тайбек, Сайраш, Доскен (шу етіп): Сырғанақты жөндеу керек!

Баян ата: О-о, міне дұрыс айттыңдар! Ал, ендеше ... кеттік!

(Барлығы қосылып, сырғанақты қалпына келтіруге кіріседі).

Сырғанақ, зуылдап сырғанап,

Тебеді қуанып жүз бала,

Қайтпаймыз қиын деп жұмыстан,

Керегі қайрат пен мұз ғана!

(Бәрі жабылып, әндетіп жүріп, қарды қайта үйіп, су құйып тастайды).

Жанай мен ай

Баян ата: Ал, балдар, бүгін аяз екен, сырғанақ казір-ақ қатып қалады! Сендер сәлден кейін тебе беріңдер! Ал, мен үйге барайын! Әжелеріңнің шайы дайын боп қалғанын мұрыныммен сезіп тұрмын! (кетеді).

(Балалар бір-біріне ымдап, бір бұрышта тығылып, андып тұрады. Екінші жақтан ұрлана басып Зәкен мен Әйкен келіп, сырғанаққа жақындай бергенде, Тайбек, Сайраш, Доскен үшеуі алдарынан шыға келеді).

Доскен, Сайраш (жарыса): Әп, бәлем! Ұсталдыңдар ма!

(Зәкен мен Әйкен сасқалақтап, шегініп, үндемей тұрады).

Тайбек (Зәкенге шүйлігіп): Әй, Зәкен, неге бұздың біздің сырғанағымызды?!

Зәкен: Сен бізге тепкізбеймін деп едің ғой... Ал, ендеше, тепкеннің қандай болатынын көр!

Тайбек: Ах, оңбаған!

(Тайбек пен Зәкен төбелесе кетеді. Кинодан көргендерін істеп, алыстан секіріп, бір-біріне тигізбей, тигізе алмай тебіседі. Ұрмақ болады. Доскен мен Сайраш: «Тай-бек! Тай-бек!» – деп, ұрандайды айнала. Сөйтіп жүргенде Тайбектің қолы Зәкеннің бетіне тиеді. Анау өкіріп жылап, үйіне қарай жүгіріп кетеді).

Сайраш: Ура-а! Алақай!

Доскен: Біз жеңдік!

Тайбек: Сырғанақты бұзғанның сыбағасын бердік! (Үшеуі мәз болып, әндетіп, сырғанақ тебе бастайды).

Сырғанақ, сырғанақ, сырғанақ,

Асыр сап, зырлаймыз сырғанап!

Аязда тоңбаймыз, ойнаймыз,

ҚЫЗЫҚ ҚОЙ ҚЫСТАҒЫ БІР ҒАЖАП!

(Әйкен қызығып, сырғанақ тебуге ыңғайланады. Үшеуі оны қағып-соғып: «Әйкөн-Мәйкөн, Әйкөбас-Мәйкөбас!» –деп, мазақтап, итермелеп, сырғанаққа жолатпайды).

Әйкен (ызаланып): Тұра тұрындар, бәлем! Мамама айтам! Кешке жұмыстан келгесін сендерге көрсетеді! (Кетеді).

Сайраш: Айта бер! Өсекші!

Доскен, Тайбек: Өсекші! Өсекші!

Сайраш: Біз де айтамыз!

(Үшеуі әндетіп, рахаттана сырғанақ тебе береді. Біраздан соң Сара келеді).

Сара (айқайлап келеді. Әйкен артында): Өй, өңкей жүгірмек, көгала! Сырғанақтарыңды сирағыммен сырып тастайын ба осы! Сыпырғышпен сыпыра салайын ба, ә! (Екпіндеген бойы, сырғанақты бір тебеді. Қатқан мұз бұзылмайды. Сара ауырған аяғын сипалап, секеңдеп, «ойбайлап» жүреді. Балалар сырғанап түскен жерлерінде қозғалмай отырып қалады). Ах, оңбағандар! Сендердің сырғанақтарыңа дейін сұмырай! Менің Әйкөніме сырғанақ тепкізбей жүрген қайсың қане? Кім оны жылатып қуып жіберген, ә? Айтындар, қане, жандарың барында! Сен бе? Жоқ әлде сен бе? Әлде бәрің жабылып жәбірлеген шығарсындар? Ә-әп, бәлем! Қыр арқаларыңды қармен ысқылап, беттеріңді боранмен үшкірейін бе? Көздеріңе көк мұз қатырып, аяқтарыңды аязбен үсітейін бе осы, ә! (Үшеуі дымдары шықпай жаутандап отырғанда, Әйкен арқаланып, қыр көрсете сырғанақ тебеді). Міне, міне, менің Әйкөнім-Мәйкөнім, Әйкөбасым-Мәйкөбасым қандай әйбәт сырғанады! Тура әлемпия чемпионы сияқты емес пе, ә?!

(Осы кезде Баян ата келіп қалып, Сараның сөзін сабырмен тыңдап тұрады).

Жанай мен ай

Баян ата: Жеңімпаз болу үшін аянбай еңбек етіп, тер төгу керек! Ал, сіздің Әйкөн-Мәйкөнің қолының ұшын қимылдатуға да ерінеді екен!

Сара: Кешіріңіз, сіз не деп тұрсыз осы?!

Баян ата: Қызыңыз Әйкен барып тұрған жалқау деп тұрмын!

Сара: Қалайша біздің Әйкөбасты жалқау дейсіз?.. Аппақ сақалыңызбен өйтіп жала жаппаңыз балаға!

Баян ата: Мен жала жауып тұрғаным жоқ, шындықты айтып тұрмын! Сіздің Әйкөбасыңыз балаларға сырғанақ жасауға мүлде көмектескен жоқ!

Сара: Ә-ә, солай ма... апырмай... Ә, бірақ, біздің Әйкөбас аулада сырғанақ жасауға міндетті емес қой!

Баян: Дұрыс айтасыз! Сіздің Әйкөбасыңыз сырғанақ жасауға міндетті болмаса, сырғанақ тебуге де міндетті емес!

Сара: Немене, сіз сонда біздің Әйкөбасқа сырғанақ тебуге тиым салмақсыз ба? Оған қандай хақыңыз бар? Міне, мына жүгірмектер де жаңа жылатып жіберіпті... сырғанақ тепкізбей. Әй, қайыршылар, әкелеріңе танытайын ба осы!

Баян ата: Балаларға бекерден бекер бақырмаңыз! Сіздің Әйкөбасыңыз оларға көмектеспек түгілі, түнде сырғанақтарын бұзып, қиратып тастапты! Ондай қаскөйліктен кейін қайтіп бірге ойнайды, ә!? Қане, Әйкенжан, анашына айта қойшы, қалай қиратқаныңды!?

Тайбек, Доскен, Сайраш үшеуі Әйкенді айнала жүріп: Әйкөбас – зиянкес! Мәйкөбас – жалқау! – деп әндетеді. Әйкен ұялып, үндей алмай, шешесінің артына тығылып, төмен қарайды.

Сара (оны көріп, жуасып): Әй, Әйкөбас-Мәйкөбас, рас па? Мұның қалай?! Масқара, бетім-ай! Тірідей өлтірдің ғой мені! (Әндете созып): Бай-бай-ай, бай-бай, бай-бай-ай! (Шешесі әндетіп бола бергенде, Әйкен төмен қарап, өксіп-өксіп жібереді. Шешесінің даусына ұқсатып, әндете

жылайды. Даусы бүкіл ауланы кернеп кетеді. Әуелде оның жылағанын қызық көріп, бір-біріне саусағымен көрсетіп, масайрап қалған балалар бірте-бірте оны аяй бастайды. Сара сасқалақтап, ұялып, абдырап қалады).

Баян ата (Әйкенге таяп келіп, арқасынан аялай қағады): Жә, болды, балам, жылама! (Балаларды қолымен үйіре жанына шақырып): Балалар, Әйкен өз қатесін түсінді! (Әйкен жылағанын тоқтатып, ақырын-ақырын өксіп қояды). Ендігәрі ондай жамандық жасамайтын болады! Солай ма, Әйкенжан! (Қыз одан сайын бір өксіп жіберіп, басын изей береді).

Сара: Қызым, айналайын, Әйкөнім-Мәйкөнім, сен үлкендердің айтқанын тыңда! Ендігәрі мұндай ұят істерден аулақ бол! (Әйкен басын изей береді).

Баян ата: Осымен сөз бітті, бәрі кешу болсын! Солай ма, балақайлар!?

Балалар (қосыла шу ете түседі): Иә! Солай!

Баян ата: Ендеше тату-тәтті бірге ойнандар! Бұл сырғанақты біз барлық балалар үшін жасадық қой, сондықтан, біздің сырғанағымыз деп, қызғаныш қылмандар! Солай ма!?

Балалар: Иә! Солай!

Баян ата: Ал, онда сырғанақ тебеміз! (Балалар әндетіп, сырғанақ тебеді).

Сырғанақ, сырғанақ, сырғанақ,

Асыр сап, зырлаймыз сырғанап!

Аязда тоңбаймыз, ойнаймыз,

Қызық қой қыстағы бір ғажап!

Сырғанап, шаттанып ойнайық,

Ойнайық, қызыққа тоймайық,

Ұрыспай, керіспей, таласпай,

Татулық, достықты ойлайық!

(Борандатып, ысқырып Қанат келеді. Қаһарлы. Зәкен қасында).

Қанат (екпіндеп келген бойда үш балаға тарпа бас салады): Ой, иттің ғана балалары! Сендер ме біздің Зәкенді жабылып ұрып жүрген?!

(Балалар сақтанып, тұра қашады. Қаһарланған Қанат оларды сырғанақты айналдыра қуады. Сайраш бірден Баян атаның жанына келіп паналайды).

Әйкен: Ой, мама, менің айран ішкім келеді!

Сара: Жүре ғой, іше ғой, әйрәніңді! (Қызын жетелеп, зытады).

(Қанат Доскенді ұстай алмай, ауа қармап, далбандап жүргенде, Тайбек аяғынан шалып қалады. Қанат бір-екі домалап кетеді. Орнынан айкайлай тұрып, Тайбекті тұра қуады. Ол айнала қашып, енді ұстай бергенде, бұлт етіп бір бүйірінен шығып кетіп, ит әлек қылады. Зәкен алыстан айбат шегіп, қолдарын сермеп, балаларды тепкен болып, аяғын ауаға көтеріп-көтеріп қояды. Балалар әбден құтырынған Қанаттан қашып келіп, бағанадан бері сабырмен бақылап, аңысын аңдап тұрған Баян атаның сыртына тығылады. Қолын көтеріп келе жатқан Қанаттың алдынан Баян ата таяғын көтеріп, тосып алады. Қанат атамен ұстаса кете жаздап барып, кезеулі таяғына кеудесімен тіреліп, амалсыз алқына тоқтайды).

Қанат (ашуын зорға тежеп, қатқыл үнмен Баян атаға): Көрші, сіз қойыңыз мұндайыңызды!

Баян ата: Иә, қандайымызды?!

Қанат: Балаларға ара түскеніңізді!

Баян ата: Ара түспегенде, саған ұрғызып қойып, қарап тұрайын ба?

Қанат: Онда менің жұмысым жоқ! Жолымнан былай тұрыңыз!

Баян ата: Өй-дөйт дегенің! Бәлкім, мә, көрші, міне жолың, балаларды сабай ғой деп, иіліп тұруымыз керек шығар, ә?!

Қанат: Жолыма көлденең тұратын болсаңыз, тапап кетемін! Мінезім солай!

Баян ата: Ондай мінезіңді езіп басыңа жақ! Сенде мінез болғанда, жұртта мінез жоқ па екен?! Саған таптатып қояды деп тұрмысың!? Өркімге ұрынғандардың жынын қағып алу – ата кәсібім! Менің де мінезім солай!

Қанат: Әй, шал, сен сыйлағанды біл де, жақсылықпен былай тұр! Әйтпесе...

Баян ата: Не, әйтпесе?! Әй, көргенсіз неме... осыдан тырп етіп көрші кәне!

(Таяғын сермеп-сермеп, айбарланып, Қанатты ықтырып тастайды. Осы кезде Зәкен бетпақтанған күйде сырғанаққа шыға бастайды. Оны көріп күйіп кеткен балалар жүгіріп барып Зәкенді қоршап алады. Баян ата мен Қанат та соларға қарай жақындайды).

Тайбек: Түс, қане!

Зәкен: Түспеймін, ал, неғыласың?!

Доскен: Кет, былай! (Тайбек екеуі қарсыласып, тыртысқанына қарамай, Зәкенді сырғанақтан аулағыраққа итермелеп тастайды).

Тайбек: Осының бәрі сенің кесірің!

Доскен: Барлық пәлені бастаған сенсің!

Зәкен: Мен не істедім сонша сендерге!?

Сайраш: Рұқсатсыз тебуге болмайды сырғанақты!

Қанат: Әй, есалаңдар, өшіріңдер үндеріңді! Менің балам ешкімнен сұрамайды!

Тайбек: Нені сұрамайды?

Жанай мен ай

Қанат: Сырғанақты қашан, қалай тебуді сұрамайды біздің Зәкен! Қай кезде тепкісі келеді, сол кезде тебеді! Маған тартқан, мінезі солай!

Доскен: Ол қатпаған сырғанақты теуіп, ойып-ойып тастады ғой!

Сайраш: Ол аздай былай, былай, міне, былай тепкілеп, быт-шытын шығарды! Біз оны қанша әуре болып, қайтадан жасадық! Өй, ұятсыз!

Тайбек: Сондықтан сіздің Зәкеннің біздің сырғанақты тебуге хақысы жоқ!

Доскен: Тепкізбейміз!

Сайраш: Онымен бірге ойнамақ түгілі, көргіміз келмейді!

Қанат: Көргілерің келмесе, көшіп кетіңдер! Біздің де сендерді көргіміз кеп тұрғаны шамалы!

Сайраш: Ол неге қиратады біздің сырғанағымызды?!

Қанат: Енді... қиратқысы келсе, қиратады! Ешкімнен сұрамайды менің балам! Мінезі солай! Немене, әр басқан қадамына сендерден рұқсат сұрап тұруы керек пе?!

Баян ата: Онда біз оны бұл сырғанақтың маңынан да жүргізбейміз! Біздің де мінезіміз солай!

Қанат: Ақсақал, сіз неге аппақ шашыңызбен балаларды алалайсыз, ә?

Баян ата: Қалайша?!

Қанат: Солайша! Балаларды жақсы, жаман, жалқау, зиянкес деп бөліп, араздастырып жүрген сіз ғой!

Баян ата: Әй, сен не деп тұрсың? Денің сау ма өзі? Мен бар болғаны – балаларды еңбекке үйреттім ғой!

Қанат: Үйретсеңіз, бәріне үйретіңіз! Ал сіз балаларды ынтымақ, татулыққа шақырудың орнына, «сен жалқаусын» деп шетке итересіз! Саған сырғанақ тебуге болмайды, алай теп, былай теп ... олай ойнама,

былай ойнама деп мән үйретесіз! Сен теп, сен теппе деп неге тиым саласыз, ә? Немене, сіз бұл сырғанақты сатып алып па едіңіз! Әлде сырғанақты да... жұтып қойдыңыз ба... жекешелендіріп?! Бір-екі шелек су құйдым екен деп, қожайын бола қалдыңыз ба? Бала қашан, қалай ойнағысы келсе, солай ойнайды... Сізден сұрамайды... Бала түгілі, үлкендерді де түзей алмайсыз... Қазір ешкім де сөз тындамайды, тыңдаса да ұқпайды, үлкеннің тілін алмайды! Сондықтан, басты ауыртпай, жайыңызға жүріңіз!

Баян ата: А-а, солай тарттың ба?! Ендеше, мен былай тартамын! Біріншіден, бұл сырғанақты біз өз қолымызбен жасадық! Барлық балалар тепсін, ойнасын, қуансын деп жасадық! Ал, сен, Зәкен шырағым... бері келші өзің... (Зәкенді қолынан тартып, әлсіз қарсылығына қарамай ортаға шығарып алады). Көпшіліктің ақ тер, көк тер боп жұмыла жұмыс істеп жатқанын көріп тұрып, көмектескен де жоқсың!

Зәкен: Мен біреуге көмектесуге міндетті емеспін!

Қанат: Ол сендердің жалдамалы қызметшілерің емес қой!

Баян ата: Мейлің, шырағым! Құдай сенің көмегіңе қаратпасын! Біз үшін емес, өзің үшін көппен бірге еңбек етуің керек еді! Жарайды, көмектеспесең де тебе бер сырғанақты! Бірақ, біз саған айттық қой, сырғанақ қатқанша теппе, бұзылып қалады деп! Ал, сен тіл алмадың!

Зәкен: Тепкім келді, тептім!

Баян ата: Ол аздай, тепкілеп, қиратып кетіпсің! Әй, бұл сырғанақ сендер үшін ғой! Неге зиян жасайсың, ә?! Ұят емес пе?! Не нәрсені де қирату оңай! Ол ұят, обал! Оны жөндеу қиын! Ал жаңадан бір нәрсе жасау тіпті қиын! Бірақ, ол – еңбек, үлкен абырой! Ол – сауапты іс! Ұқтың ба, Зәкен шырағым?!

Зәкен: Жіберші қолымды! (Ызаланып, жүгіре басып кетіп қалады).

Қанат: Ақсақал, мұндай ақылсымағыңызды кемпіріңізге айтарсыз! Ал бізге алжығанбай-мылжығанбай қажет емес! Өз ақылымыз өзімізге

Жанай мен ай

жетеді! Не істеу керек екенін де сізден сұрамаймыз! (Кете береді).
Көрерміз әлі, кімнің сырғанақ теуіп, кімнің шырғанақ тергенін!

(Баян ата мен балалар бір сәт үнсіз ойланып қалады).

Баян ата: Астапыралла! Бұл не деген сазбет сабаздар, әй, ә?!

Тайбек: Бұларды сырғанақтың маңынан да жүргізбеу керек!

Сайраш: Өздері жасап алсын керек болса!

Доскен: Дегенмен, сақ болу керек! Тағы да бұзып тастамасын!

Тайбек: Бұзып көрсін! Мен атамның таяғымен басын жарамын! Ата, маған таяғыңды бересің ғой, иә!?

Баян ата: Жә, жә, сабыр, сабыр, балақайлар! Біреудің басын жаруға болмайды ешқашанда! Ақылды болыңдар! Егер де Зәкен орталарыңа қайтып келсе, татуласып, жарасып ойнаңдар! Жарай ма! (Балалар «Иә!» деп шу ете түседі). Ал, онда, жүріндер, біздің үйге барайық! Әжеңнің кою күрең шайының иісі мұрнымды жарып барады! Сандықтың түбіне тығып қойған тәтті-пәттілері де шығып қалар сендерге! (Барлығы кетеді).

Үшінші көрініс

Түн. Ай сәулесі айналаға төгіліп тұр. Аппақ сырғанақ жалтырап, ерекше әдемі көрінеді. Сырғанаққа бұлдырандап біреу келеді. Әйкен! Әндетіп, рахаттанып сырғанақ тебе бастайды.

Әйкен:

Ай мен Әйкен!

Әйкен мен Ай!

Әйкен-ай, Әйкен-ай,

Әйбәт қандай, әдемі-ай! (Сықылықтап күледі).

Әйкөбас-Мәйкөбас,

Етігің сенің қайқыбас,

Табан бүрі төрт елі,

Тайғанақта тайқымас! (Тайып кетіп, сырғанап, төменге құлап түседі. Мәз болып, сақылдап күледі).

Аймен ойнап Әйкөн-ай,

Тайып кетіп байқамай,

Құлап түсті қарға аунап,

Әй, Әйкөн-ай, Мәйкөн-ай!

(Ол әндетіп отырғанда, бір қорқынышты қаракөленке ту сыртынан ақырын төніп келіп, теңселіп тұрады. Әйкен әнін аяқтай бергенде, желкесінен бас салады).

Зәкен: Ар-рр! (Әйкен шошып кетіп, «ойбайлап» шоршып түседі).

Зәкен (қорқытпақ болып, қырылдап): Ә-ә, ұсталдың ба, әп, бәлем! Айпон-Майпон, Айкубас-Майкубас!

Әйкен: Түү-у, Зәкен, сен екенсің ғой!

Зәкен: Мен қазір сенің сазайыңды тартқызамын!

Әйкен: Иә, не үшін тартқызасы-ы-ың менің-ң сазайымды-ы-ығы?!

Зәкен:

Сен мені сатып кеттің! (Айнала жүріп, мазақтап):

Айран ішкен, май жалап,

Әйкөн әйбәт, айғабақ,

Досын сатып кететін,

Табаны бірақ тайғанақ!

Жанай мен ай

Мысықтай тиген майлы етке,

Қарайсың маған қай бетпен,

Саттың қанша тиынға,

Зәкенді Доскен, Тайбекке!?

Әйкен (ыза болып, жыламсырап): Мазақтама бұлай! Мамама айтам!
Мен ешкімді сатқам жоқ!

Зәкен: Сатқан жоқсың ба!?

Әйкен: Сатқам жоқ!

Зәкен: Шынымен сатқан жоқсың ба?!

Әйкен (секіре билеп): Сатқам жоқ, сатқам жоқ, сатқам жоқ!

Зәкен: Сатпасаң, жарайсың! Онда бері кел! Жақсылап тыңдап ал мені! Бұлардың сырғанағы жаман! Қарды үйе салған! Суды құя салған! Қайтесің оны! Біз үлкен мұз айдынына барып сырғанаймыз! Ал бұлардың сырғанағы құрып кетсін! Мен құртамын оны қазір! Ха-ха-ха! (Қойнына тығып келген бір буда петарданы алып шығып, Әйкенге көрсетеді). Міне!

Әйкен: Бұл не?

Зәкен: Жарылғыш зат!

Әйкен: О-о, алақай! Салют атамыз ба қазір!?

Зәкен: Т-с-сс! Ақырын! Жұрт естіп қоймасын! Папам маған кө-өп петарда әперді. Фейерверк атамыз деді. Ал мен біразын ұрлап алып шықтым! Бұл – бомбы! Ерегіскенде, мыналардың жаман сырғанақтарын жарып жіберемін!

Әйкен: Жарғаны қалай?

Зәкен: Кәдімгідей... бұрқ еткізіп жарамын да жіберемін!

Әйкен: Қой, ойбай...

Зәкен: Қоймаймын! Қорықсаң, бар кете бер!

Әйкен: Жоқ, қорықпаймын! Бірақ, үйге барып, айран ішкім келіп кетті!

Зәкен: Айранды көресің қазір! Осыдан кетіп көр, арқана бомбы салып жіберемін! (Әйкеннің жағасын көтеріп, өтірік қорқытып қояды). Бұрқ еткізсем, ішек-қарның айраныңмен бірге бырқырап кетеді!

Әйкен (Зәресі кетіп, азар да безер болады): Жоқ, ойбай, ойнап айтамын! Ешқайда кетпеймін! Тұрамын қасыңда!

Зәкен: Онда мә, мынаны ұстай тұр!

(Буданы Әйкенге ұстата салады. Ол қорыққанынан дір-дір етіп, қол-аяғы селкілдеп, дымы шықпай, әрең тұрады. Зәкен кинодағы сияқты, диверсанттар құсап, дайындап келген шолақ күрегімен сырғанақтың бір бүйірін оя бастайды. Мұз болып қатып қалған қалың қарды әрең-әрең ояды).

Зәкен: Қарай көр тастай қаттысын! Баян ата шынымен қатырып-ақ жасаған екен! Бірақ, қалай қатырсаң да, бомбыға ештеңе де шыдай алмайды!

(Ойып, үңгіп көреді. Тігінен қоюға петардалары сыймайды. Көлденең қоя салады. От береді. Екеуі сәл шегініп, тамашалап қарап тұрады. Быжылдап жанған петарда бір кезде гүрс етіп атылады. Бірақ, көкке қарай емес, көлденең атылады. От жарқ етіп, түтін басады. Екеуі ойбайлап, екі жаққа ұшып түседі. Сырғанақ қозғалмай, сол қалпында қала береді. Қатты жарылыс пен бұлардың ойбайына Баян ата мен Сара екі жақтан жанұшырып, қиқулап: «Не боп қалды?», «Не болды, ойбай!?» – десіп, жүгіріп келеді. Зәкен бір жақта домалап жатыр. Әйкен секіріп, өкіріп жүр. Күкірттің, түтіннің, күйген құйқаның иісі шығады).

Әйкен: Құйқам күйіп қалды! Құйқам күйіп қалды!

Сара: Ойбуй, Айкубасым-Майкубасым, құйқабасың үйтіліп қалды ма, қайтейін енді!? (Құшақтап, құйқасын қарап): Құдай сақтаған!

Жанай мен ай

Құйқасын тесіп, сүйегінен өтіп, миын ойып кетпеген қайта! (Әйкен одан сайын өксиді). Әй, бұларды ма, бұларды... Сотқа беру керек шетінен!

Баян ата: Кімді бермексің сотқа?!

Сара (саскалақтап): Сізді... Жоқ, ойбай, не деп кеттім мен өзі? Осындай жарылғыштарды шығарғандар мен сатқандарды жауапқа тартса деймін!?

Баян ата: Алған да өздерің, жарған да өздерің ... Айтшы қане, кім кінәлі?!

Сара: Е-е, қайдам? Зәрем кетті әйтеуір! Әйкөнжан, айран ішкің келмей ме?!

Әйкен: Жоқ!

(Осы кезде жанұшырып Қанат жетеді. Ол Зәкенге жүгіріп барып, басын көтереді. Тайбек, Доскен, Сайраш та келеді жүгіріп. Барлығы Зәкеннің жанына келеді. Зәкен басын көтеріп, әкесінің сүйемелдеуімен орнынан сүйретіліп әрең тұрады. Оның бет-аузы күйіп қалыпты).

Баян ата: Құдай сақтаған екен, әйтеуір! Көзі де, өзі де аман!

Қанат: Зәкен, Зәкен, Зәкенжан, балам! Кім сені бетіңді бұлай күйдірген!? Айтшы маған! Көрсетейін мен оларға! Әкесіне танытайын!

Зәкен: Ой, папа, бақыра бермеші бетімен! Ешкім де емес, мен өзім!

Қанат: Не дейді, әй, мынау... не деп тұр!

Тайбек: Өзім деп тұр ғой!

Сайраш: Иә, иә, өзімді атқан өзім дейді...

Доскен: Басқа ешкім де емес дейді!

Қанат: Тәйт! Не деп тұрсыңдар? Менің балам қалайша өзін-өзі атып, бет-аузын күйдіріп тастайды!? (Зәкенге): Біреулер қастық қылған шығар, сен жасырып тұрған шығарсың, Зәкен, ә?! Қорықпай айтшы

қане, кім сені мұндай халге жеткізген?! Мен оның терісін ірмей сыпырып алып, тірідей үйтіп тастайын қазір! (Жағалай балаларды нұсқайды). Тайрандаған Тайбек пе!? Сайрандаған Сайраш па!? Бәлкім, далбандаған Доскен шығар!?

Зәкен: Сен, папа!

Қанат: Мен?! Қалайша мен?! Мен тіпті бұл жерде болған жоқпын ғой!

Зәкен: Сен болмасаң да сенің сатып әперген жарылғыштарың болды!

Қанат: А-а, солай ма? Мен оны саған өзін өзі жарып жіберсін, жағып жіберсін деп әпергем жоқ! Аспанға от шашып, тамашаласын деп әпердім ғой!

Баян ата: Жә, көрші, байбайлама бетімен! Бәрі де түсінікті! Осы бір түкке пайдасы жоқ, айналаны күйдіріп, ауаны бүлдіріп, улайтын сасық дәріні қып-қызыл ақшаға сатып алып, құр босқа аспанға атқылағанда қай ұшпаққа шығып, қай биікке жетем деп жүрсіндер!? Ойланатын уақыттарың болды ғой! (Зәкенге) Әй, балам, бұдан былай есінде болсын, ешқашан біреуге жамандық жасама, айналып келіп өзінді табады! Ұят емес пе осыларың!?

(Зәкен үндей алмай төмен қарайды. Қанаттың да басы салбырап кетеді. Балалар теріс айналып, аулақтау барып тұрады. Сара мен Әйкен екі топтың арасында не істерін білмей абдырап қалады).

Баян ата: Жә, балақайлар, алақайлар! Балапандар, балпанақтар! Кекшіл, кінәмшіл болсандар, ел болмайсыңдар! Кешірімшіл, кең болсандар, кем болмайсыңдар! Келіндер, қане, егестің бәрін тастайық! Тату-тәтті көрші-қолаң, бір бауырдай болайық! Келіндер қане, сырғанайық, ойнайық!

(Баян ата ортаға шақырып, бәрін татуластырады. Балалар асыр салып, әндетіп, тату-тәтті сырғанақ тебеді).

Жанай мен ай

Сырғанақ, сырғанақ, сырғанақ,
Асыр сап, зырлаймыз сырғанап!
Аязда тоңбаймыз, ойнаймыз,
Қызық қой қыстағы бір ғажап!
Сырғанап, шаттанып ойнайық,
Ойнайық, қызыққа тоймайық,
Ұрыспай, керіспей, таласпай,
Татулық, достықты ойлайық!

Соңы.

10.12.2014 ж. – 6.04.2015 ж.